

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.03.20. N 225 (2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесі бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 5 а қ п а н д а ғ ы

N 1 1 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесі

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "ресми трансферттер", "ресми трансферттері", "ресми трансферттерді", "ресми трансферттердің", "ресми трансферттерге" деген сөздер "трансферттер", "трансферттері", "трансферттерді", "трансферттердің", "трансферттерге" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесі (бұдан әрі - Ереже) республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу тәртібін анықтайды.

2. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу тәртібі - олардың құзыретінде олар жүзеге асыратын және қолданыстағы заңнама актілеріне сәйкес бекітілген республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуына бағытталған мемлекеттік мекемелердің іс-әрекеті.

2-бөлім. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларын әзірлеу және оларды өзгерту, сайлауларды мемлекеттік қаржыландыру

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.09.15. N 921 қаулысымен.

1-тарау. Жылдық қаржыландыру жоспарын әзірлеу тәртібі

3. Жылдық қаржыландыру жоспары тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға және жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттардың шешімдеріне, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімін іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органның қаулысына сәйкес әзірленеді және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімін іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органның қаулысы қабылданғаннан кейін бес күнтізбелік күн ішінде бекітіледі.

4. Жылдық қаржыландыру жоспары бюджет комиссиясы мақұлдаған және бюджетті бекіту (нақтылау, түзету) кезінде қабылданған шешімдерді ескере отырып, жетілдірілген бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері құрамында ұсынылатын бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша шығыстардың есебі негізінде жасалады.

5. Тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламаларды жылдық қаржыландыру жоспарын бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдар бекітеді және оны бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға береді, сондай-ақ оны бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне алдағы жоспарланған жылдың жиырма бесінші желтоқсанынан кешіктірмей жібереді.

6. Бюджетті атқару процесінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалардың паспорттары тиісінше өзгерген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен немесе жергілікті атқарушы органның шешімімен бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бөлінген кезінде, сондай-ақ экономикалық сипаттамасы бойынша бюджеттің шығыстарын түзетуді талап ететін басқа да құқыққа сәйкес факторлар пайда болған кезде осы Ережемен белгіленген тәртіппен тиісті өзгерістер енгізу арқылы бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландырудың жылдық көлеміне, түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізе алады.

7. Бюджетті нақтылаған, түзеткен жағдайда, жылдық қаржыландыру

жоспарына өзгерістерді бюджетті жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді және оны бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға береді, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне паспорттардың тиісті өзгерістерін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде жібереді.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жылдық қаржыландыру жоспарлары ерекшеліктерінің мемлекеттік мекемелер өткізетін бюджеттік бағдарламалардың паспорттарындағы іс-шараларда көрсетілген операциялардың түрлеріне сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

2-тарау. Түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасау тәртібі

8. Бюджетті атқару үшін мынадай жоспарлардың түрлері жасалады: мемлекеттік мекемелерді дербес қаржыландыру жоспарлары (бұдан әрі - дербес қаржыландыру жоспарлары);

міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарлары (бұдан әрі - бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландыру жоспарлары);

түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша ж и ы н т ы қ ж о с п а р .

9. Дербес қаржыландыру жоспарлары, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландыру жоспарлары, түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша жиынтық жоспар тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға және жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттардың шешімдеріне, тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың қаулыларына, бюджеттік бағдарламалардың бекітілген паспорттарына, жылдық қаржыландыру жоспарына, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінішіне, Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына (бұдан әрі - ҚР ББС) сәйкес және осы Ережемен белгіленген тәртіппен әзірленеді.

10. Дербес қаржыландыру жоспарлары Ережеге 1-15-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша бөлшек қалдықтары бар, үтірін кейін бір белгісі бар санмен мың теңгемен қалыптастырылады, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландыру жоспарлары, түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша жиынтық жоспар осы бөлшек қалдығынсыз бүтін санмен мың теңгемен қалыптастырылады.

11. Дербес қаржыландыру жоспары мынадай: міндеттемелер бойынша мемлекеттік мекемені дербес қаржыландыру жоспары (бұдан әрі - міндеттемелер

бойынша дербес жоспар) және төлемдер бойынша мемлекеттік мекемені дербес қаржыландыру жоспары (бұдан әрі - төлемдер бойынша дербес қаржыландыру жоспары) нысанында қалыптасатын бюджетті атқару жөніндегі мемлекеттік мекеменің негізгі құжаты болып табылады.

12. Міндеттемелер бойынша дербес жоспар қаражаттардың көлемін анықтайды, оның шегінде мемлекеттік мекеме бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген іс-шараларды іске асыру үшін міндеттемелер қабылдауға құқылы.

Міндеттемелер бойынша дербес жоспардың жылдық сомасын ай бойынша бөлу паспортта көзделген әрбір бюджеттік бағдарлама және кіші бағдарлама бойынша тиісті қаржы жылы ішінде іс-шараларды іске асыру мерзіміне сәйкес міндеттемелерді қабылдау мерзіміне сәйкес келуі қажет.

13. Төлемдер бойынша дербес қаржыландыру жоспары қаражаттардың көлемін анықтайды, оның шегінде мемлекеттік мекеме қабылданған міндеттемелер бойынша төлемдер жүргізуге құқылы.

Төлемдер бойынша дербес жоспардың жылдық сомасын ай бойынша бөлу паспортта көзделген әрбір бюджеттік бағдарлама және кіші бағдарлама бойынша тиісті қаржы жылы ішінде іс-шараларды іске асыру мерзіміне сәйкес алынатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша төлемдерді жүзеге асыру мерзіміне сәйкес келуі қажет.

14. Міндеттемелер мен төлемдер бойынша дербес қаржыландыру жоспарларының жобаларын мыналардың негізінде мемлекеттік мекемелер әзірлейді:

бюджет комиссиясы мақұлдаған және бюджетті бекіту (нақтылау, түзету) кезінде қабылданған шешімдерді ескере отырып, жетілдірілген бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің бюджеттік өтінімінде ұсынылатын бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың есептері (бұдан әрі - бюджеттік өтінім);

бюджеттік бағдарламалардың кіші бағдарламалары бойынша іс-шаралар және оларды іске асыру мерзімі сияқты паспорттардың көрсеткіштері;

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына (бұдан әрі - Мемлекеттік сатып алу туралы заң) сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарды өткізу мерзімі және тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушімен немесе бюджеттік бағдарламаларды алушымен шарттар жасасу, бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарлама) іске асырудағы жұмыстарды өткізудің маусымдылығының есебі және өткен қаржы жылдарына бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларын орындау мерзімі;

бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша нормативтік

қ ұ қ ы қ т ы қ

а к т і л е р ;

басқа да нормативтік құқықтық актілер;

ҚР ББС (шығыстардың функционалдық, ведомстволық және экономикалық сипаттамаларын ескере отырып);

тиісті қаржы жылында бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің анықтамалығы;

шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшелігінің құрылымы.

15. Дербес қаржыландыру жоспарларының жобаларына, оларға есептерге және жоспарларды айға бөлу негіздемесіне бірінші басшысы немесе уәкілеттік берілген тұлға және олардың жасалуына жауапты мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қояды, ал тиісті бұйрықтармен олардың міндеттері жүктелген соңғы тұлға болмаған кезде оның мөртабанымен расталады және оны мемлекеттік мекеме оларға белгіленген мерзімде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне береді.

16. Дербес қаржыландыру жоспарларының жобаларын мемлекеттік мекемелер оларға белгіленген мерзімде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне ұ с ы н а д ы .

Мемлекеттік мекеме дербес қаржыландыру жоспарлары жобаларының жасалу дұрыстығы мен олардың тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне уақтылы берілуін қамтамасыз етеді.

17. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландыру жоспарлары дербес қаржыландыру жоспарларын жинақтау арқылы қалыптастырылады.

Бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшісін қаржыландыру жоспарларының жылдық сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері - жылдық қаржыландыру жоспары және бюджеттік өтінім бөлінісінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органның қаулысымен немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімімен (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органның қаулысы) бекітілген сомаға сәйкес келуі тиіс.

Бюджеттік бағдарламаларды әкімшілерін қаржыландыру жоспарлары мынадай талаптарды ескере отырып жасалады:

1) бекітілген паспорттың бюджеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес келу;

2) міндеттемелердің уақытылы қабылдануы мен орындалуын қамтамасыз ету;

3) кредиторлық және дебиторлық берешектердің пайда болуына жол бермеу;

4) бюджетке түсетін түсімдердің күтілген көлемін ескере отырып, ай

бойынша бюджеттің теңгерімділігін сақтау.

Экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бөлінісінде бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша жылдық соманы ай бойынша бөлу кезінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнамамен белгіленген конкурстық рәсімдерді өткізудің мерзімі, бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыруда жұмыстар жүргізудің маусымдылығы, сондай-ақ міндеттемелер қабылдаған мемлекеттік мекемелердің болжамдалған ақы төлеу мерзімі ескеріледі.

18. Төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландыру жоспарларының жобалары түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын қалыптастыру үшін пайдаланылады, міндеттемелер бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландыру жоспарларының жобалары міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын қалыптастыру үшін пайдаланылады.

19. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жылдық қаржыландыру жоспарын бекіткеннен кейін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға жылдық қаржыландыру жоспарына сәйкес келетін тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларының жобаларын, оларға есептерді және жоспарларды айға бөлу негіздемесін, сондай-ақ дербес қаржыландыру жоспарларының жобаларын береді.

Дамуға мақсатты ағымдағы трансферттер және мақсатты трансферттер бойынша, сондай-ақ бюджеттік кредиттер бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландыру жоспарларының жобаларын бюджеттік бағдарлама бойынша тұтастай болатындай төмен тұрған бюджеттер бөлінісінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға береді.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландыру жоспарларының жобалары бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген форматта қағаз түрінде және магниттік тасығыштармен, дербес қаржыландыру жоспарларының жобалары - тек магниттік тасығыштармен беріледі.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландыру жоспарлары жобаларының растығын, ресімделу дұрыстығын және бюджеттерді атқару жөніндегі уәкілетті органдарға уақтылы берілуін қамтамасыз етеді.

20. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган түсімдер жоспарларының жобаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі және жергілікті атқарушы орган қаулы қабылдағаннан кейін сегіз жұмыс күні ішінде жасайды.

21. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерін атқару жөніндегі уәкілетті органдар 25 желтоқсаннан кешіктірмейтін мерзімде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға алдын ала айға бөлінген (ерекшеліктер деңгейіне дейін) түсімдердің жиынтық жоспарының жобасын ұ с ы н а д ы .

22. Бюджетке түсетін түсімдер жоспарлары Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органның қаулысымен бекітілген түсімдердің санаттары, сыныптары, ішкі сыныптары және ерекшеліктері бойынша түсімдердің сомасына сәйкес келуі қажет және кірістердің түсімі, бюджеттік кредиттерді өтеу, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан және қарыздар жоспарларынан тұрады.

23. Республикалық бюджеттің кірістері түсімдерінің жоспарлары тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды және оларға есептерді іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде 9-11-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар беретін кірістердің түсімдері жоспарларының жобаларын ескере отырып, республикалық бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қалыптастырады.

24. Кірістердің түсімдерін, бюджеттік кредиттерді өтеуді, қаржылық активтерді сатудан түскен түсімдерді және қарыздарды айға бөлуді Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес бюджетке төленетін төлемдерді төлеудің белгіленген мерзімдерін, өткен жылдарға бюджетке түсетін түсімдердің серпінін, мемлекеттік бағалы қағаздардың кірістілік серпінін және бағалы қағаздар рыногиндегі сұраныстар мен ұсыныстар деңгейін талдауды, жасалған кредиттік шарттар, қарыз шарттары, гранттар туралы келісімдер талаптарын ескере отырып, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

Жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке берілген бюджеттік кредиттер бойынша, жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке берілген бюджеттік кредиттерді өтеу бойынша сыйақылар (мүдделер) жөніндегі жоспарлардың жобаларын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жасайды және аталған түсімдердің коды бойынша тұтастай және де төмен тұрған бюджеттер бөлінісінде ұсынылады.

25. Бюджетке түсетін түсімдердің жиынтық жоспары 13-15-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексінің (бұдан әрі - Бюджет кодексі) тиісті 12-бабындағы құрылым бойынша жасалады және ол бекітіледі:

Бюджетке түсетін түсімдердің жиынтық жоспарының (бұдан әрі - түсімдердің жиынтық жоспары) мынадай құрылымы болады:

- түсімдер, жиыны
- оның ішінде:
- 1) кірістер:
- салық түсімдері;
- салықтан тыс түсімдер;
- негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер;
- трансферттердің түсімдері;
- 2) бюджеттік кредиттерді өтеу;
- 3) мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдер;
- 4) қарыздар бойынша негізгі борыштың түсімі.

Міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландырудың жиынтық жоспарларының (бұдан әрі - қаржыландырудың жиынтық жоспарлары) мынадай құрылымы болады:

- шығыстар, жиыны
- оның ішінде:
- 5) шығындар;
- 6) бюджеттік кредиттер;
- 7) қаржылық активтерді сатып алу;
- 8) қарыздарды өтеу.

26. Түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарының, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының Бюджет кодексінің 13-бабына сәйкес мынадай құрылымы болады:

- 1) кірістер:
- салық түсімдері;
- салықтан тыс түсімдер;
- негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер;
- трансферттердің түсімдері;
- 2) шығындар;
- 3) операциялық сальдо;
- 4) таза бюджеттік кредит беру:
- бюджеттік кредиттер;
- бюджеттік кредиттерді өтеу;
- 5) қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдо;
- қаржылық активтерді сатып алу;
- мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдер;
- 6) бюджеттің тапшылығы (профициті);
- 7) бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану);
- қарыздардың түсімі;
- қарыздарды өтеу;

бюджет қаражаттары қалдықтарының қозғалысы.

27. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жылдық қаржыландыру жоспары бекітілгеннен кейін екі апта ішінде жасайды және оны бекітеді.

28. Түсімдердің жиынтық жоспары түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына енгізу үшін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қабылдаған кірістер бойынша түсімдер, бюджеттік кредиттерді өтеу, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдер, қарыздар жоспарлары жобаларын жиынтықтау арқылы қалыптастырылады.

29. Қаржыландырудың жиынтық жоспарлары мынадай шарттарды ескере отырып қалыптасады :

қаржыландырудың жиынтық жоспарлары түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына енгізу үшін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қабылданған бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландыру жоспарлары жобаларын жиынтықтау арқылы қалыптастырылады;

қаржыландырудың жиынтық жоспарларының бюджеттік бағдарламаларының және кіші бағдарламаларының жылдық сомасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органның қабылдаған қаулысына, ал экономикалық сипаты бойынша - жылдық қаржыландыру жоспарына сәйкес келуі тиіс ;

жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке берілетін трансферттер мен кредиттердің сомасы төмен тұрған бюджеттің түсімдер мен міндеттемелердің жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша жиынтық жоспары ретінде сондай көлемде және сол айларда жоғары тұрған бюджеттің қаржыландыру жиынтық жоспарында ескеріледі;

трансферттер, төмен тұрған бюджеттен жоғары тұрған бюджетке берілетін кредиттерді қайтару сомасы және жоғары тұрған бюджеттен алынған кредиттер бойынша төмен тұрған бюджетке сыйақылар (мүдделер) төлеу сомасы жоғары тұрған бюджеттің түсімдер бойынша жиынтық жоспарындағыдай сол көлемде және сол айларда төмен тұрған бюджеттің қаржыландыру жиынтық жоспарында ескеріледі ;

қаржы жылының басынан басталған кезеңге өсу қорытындысымен бюджетке түсетін түсімдердің және қаржы жылының басынан басталған кезеңге өсу қорытындысымен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландырудың жылдық және айлық жоспарлары бюджетке түсетін түсімдердің жиынтық жоспары мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарында теңгерімделуі қажет.

30. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерін атқару жөніндегі уәкілетті органдар тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде төмен тұрған бюджеттерге трансферттер мен бюджеттік кредиттерді бөлуге байланысты бюджеттік бағдарламаларға әкімшілік ететін орталық атқарушы органға трансферттер сомасы мен бюджеттік кредиттер сомасын оған тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен көзделген ай бойынша б ө л у д і б е р е д і .

31. Аудандардың (облыстық мәні бар қалалардың) бюджеттерін атқару жөніндегі уәкілетті органдар облыстық бюджеттерді бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде төмен тұрған бюджеттерге трансферттер мен бюджеттік кредиттерді бөлуге байланысты бюджеттік бағдарламаларға әкімшілік ететін жергілікті атқарушы органға облыстық бюджеттен аудандардың бюджеттеріне (облыстық мәні бар қалалар) берілетін трансферттер мен бюджеттік кредиттер сомасын ай бойынша бөлуді береді.

32. Түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы бекітеді, оның әзірленуіне жауапты бөлімшенің басшысы қол қояды және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның м ө р т а б а н ы м е н р а с т а л а д ы .

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы немесе уәкілеттік берілген тұлға болмаған жағдайда, түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын бұйрыққа сәйкес олардың міндеттерін орындаушы тұлғалар бекітеді.

33. Жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде бюджеттік алулар, жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке берілген кредиттер мен кредиттерді қайтару бойынша сыйақылар (мүдделер) сомасын ай бойынша бөлуді төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, қаржыландырудың жиынтық жоспарларымен бекітілген міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды қаржыландырудың жылдық сомасын ай бойынша бөлуді - бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне ж е т к і з е д і .

34. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаржыландырудың жиынтық жоспарларымен бекітілген міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды қаржыландырудың жылдық сомасын ай бойынша бөлуді алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландырудың жоспарлары мен дербес қаржыландыру жоспарларын бекітеді

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландыру жоспарлары мен дербес қаржыландыру жоспарларын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшылары бекітеді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы немесе уәкілеттік берілген тұлға болмаған жағдайда, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландырудың жоспарлары мен дербес қаржыландыру жоспарларын бұйрыққа сәйкес олардың міндеттерін орындаушы тұлғалар бекітеді.

Бекітілген дербес қаржыландыру жоспарларын бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік мекемелерге жеткізеді.

35. Жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жергілікті бюджет бойынша бекітілген түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары мен міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының бір данасын бекітілгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық органына қағаз түрінде және электрондық тасығыштармен береді.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті бюджет бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарының, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының аумақтық қазынашылық органына уақтылы берілуін қамтамасыз етеді.

36. Түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бекітілгеннен кейін республикалық бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде түсімдер жоспарларын бекітеді және қаржыландырудың жиынтық жоспарымен бекітілген республикалық бюджетке кірістердің түсімдері жоспарын ай бойынша бөлуді салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарға жібереді.

37. Түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бекітілгеннен кейін төмен тұрған бюджеттерді атқару жөніндегі уәкілетті органдар үш жұмыс күні ішінде бекітілген тиісті бюджеттерге түсімдердің жиынтық жоспарын айға бөлуді (ерекшеліктердің деңгейіне дейін) жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

38. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі аумақтық қазынашылық органына (бюджеттік бағдарлама әкімшісінің орналасқан орны бойынша) оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер бойынша бекітілген дербес қаржыландыру жоспарларын түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарлары, міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспары бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде қағаз түрінде және электрондық тасығыштармен т а п с ы р а д ы .

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі бекітілген дербес қаржыландыру жоспарларының аумақтық қазынашылық органына уақтылы берілуін қамтамасыз е т е д і .

Аумақтық қазынашылық органы бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне бекітілген дербес қаржыландыру жоспарлары берілгеннен кейін сегіз жұмыс күні ішінде осы әкімшіге барлық ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер б о й ы н ш а м ы н а д а й :

ҚР ББС-ның міндеттемелері бойынша дербес қаржыландыру жоспарларының с ә й к е с к е л у і ;

ҚР ББС-ның әрбір бағдарламасы, кіші бағдарламасы және ерекшелігі бойынша міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына міндеттемелер бойынша қаржыландырудың барлық дербес жоспарларының жоспарлы мақсаттары сомасының сәйкес келуі талаптарының орындалуына т е к с е р у ж ү р г і з е д і .

Белгіленген талаптар орындалмаған кезде дербес қаржыландыру жоспарлары түзету үшін бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне қайтарылады.

Мемлекеттік мекеме қаржыландырудың жиынтық жоспарлары бекітілгеннен кейін он бір жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық органына бекітілген дербес қаржыландыру жоспарларын қағаз тасығыштармен береді.

39. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы бюджеттерді нақтылау кезінде мемлекеттік мекемелер дербес қаржыландыру жоспарларын, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері - бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру жоспарларын, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган - қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын осы Ереженің 3-тарауында белгіленген тәртіппен оларға өзгерістер е н г і з у а р қ ы л ы н а қ т ы л а й д ы .

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жылдық қаржыландыру жоспарын бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде қосымша және өзгертілген бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға жылдық жоспарлы сома өзгертілген бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша қаржыландыру жоспарларын өзгертуге өтінім ұсынады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қосымша бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға осы Ереженің 8-20-тармақтарына сәйкес міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру жоспарларының жобаларын т а п с ы р а д ы .

40. Қазақстан Республикасының Парламентінде немесе мәслихатта

нақтыланбаған тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулысына немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте іске асыру туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы бюджеттерді түзету кезінде түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгеріс пен толықтыру осы Ереженің 3-тарауында белгіленген тәртіппен бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қалыптастыратын түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтама арқылы жүзеге асырылады.

Бюджет қаражаттарының еркін қалдықтарын ағымдағы қаржы жылында өткен жылғы бюджетте оның бекітілген жылдық көлемінен он пайыздан аспайтын сомаға бекітілген бюджеттік инвестициялық жобаны қаржыландыруды аяқтауға және алынған қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге жіберу кезінде түсімдердің жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгерістер енгізу осы Ереженің 3-тарауында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның тиісті қаулысының негізінде қалыптастырылған Төлемдер мен міндеттемелер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтамалармен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулысымен жоғары тұрған бюджеттің резервінен қаражат бөлу кезінде төмен тұрған бюджетті түзету осы Ереженің 3-тарауында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның тиісті қаулысының негізінде қалыптастырылған анықтамалармен түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу арқылы мәслихатта бюджетті нақтыламастан жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттерді атқару жөніндегі уәкілетті органдарға міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларын өзгертуге өтінім беруі тиісті қаржы жылына арналған республикалық немесе жергілікті бюджетті іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулысы қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына міндеттемелер

бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органның қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулысын қабылдағаннан кейін екі апта ішінде жүзеге асырады.

41. Бюджет кодексінің 79 және 80-баптарының 3-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті немесе жергілікті атқарушы орган алдағы қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық немесе жергілікті қаржы жоспары туралы жарлық немесе шешім шығарған кезде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган осы Ереженің 9-39-тармақтарында белгіленген тәртіппен және мерзімде алдағы қаржы жылына арналған бюджеттің жобасының төрттен бір бөлігі көлемінде тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды.

3-тарау. Жылдық соманы қоса алғанда түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

42. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 114 және 117-баптарында анықталған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен немесе бюджеттік бағдарламаларды бөлетін жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісімен бөлген кезде, бюджеттің ай сайынғы түсімдері мен шығыстарын түзетуді және шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері арасында сомаларды түзетуді талап ететін факторлар пайда болған кезінде түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландыру жоспарларына, дербес қаржыландыру жоспарларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жүргізіледі.

43. Түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінен алынған есепке және өзгерістер негіздемесіне қоса берілетін бюджетке түсетін түсімдер жоспарларын, төлемдер мен міндеттемелер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларын өзгертуге өтініш негізінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қалыптастыратын түсімдердің жиынтық жоспарына, төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландырудың жиынтық жоспарына және міндеттемелер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды)

қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу анықтамалары арқылы жүзеге асырылады.

Өтінімдер мен анықтамаларда өзгерістер сомасы мың теңгемен, бөлшек қалдықты, бірақ үтірден кейін бір белгіден аспайтын санмен көрсетіледі. Өтінімдер мен анықтамалар осы Ережелерге 16-24-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жасалады.

Түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізуді бюджетте атқару жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

Өзгертілген заңнама актілерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын іске асыруға қажетті өзгерістерді қоспағанда, өткен айларға (өткен есепті кезеңге) бекітілген түсімдердің жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болмайды.

44. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің атқарылуын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға ұсынылған өзгерістердің негіздемесі мен есептері бар түсімдердің жоспарларын өзгертуге өтінім береді. Ұсынылған өзгерістердің құқыққа сәйкестігі және негізділігі кезінде есепті кезең аяқталғанға дейін кем дегенде бес жұмыс күнде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік түсімдер мәселелеріне жетекшілік ететін басшы бекітетін және оның негізінде Түсімдердің жиынтық жоспарына өзгерістер енгізілетін кірістер бойынша түсімдер жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы қалыптастырады.

45. Түсімдердің жиынтық жоспарына және кредиттер, қарыздар түсімдерінің, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдердің жоспарларына өзгерістер енгізуді бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган кредит шарттарына, қарыздардың шарттарына, борышты қайта құрылымдау туралы келісімдерге өзгерістер негізінде және осы Ереженің 43-тармағында белгіленген тәртіппен мемлекеттің қаржылық активтерін сату жоспарының өзгерістері негізінде аталған түсімдердің тізбесі бойынша оларға өзара қатынасы бар органдардың өтінімдері бойынша жүзеге асырады.

46. Кірістердің түсімдері, кредиттерді өтеу, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен кірістер, қарыздарды өтеу жоспарларын өзгертуге өтінімдер қабылданбаған кезде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бас тарту себептері мен негіздемесін көрсете отырып, өтінім берген мемлекеттік органды жоспарларды өзгертуден бас тартатыны туралы хабарландырады.

47. Жергілікті бюджеттің кіріс түсімдерінің жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу кезінде аудан (облыстық мәні бар қала) бюджетін атқару жөніндегі уәкілетті орган есепті кезең аяқталғанға дейін кем дегенде жеті күнде облыстық

бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға өзгертілген кірістер түсімдерінің жиынтық жоспарын береді, ал облыстық бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган есепті кезең аяқталғанға дейін кем дегенде бес күнде республикалық бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға өзгертілген облыс бойынша кірістер түсімдерінің жоспарын береді.

48. Қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгерістер енгізуге байланысты жұмыс мемлекеттік мекеме дербес қаржыландыру жоспарын өзгертуге өтінім (бұдан әрі - мемлекеттік мекеменің өтінімі) қалыптастырғаннан басталады. Мемлекеттік мекеменің өтінімі негізінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі төлемдер мен міндеттемелер бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшісін қаржыландырудың жоспарларын өзгертуге өтінім (бұдан әрі - бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімі) қалыптастырады. Түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізуге өтінім қалыптастырғанға дейін немесе түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын өзгертпестен дербес қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізуге мемлекеттік мекеменің өтінімін қарағанға дейін бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі өзі орналасқан орны бойынша аумақтық қазынашылық органына өтініш жасайды. 35-қосымшаға сәйкес 4-20 "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" нысанын алу үшін аумақтық қазынашылық органы мемлекеттік мекеменің өтінімін қарау аяқталғанға дейін жоспарлы мақсаттарды азайту жоспарланған бағдарламалар, Кіші бағдарламалар, ерекшеліктер бойынша мемлекеттік мекеменің міндеттемелерін тіркеуді және оның төлемдерін жүргізуді тоқтата тұрады.

Мемлекеттік мекеменің өтінімі мыналар ескеріле отырып қалыптастырылады:

жоспарлы мақсаттар, рұқсаттар мен кассалық шығыстардың сомалары арасындағы сәйкестікті сақтау;

міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары арасындағы бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бөлінісінде жылдық жоспарлы мақсаттардың сәйкестігі, сондай-ақ төлемдер бойынша жоспарлардың сомасы жылдың басынан басталған кезеңде сол қаржы жылының кезеңіне міндеттемелер бойынша жоспарлардың сомасынан асып кетпеуі қажет міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспары мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары арасындағы ара салмақты сақтау;

қабылданған, бірақ орындалмаған міндеттемелерді;
инкассалық өкімдердің болуы;

жоспарлы соманы және шығыстардың экономикалық сыныптамасының

ерекшеліктері бойынша берілген рұқсаттарды кеміту қабылданған міндеттемелерді шегере отырып, жоспарлы мақсаттардың сомасына жүргізілуі мүмкін;

жоспарлы сомаларды бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының бір-бір ерекшеліктері бойынша арттыру (кеміту) басқа ерекшеліктер бойынша жоспарлы соманы кеміту (арттыру) есебінен Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органның қаулысымен қабылданған (Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органның қаулысымен нақтыланған немесе түзетілген) бюджеттік бағдарлама бойынша жылдық сома шегінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Мемлекеттік мекеменің өтініміне оның басшысы немесе уәкілеттік берілген тұлға қол қояды және өзгерістерге есептер мен олардың негіздемесі қоса тиісті бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне беріледі.

49. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімін бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша сома шегінде мемлекеттік мекеменің өтінімдеріне сәйкес бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қалыптастырады.

Жоғары тұрған бюджеттен трансферттер мен кредиттер алатын төлемдер мен міндеттемелер бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландырудың жоспарларын өзгертуге өтінімді төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының тиісті әкімшісіне береді, оның негізінде жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі Ереженің осы бөлімімен белгілеген тәртіппен жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға өтінім береді.

Өтінім қалыптастыру кезінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы Ереженің 48-тармағында айтылған шарттарды сақтайды.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің ағымдағы айда (кеміту) және алдағы айда (арттыру немесе кеміту) қаржыландыру жоспарларын өзгертуге өтінімі ұсынылған өзгерістердің есептері мен негіздемелерін қоса бере отырып, ағымдағы айдың жиырмасы күніне дейінгі мерзімде, ал ағымдағы қаржы жылының соңғы айында-желтоқсанның он бесіне дейінгі мерзімде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға беріледі. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және мемлекеттік мекемелер тиісті қаржыландыру жоспарларына айына бір реттен артық емес өзгерістер енгізе алады. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының бір ерекшелігі бойынша алдағы айлардағы қаржыландыру жоспарының сомасын арттыра отырып, ағымдағы айдың сомасын кемітуге болмайды. Қаржыландырудың жоспарларын өзгертуге бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша, сондай-ақ өкілдік шығындарға

қаражат бөлуге немесе атқарушы парақтарды орындау үшін - шектеусіз, ал соңғы айда - ағымдағы қаржы жылының отызыншы желтоқсанынан кешіктірмей қ а б ы л д а н а д ы .

Бюджеттік бағдарламаларды дамыту бойынша ағымдағы айдың жоспарында өзгеріс болмаған алдағы айдың жоспарын өзгертуге (арттыру) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімі алдағы ай басталғанға дейін ағымдағы айдың жиыrmасы күнінен кейін берілуі мүмкін.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға бюджеттік бағдарламалардың әкімшісін қаржыландырудың жоспарларына өзгерістер енгізуге өтінімді қағаз түрінде және магниттік т а с ы ғ ы ш т а р м е н б е р е д і .

Қаржыландыру жоспарларын өзгертуге бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтініміне қаржыландыру жоспарын жасауға жауапты бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы, ал олар болмаған кезеңде - тиісті бұйрықтармен олардың міндеттерін орындау жүктелген тұлғалар қол қояды және ол бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің мөртабанымен расталады.

50. Міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу үшін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өтінімдерін қарайды және олар мақұлдаған жағдайда, төлемдер мен міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтама қалыптастырады.

Анықтаманы қалыптастыру осы Ереженің 48-49-тармақтарын ескере отырып, сондай-ақ мынадай шарттар ескеріле отырып жүргізіледі:

осы Ереженің 29-тармағына сәйкес жыл бойынша және ай бойынша түсімдердің жиынтық жоспарының және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының теңгерімділігін сақтау;

жиынтық жоспардың "Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)" бөлімінде түсімдер мен өтеудің көлемдерін өзгерту бюджеттің тапшылығын қаржыландырудың (профицитін пайдаланудың) бекітілген (нақтыланған) көлемін сақтау шартымен ғана жүзеге асырылады.

51. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің атқарылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың және басқа да мемлекеттік органдардың өтінімдерін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган ол түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган ұсынылған өзгерістер бойынша негіздемені және осы Ереженің 48-49-тармақтарында белгіленген шарттардың

с а қ т а л у ы н

т е к с е р е д і .

Егер бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері өтінімдерінің сомасы ағымдағы қаржы жылының басынан бастап түзетуші кезең бойынша бюджетке түсімдерден жасалатын төлемдер бойынша шығыстарды арттыруға әкелсе, сондай-ақ бұл ретте осы Ереженің 48-49-тармақтарында анықталатын басқа да шарттар бұзылса, онда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне өтінімнің қабылданбауы туралы хабарлайды.

52. Осы Ереженің 48-50-тармақтарына сәйкес ресімделген анықтаманы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы бекітеді және тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне екі жұмыс күні ішінде жеткізіледі. Соңында төлемдер мен міндеттемелер бойынша мемлекеттік мекеменің дербес қаржыландыру жоспарларын өзгертуге анықтама бекітіледі, оны өзгертілген төлемдер мен міндеттемелер бойынша дербес қаржыландыру жоспарларын іске асыруға аудару (шығыс) операцияларын жүргізгенге дейін аумақтық қазынашылық органына береді және оны төлемдер мен міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтама алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемеге ж е т к і з е д і .

Төлемдер мен міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын өзгертуді талап етпейтін төлемдер мен міндеттемелер бойынша мемлекеттік мекемені дербес қаржыландыру жоспарларын өзгертуге анықтамаларды бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ағымдағы айдың жиырма бесі күніне дейінгі мерзімде, ал ағымдағы қаржы жылының соңғы айында - он бесінші желтоқсанға дейінгі мерзімде аумақтық қазынашылық органына ұ с ы н а д ы .

Мемлекеттік мекемелер дербес қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бекітілгеннен кейінгі және аумақтық қазынашылық органына бергенге дейінгі кезеңде міндеттемелерді қабылдау немесе кассалық шығыстардың жүргізу себебі бойынша жоспарлы мақсаттар жетіспеген кезде аумақтық қазынашылық органы орындамай анықтаманы бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне қайтарады.

53. Жоғары тұрған бюджеттен трансферттер мен кредиттер алатын төлемдер мен міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгертулер енгізу туралы анықтаманы төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган Ереженің осы бөлімінде белгіленген тәртіппен және жоғары тұрған бюджеттің тиісті бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі ұсынған жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның анықтамасы негізінде қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

Борышқа қызмет көрсету мен оны өтеуге байланысты шығыстар бойынша

төмен тұрған бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган Ереженің осы бөлімінде белгіленген тәртіппен және жоғары тұрған бюджеттің уәкілетті органы ұсынған жоғары тұрған бюджеттің түсімдердің жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтама негізінде қалыптастырады.

54. Жоғары тұрған бюджеттің резервінен трансферттерге байланысты өзгерістер, төмен тұрған бюджеттің түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтамаларды соңында төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға берілетін (әрқайсысынан бір данада) жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның төлемдер мен міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтама негізінде төменгі деңгейлі бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

55. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган түсімдердің жиынтық жоспарына, төлемдер бойынша жиынтық жоспарға және міндеттемелер бойынша жиынтық жоспарға өзгерістер енгізу туралы бекітілген анықтама негізінде түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарының, міндеттемелер бойынша қаржыландыру жиынтық жоспарының электрондық дерекқорына анықтама бекітілген күні өзгерістер енгізеді.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органнан алған төлемдер мен міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтама негізінде сол күні дербес қаржыландыру жоспарын өзгертуге өтінім негізінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландыру жоспарларының электрондық дерекқорына өзгерістер енгізеді және мемлекеттік мекемелерді, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісін дербес қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы бекітеді.

4-тарау. Міндеттемелер қабылдауға рұқсаттар беру

56. Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерді қабылдауына рұқсаттар беруді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

4-1-тарау. Сайлауларды мемлекеттік қаржыландыру

Ескерту. 4-1-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.09.15. N 921 қаулысымен.

56-1. Партиялық тізімдер негізінде сайланатын Парламент Мәжілісінің, мәслихаттардың депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін қоспағанда, Президентті, Парламент депутаттарын, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайлау осы мақсаттар үшін

ашылатын жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотынан басқа жергілікті атқарушы органның қолма-қол ақшаны бақылау шоты арқылы республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылады.

Ескерту. 56-1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56-2. Сайлауларды мемлекеттік қаржыландыру Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті міндеттемелері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына сәйкес Орталық сайлау комиссиясының міндеттемелерін қабылдауға рұқсат беру жолымен екі данада жүзеге асырылады, рұқсат берудің бір данасы Орталық сайлау комиссиясында қалады, екінші данасын және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әрбір аумақтық сайлау комиссиясы бойынша қаржыландыру жоспарларын Орталық сайлау комиссиясы Астана қаласының Қазынашылық департаментіне ұсынады.

Астана қаласының Қазынашылық департаменті міндеттемелерді қабылдауға рұқсат берулерді әрбір облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша үш данада қалыптастырады, бір данасы Астана қаласының Қазынашылық департаментінде қалады, екі данасын Орталық сайлау комиссиясына тапсырады, оның біреуін соңғысы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық сайлау комиссиясының қаржыландыру жоспарымен бірге облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті жергілікті атқарушы органдарына тапсырады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары аудандардың, қалалардың аумақтық сайлау комиссияларының қаржыландыру жоспарларын тиісті облыстық, Астана және Алматы қалаларының Қазынашылық департаменттеріне ұсынады.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Қазынашылық департаменттері міндеттемелерді қабылдауға рұқсат беруді әрбір аудан, қала бойынша үш данада қалыптастырады, міндеттемелерді қабылдауға рұқсат берудің бір данасы облыстың, Астана және Алматы қалаларының Қазынашылық департаментінде қалады, екі данасы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына тапсырылады, оның біреуін соңғысы аудандардың, қалалардың аумақтық сайлау комиссияларының қаржыландыру жоспарымен бірге аудандардың, қалалардың тиісті жергілікті атқарушы органдарына тапсырады.

56-3. Бекітілген қаржыландыру жоспарының шегінде сайлау науқанын өткізу үшін бөлінетін бюджет қаражатына билік етушілер тиісті сайлау комиссияларының төрағалары болып табылады. Сайлауларды өткізуге бюджет қаражатын жұмсау республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын операцияларды есепке алу үшін ашылған жергілікті атқарушы

органдардың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарынан жүргізіледі. Жергілікті атқарушы органдар азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасау мен төлемдерді жүзеге асыру үшін берілген рұқсаттарды тиісті сайлау комиссияларының төрағаларына дейін жеткізеді. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) беруге арналған шарттарды "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарына берілген рұқсаттар шегінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушілермен тиісті сайлау комиссияларының төрағалары жасайды.

Ескерту. 56-3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56-4. Сайлаулар өткізу уақытында жергілікті атқарушы органдар тиісті аумақтық Қазынашылық бөлімшелеріне қолдар мен мөрдің үлгілері бар уақытша құжат ұсынады. Бұл ретте бірінші қол қою құқығы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасына беріледі. Екінші қол қою құқығы тиісті әкім аппаратының бас бухгалтеріне (қаржы қызметінің басшысына) беріледі.

Құжат жергілікті атқарушы органның елтаңбалық мөрінің үлгісі, тиісті мәслихаттың аумақтық сайлау комиссиясын сайлау туралы шешімінің (аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі - аумақтық сайлау комиссиясының төрағасын оны мәслихат сайлағанға дейін бұрынғы төрағаның орнына тағайындағаны туралы жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімі) нөмірі мен күні көрсетіле отырып ресімделуі тиіс. Аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының 001 "Сайлау өткізуді ұйымдастыру" бағдарламасының 100 "Сайлау өткізу" кіші бағдарламасы бойынша жергілікті атқарушы органның қолма-қол ақшаны бақылау шотынан қаражатты жұмсауға өкілеттілігі сайлаулар өткізу не қайта дауыс беру не қайта сайлаулар мерзіміне және олар аяқталғаннан кейін отыз күнтізбелік күнге дейін ғана белгіленеді.

Аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының қаражатты жұмсауға өкілеттік мерзімі қаржы жылының соңына келген жағдайда, сайлаулар бойынша төлемдер жүргізу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасы қаулысымен Қазынашылық органына қаржы жылы аяқталған соң Қазақстан Республикасының төлем жүйесінің жұмысын ұйымдастыру үшін белгілеген мерзімде жүзеге асырылады.

Ескерту. 56-4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56-5. Аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары ақша қаражатына билік етеді және қаржы мәселелері бойынша сайлау комиссияларының шешімдеріне қаржылық құжаттардың сәйкестігіне жауап береді.

56-6. Республикалық бюджет қаражатынан мыналарға арналған шығыстар
ж а б ы л а д ы :

1) сайлау комиссияларын ұйымдастыру мен оның қызметі:
сайлау комиссияларының босатылған мүшелерінің жалақысы;
сайлау комиссиялары мүшелерінің қосымша еңбекақысы;
ж а л а қ ы ғ а е с е п т е у ;

техникалық қамтамасыз ету (компьютерлер, ұйымдастыру техникаларын
сатып алу, жабдықтарды жалға алу және жабдықтарға техникалық қызмет
көрсету, сондай-ақ дауыс беруге арналған мүкәммалды сатып алу және дайындау
) ;

к ө л і к т і к ш ы ғ ы с т а р ;
бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;
байланыс қызметтері, почта-телеграф шығыстары;
еңбек келісімдері негізінде штаттан тыс қызметкерлер орындайтын жұмыстар
;

п о л и г р а ф и я л ы қ ш ы ғ ы с т а р ;
кеңсе және шаруашылық тауарларды, ұрандар, плакаттар, мемлекеттік
рәміздер үшін материалдар сатып алу;
компьютерлер мен ұйымдастыру техникасына шығыс материалдарын сатып
а л у ;

теледидарда әлеуметтану сұраунама, сондай-ақ саяси пікірталастар өткізу;
сайлауды ұйымдастыру және өткізу жөнінде оқу мен семинарлар өткізу;
бейне және дыбыс роликтерді, оқу фильмдерін дайындау, оларды бұқаралық
ақпарат құралдарында орналастыру;

2) үй - ж а й л а р д ы ж а л ғ а а л у ;

3) і с с а п а р ш ы ғ ы с т а р ы ;

4) консультанттардың, сарапшылардың, лингвистикалық комиссия
мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу;

5) "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан
Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28-
бабының 3-тармағына сәйкес партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін
кандидаттардан басқа, кандидаттардың бұқаралық ақпарат құралдарында
с ө й л е й т і н с ө з д е р і ;

6) "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан
Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28-
бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес кандидаттардың көпшілікке сайлау
алдында іс-шаралар өткізу және партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін
кандидаттардан басқа, кандидаттардың үгіт материалдарын шығару;

7) партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа,

кандидаттардың Орталық сайлау комиссиясы белгілеген мөлшерде көлік шығыстары .

Ескерту. 56-6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.26. N 1286 қаулысымен .

56-7. Аумақтық және округтік сайлау комиссияларының төрағаларына тұрғын үй-жайды жалға алу бойынша іссапар шығыстарын өтеу мемлекеттік мекемелердің басшылары және басшыларының орынбасарларына белгіленген мөлшерде, ал учаскелік сайлау комиссияларының төрағалары мен сайлау комиссияларының мүшелеріне - мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне белгіленген мөлшерде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережемен жүзеге асырылады.

56-8. Жергілікті атқарушы органның қолма-қол ақшаны бақылау шотынан қаражатты жұмсау аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының шешімі бойынша мынадай тәртіппен жүргізіледі:

аумақтық сайлау комиссияларын қаржыландыру жоспарларының шегінде ақша аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары есеп беретіндей етіп беріледі, орындалған жұмыстар және сайлау учаскелеріне сатып алынған материалдық құндылықтар үшін шоттар төленеді. Пайдаланылмаған есеп берілетін сомалардың қалдығын сайлаулар аяқталғаннан кейін үш күн мерзімде аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары шығыстардың экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшеліктері бойынша жергілікті атқарушы органның қолма-қол ақшаны бақылау шотына есепке алу үшін әкім аппаратының кассасына тапсырады ;

аумақтық сайлау комиссияларының шығыстары Орталық сайлау комиссиясы бекіткен олардың қаржыландыру жоспары шегінде аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары бекіткен шоттар ұсынылғаннан кейін төленеді. Аумақтық сайлау комиссиясының шығыстарына арналған қолма-қол ақшаны беру осы комиссияның төрағасының өкімі бойынша жүргізіледі. Аванстық есепті алғаннан кейін әкім аппаратының бас бухгалтері (қаржы қызметінің басшысы) растайтын құжаттардың ресімделу дұрыстығын тексереді және оларды осы комиссия төрағасының бекітуіне береді.

Ескерту. 56-8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56-9. Сайлау науқандарына, оның ішінде кандидаттарға бөлінген республикалық бюджет қаражатын жұмсауды бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Сайлау комиссияларының төрағалары ақша қаражатына билік етеді және қаржы құжаттарының сайлау комиссияларының қаржы мәселелері бойынша шешімдеріне сәйкес келуіне жауап береді.

56-10. Кандидатурасын алып тастауға немесе кандидатты ұсыну туралы шешімнің күшін жоюға байланысты және сайлау комиссиясының республикалық бюджет қаражатынан сайлау науқанын өткізуге жұмсалған шығыстар бөлігін кандидаттың, оны ұсынған мәслихаттың немесе қоғамдық бірлестіктің шотына жатқызу туралы шешімі болған кезде, егер республикалық бюджеттен шығыстар және қаражатты қалпына келтіру бір қаржы жылында жүргізілсе, соңғысы жергілікті атқарушы органдардың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына сайлауларды өткізу жөніндегі кассалық шығыстарды қалпына келтіруге қаражат аударады. Республикалық бюджеттен шығыстарды бір, ал қаражатты қалпына келтіру келесі қаржы жылында жүзеге асырылған жағдайда, бұл қаражатты кандидат "Республикалық бюджетке түсетін өзге салықтық емес түсімдер" коды бойынша республикалық бюджеттің кірісіне аударады. Бұл ретте көрсетілген шешімді: Президентті сайлау кезінде - Орталық сайлау комиссиясы, Сенат депутаттарын сайлау кезінде - аумақтық сайлау комиссиялары, Мәжіліс және мәслихат депутаттарын сайлау кезінде округтік сайлау комиссиялары қ а б ы л д а й д ы .

Ескерту. 56-10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56-11. Президентті, партиялық тізімдер негізінде сайланатын Парламент Мәжілісінің депутаттарын қоспағанда, Парламент, мәслихаттар депутаттарын және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын өткізуге бөлінген бюджет қаражатын пайдалану жөніндегі бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есеп беруді жасау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3-бөлім. Түсімдер бойынша бюджеттің атқарылуы

5-тарау. Ұлттық валютада түсімдер бойынша бюджеттің атқарылуы

57. Бюджет кодексіне, "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы кодексіне, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы кодексіне (Салық кодексі), тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға және жергілікті бюджеттерді бекіту туралы мәслихаттардың шешімдеріне және Қазақстан Республикасының басқа да заңнама актілеріне сәйкес ұлттық валютада бюджетке түсетін түсімдер ҚР ББС кірістер сыныптамасының бекітілген кодтарына сәйкес Бірыңғай қ а з ы н а ш ы л ы қ ш о т қ а е с е п т е л е д і .

Түсімдердің жинақ шотына түсімдерді аудару бюджетті атқару жөніндегі

орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен төлем құжатының негізінде жүргізіледі. Төлем құжатының "Бюджеттік сыныптама кодтары" тор көзіндегі деректемелерді бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган одан әрі аумақтық салық органдарына, банктерге және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жеткізу үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне (бұдан әрі - ҚР ҰБ) жеткізеді. Төлем құжаты бенефициарының банктік деректемелері Түсімдердің жинақ шотына есептеу үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ҚР ҰБ арқылы одан әрі салық төлеушілерді хабарландыру үшін банктерге және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жеткізеді.

58. Түсімдердің жинақ шоты түсімдерді шоғырландыру үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылатын қолма-қол ақшаның бақылау шоты болып табылады. Түсімдердің жинақ шотынан тиісті бюджеттер арасында республикалық және жергілікті сомаларды толық бөлу, қате (және/немесе) артық төленген соманы қайтару, кірістердің бюджеттік сыныптамасының кодтары арасында немесе аумақтық салық органдарының арасында бюджетке түсетін түсімдердің есептері жүзеге асырылады.

Ескерту. 58-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

59. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган күн сайын:

1) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысулар орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - ҚБЕО) төлем жүйесі арқылы банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан республикалық және жергілікті бюджетке түсетін түсімдер жөніндегі электрондық төлем құжаттарын заңнамада белгіленген тәртіппен қабылдайды;

2) электрондық төлем құжаттарының ресімделу дұрыстығы мен толықтығын тексеруді жүзеге асырады;

3) электрондық төлем құжаттары негізінде Түсімдердің жинақ шотына түсуін есептеуді жүргізеді;

4) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және тиісті мәслихаттардың шешімдеріне сәйкес кірістерді бөлу нормативтері бойынша түсімдер сомасын кейіннен тиісті қолма-қол ақшаны бақылау шотына есептей отырып, республикалық, жергілікті бюджеттер мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры арасында бөлуді және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін бюджетке түсетін түсімдер сомасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚР ҰБ-ның шоттарына аударуды жүзеге асырады;

5) алып тасталды

Ескерту. 59-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

60. Мақсатын және/немесе төлемнің аумақтық керек-жарағын анықтауға мүмкіндік бермейтін электрондық төлем құжаттарында деректемелер болмаған немесе қате көрсетілген кезде түсімдер сомасы электрондық төлем құжаттарын қабылдау күні "Ұлттық валютада анықталғанға дейін өзара есеп айырысулар бойынша аударылған сома" шотына есептеледі. "Ұлттық валютада анықтағанға дейін өзара есеп айырысулар бойынша аударылған сома" шоты - бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға және оның аумақтық органдарына ашылған қолма-қол ақшаның бақылау шоты.

Аумақтық қазынашылық органы үш жұмыс күні ішінде "Ұлттық валютада анықталғанға дейін өзара есеп айырысулар бойынша аударылған сома" шотына түскен қаражаттарды төлеушіге қайтаруы қажет.

61. Артық төленген, бюджетке жаңылыс түскен соманы қайтару, бюджеттің кірістер сыныптамасының бір кодынан екіншісіне түсімдерді есептеу (бұдан әрі - қайтару және/немесе есептеу) салық қызметі органдарының арасында салық қызметі органының қорытындысы мен төлем құжатының негізінде жүргізіледі.

Қайтаруға және/немесе есептеуге арналған құжаттар аудан, облыстық маңызы бар қала бойынша ҚР ББС бюджет кірістері сыныптамасының тиісті кіші сыныбы бойынша жыл басынан бастап іс жүзінде түскен сома шегінде қ а б ы л д а н а д ы .

Егер бюджет кірістері сыныптамасының тиісті ерекшелігі (кіші сыныбы) бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетіне түсімдердің іс жүзіндегі көлемі қайтаруды немесе көшіруді жүзеге асыра алмаса, онда аумақтық қазынашылық органы облыс бойынша тұтастай бюджет кірістері сыныптамасының тиісті ерекшелігі (кіші сыныбы) бойынша жыл басынан бастап бюджетке іс жүзіндегі түсімдердің сомасы шегінде қайтаруды және көшіруді жүзеге асыруға жоғары тұрған салық органының рұқсатын тиісті аумақтық қазынашылық органына береді. Егер қайтару және/немесе есептеу сомасы облыс бойынша тұтастай бюджет кірістері сыныптамасының тиісті ерекшелігі (кіші сыныбы) бойынша жыл басынан бастап бюджетке түскен іс жүзіндегі түсімдердің сомасынан асып кетсе, онда қайтару және/немесе есептеу республика бойынша тұтастай бюджет кірістері сыныптамасының тиісті ерекшелігімен (кіші сыныбымен) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте облыс бойынша бюджет кірістері сыныптамасының осы ерекшелігі (кіші сыныбы) бойынша дебет қалдықтар қамтамасыз етіледі.

Салық органдары әкімшілік жүргізбеген бюджетке түскен соманы қайтару және/немесе есептеу уәкілетті органның өтініші мен қайтарудың және/немесе

есептеудің негізділігі туралы растамасы негізінде жасалған салық қызметі органдарының қорытындысы және төлем құжаты бойынша жүргізіледі.

62. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган және оның аумақтық органдары салық және кеден органдарына, бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға және басқа да мүдделі мемлекеттік мекемелерге күн сайынғы, айлық және жылдық есептердің нысандарын оларға белгіленген тәртіппен қалыптастырады.

6-тарау. Шетел валютасындағы түсімдер бойынша бюджеттің атқарылуы

63. Қазақстан Республикасының резидент еместерінен шетел валютасында бюджетке түскен түсімдер ҚР ҰБ-ға бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ашылған шетел валютасында корреспонденттік шотқа есептеледі. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның корреспонденттік шоттары валютаның түрлері бойынша ашылады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның корреспонденттік шоттарына қызмет көрсетуді шетел валютасында корреспонденттік шоттарға қызмет көрсету туралы шарт пен өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде жасасқан шартқа қосымша келісімдер негізінде ҚР ҰҚ жүзеге асырады.

64. Шетел валютасында бюджетке түсетін түсімдер Түсімдердің жинақ шотына ұлттық валютада соманы кейін аударып, шетел валютасында корреспонденттік шотқа түсімдерді есептеген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұлттық валютаға қайта ауыстыруға жатады.

Салық қызметі органдарының пайдасына ақша түскен кезінде бюджетті аудару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құжаттарды салық органы бергенге дейін жіберушіден алынған нұсқауларды қабылдайды және оны жүз сексен күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге сақтайды. Салық қызметінің органы талап етілген құжаттарды көрсетілген мерзімде бермеген жағдайда, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ақшаны жіберушіге қайтарады.

65. Резидент еместерден алынған мақсатын және/немесе төлемнің аумақтық керек-жарағын анықтауға мүмкіндік бермейтін электрондық төлем құжаттарында деректемелер болмаған немесе қате көрсетілген кезде түсімдер сомасы "Шетел валютасында анықталғанға дейін өзара есеп айырысулар бойынша аударылған с о м а" ш о т ы н а е с е п т е л е д і .

"Шетел валютасында анықталғанға дейін өзара есеп айырысулар бойынша аударылған сома" шоты - бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ашатын шетел валютасындағы шот.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган он бес жұмыс күні ішінде түскен қаражатты мақсатқа сай есептейді не оларды төлеушіге қайтарады.

Артық төленген, жіберуші-резидент еместен қате түскен соманы қайтару кезінде комиссия төлеуге байланысты шығыстарды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүргізеді.

66. Салық төлеушілерден-резидент еместерден артық төленген, жаңылыс түскен соманы қайтару салық қызметінің органдары берген қорытынды, төлем құжаты, шетел валютасын сатып алуға және аударуға өтініш негізінде жүргізіледі.

7-тарау. Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны түрінде бюджетке түсетін түсімдер бойынша бюджеттің атқарылуы

67. Бюджет кодексында көзделген жағдайларда, тауарлар (жұмыстар, қызметтер) нысанында бюджетке түсетін түсімдерге жол беріледі. Тауарлар (жұмыстар, қызметтер) нысанында бюджетке түсетін түсімдерді кіріске алу мен оларды есепке алуды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекемелер - халықаралық шарт бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) алушылар немесе гранттар алушылар жүзеге асырады.

68. Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны түрінде бюджетке түсетін түсімдерді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган оларды өткізген және ҚР ББС кірістер сыныптамасының тиісті коды бойынша Түсімдердің жинақ шотына өткізуден түскен ақша қаражаттарын есептеген жағдайда ескереді.

8-тарау. Төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджетке бюджеттік алуларды және жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджеттерге бюджеттік субвенцияларды аударудың тәртібі мен оның кезеңділігі

69. Бюджеттік алулар тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімімен бекітілген сома шегінде төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджеттерге беріледі.

Төмен тұрған бюджеттен жоғары тұрған бюджетке бюджеттік алуларды аудару төмен тұрған бюджеттің түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарында көзделген сома шегінде күн сайын төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

70. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган және облыстың жергілікті атқарушы органы төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджетке бюджеттік алуларды айға бөлуді анықтайды, оны бекітеді және жоғары тұрған бюджеттің түсімдер мен міндеттемелердің жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органдарға жеткізеді.

Бюджеттік алуларды ай сайынғы аударулардың мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімімен көзделген төмен тұрған бюджеттік кірістер түсімдерінің (салық, салықтан тыс түсімдер және негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер) сомасына бюджеттік алулардың сомасының қатынасы ретінде пайызбен анықталады.

Осы мөлшерді анықтау үшін бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға, облыстың бюджетті жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы - бюджетті атқару жөніндегі облыстың жергілікті уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулысы қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде бюджеттік субвенциялар мен алулардың көлемдерін анықтау кезінде есеп айырысуда қабылданған кірістердің болжамды көлемдерін ұсынады.

71. Аумақтық қазынашылық органы күн сайын тиісті бюджетке күн сайынғы түсімдер туралы ақпарат негізінде 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік алулар туралы анықтама қалыптастырады және тиісті бюджетте атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жеткізеді.

72. Жоғары тұрған бюджетке аударуға жататын бюджеттік алулар сомасы бір ай ішінде төмен тұрған бюджеттің төлемдер мен міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларымен анықталған бюджеттік алулар сомасынан асып кеткен жағдайда, төмен тұрған бюджеттің түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарларына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгерістер осы Ережеде белгіленген тәртіппен енгізіледі.

Тиісті төмен тұрған жергілікті бюджеттің кіріс бөлігі атқарылмаған жағдайда, жоғары тұрған бюджетке бюджеттік алулар тиісті төмен тұрған бюджеттің кіріс жоспарын атқарудың бара-бар пайызымен жүргізіледі.

73. Бюджеттік алулардың сомасы өткен жұмыс күнгі төмен тұрған бюджетке іс жүзіндегі түсімдерді (салық түсімдері, салықтан тыс түсімдер, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер) ескере отырып анықталады және төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жоғары тұрған бюджет кірістерінің бюджеттік сыныптамасының тиісті кодына бюджеттік алулар аудару үшін төлеуге берілген шотты аумақтық қазынашылық органына беру арқылы басқа да төлемдерді жүзеге асырғанға дейін бірінші кезектегі тәртіппен аударады.

Төмен тұрған бюджеттің қолма-қол ақшаның бақылау шотында қаражат және төмен тұрған бюджеттің түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарында, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарында анықталған бюджеттік алуларды аударуға байланысты шығыстар бойынша жоспарлы

мақсаттар болған кезде, қаржы жылының ағымдағы айында жоғары тұрған бюджетке бюджеттік алуларды мерзімінен бұрын аударуға болады.

74. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті және оның аумақтық органдары ай сайын тиісінше республикалық бюджет пен облыстық бюджетке бюджеттік алулардың артық төленген немесе жете төленбеген сомасын анықтайды және оларды өткен ай аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша: бірінші - облыстық, екінші - аудандық қазынашылық органдарына жеткізеді.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті атқарушы орган өткен айларда бюджеттік алулар артық төленген кезде, оларды артық төленген сомаға аударуды жүргізбейді, ал өткен айлардың соңындағы есеп айырысу бойынша бюджеттік алулар жете төленбеген кезде, оларды жете төлемеген мөлшер өтелгенге дейін жете төлемеу қалыптасқан күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде өткен жұмыс күнгі қорытынды бойынша аударуға жататын сомадан тыс аударуды жүргізеді.

Аумақтық қазынашылық органы есептелген бюджеттік алулар толық аударылғанға дейін он бес жұмыс күннен артық бюджеттік алулар жете төленбеген жағдайда, тиісті жергілікті бюджет бойынша шығыс операцияларды т о қ т а т а т ұ р а д ы .

75. Аумақтық қазынашылық органы артық төленген немесе жете төленбеген сомалар туралы деректерді алғанға дейін 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Анықтаманың 4 және 9-жолдарын толтырмайды, ал оларды осы деректерді алғаннан кейінгі күні толтырады.

76. Ағымдағы қаржы жылы үшін бюджеттік алулар бойынша түпкі есептеме тиісті жергілікті бюджетке іс жүзінде түсетін кірістерді ескере отырып, ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде жүргізіледі.

77. Бюджеттік алуларды аударудың толықтығын бақылауды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар жүзеге асырады. Бюджеттік алуларды аударудың уақытылылығын бақылауды аумақтық қазынашылық органдары жүзеге асырады.

78. Бюджеттік субвенциялар тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімімен бекітілген шекте жоғары тұрған бюджеттерден төмен тұрған б ю д ж е т к е б е р і л е д і .

Субвенцияларды жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджеттерге аударуды жоғары тұрған бюджетте атқару жөніндегі уәкілетті орган айдың бірінші онкүндігі ішінде жоғары тұрған бюджеттің түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарында көзделген сома шегінде жүзеге а с ы р а д ы .

79. Егер бекітілген (нақтыланған, түзетілген) жергілікті бюджетте бюджеттік

алулар мен субвенциялардың есептемесі кезінде нақтыланған шығыстар көзделмесе, онда Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе облыстың жергілікті атқарушы органы қаржы жылының ішінде тиісті шамаға бюджеттік субвенцияларды қысқарту немесе бюджеттік алуларды арттыру туралы шешім шығарады.

4-бөлім. Мемлекеттік мекемелер жасайтын азаматтық-құқықтық мәмілелерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырудың тәртібі

9-тарау. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеудің мақсаты мен оның жалпы тәртібі

80. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеуді бюджеттік бағдарламалардың бекітілген паспорттарына сәйкес бюджет қаражаттарының пайдаланылуын бақылау және бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) және мемлекеттік мекемелерге берілген рұқсаттардың бекітілген сомасынан тыс бюджет міндеттемелерінің пайда болуын болдырмау мақсатында аумақтық қазынашылық органы жүзеге асырады.

81. Мемлекеттік мекеменің тиісті тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушімен немесе бюджет қаражаттарын алушылармен шарт жасасуы берілген рұқсаттардың қалдығы шегіндегі сомаға жүзеге асырылады.

82. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелерін және бюджеттің міндеттемелерін тіркеу заңнамада белгіленген тәртіппен оларды жасасқаннан кейін жүргізіледі. Аумақтық қазынашылық органдарында тіркелмеген бюджеттік қаражаттар есебінен мемлекеттік мекемемен жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша ақы төлеу жүргізілмейді.

83. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелерін және бюджеттің міндеттемелерін тіркегенге дейінгі аумақтық қазынашылық органы мемлекеттік мекеме берген 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушілерді немесе бюджет қаражаттарын алушыны енгізуге өтінім негізінде берушілердің анықтамалығына бюджет қаражаттарын алушыны - Қазақстан Республикасының резидентін енгізуді жүргізеді.

Берушіні енгізуге өтінімнің берілген деректемелері сәйкес келмеген кезде мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық органына мынадай растайтын құжаттарды береді:

	заңды тұлғалар үшін:
заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;	
салық төлеуші куәлігінің көшірмесі;	
есеп айырысу шотының бар екені туралы банктің анықтамасы;	
	жеке тұлғалар үшін:
жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;	
салық төлеуші куәлігінің көшірмесі;	

шотының бар екені туралы банктің анықтамасы.

84. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушіні немесе бюджет қаражаттарын алушыны берушілердің анықтамалығына енгізгенге дейін мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін және бюджеттің міндеттемелерін тіркеу жүргізілмейді.

Берушілер мен бюджет қаражаттарын алушылардың анықтамалығын қалыптастыру бюджеттен төлемдерді қайтаруды жүзеге асырған кезде салық органдары ұсынған төлем құжатының негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мекеме берушіні (бюджет қаражаттарын алушыны) енгізуге өтінім толтырудың дұрыстығын қамтамасыз етеді.

85. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеу жасалған шарт негізінде жүргізіледі. Жүз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу шарт не берілген тауарға (орындалған жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге) шот-фактура негізінде жүргізіледі.

86. Аумақтық қазынашылық органы мемлекеттік мекеме берген құжаттарды тексергеннен кейін мемлекеттік мекеме міндеттемелерді тіркеуге берген өтінім немесе төлеуге берілген шот негізінде міндеттемелерді тіркеуге өтінімді енгізеді. Осы Ережеде келтірілген талаптар сақталмаған кезінде мемлекеттік мекеме жасасқан азаматтық құқықтық мәмілелер тіркеуге жатпайды.

10-тарау. Азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге мемлекеттік мекемелер беретін құжаттардың тізбесі

87. Мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық органына тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушілермен немесе бюджет қаражаттарын алушылармен жасасқан шарттың екі түпнұсқа данасын қосып бере отырып, 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемелерді тіркеуге өтінім (бұдан әрі - өтінім) және шарттың көшірмесінің бір данасын (аумақтық қазынашылық о р г а н ы н а) б е р е д і .

87-1. Мемлекеттік мекеме аурулардың шетелде емделуін көздейтін шығыстар жөніндегі азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеу кезінде аумақтық қазынашылық органына әрбір парағы мемлекеттік мекеме мөрінің түпнұсқасымен расталған шарттардың екі көшірмесін қоса бере отырып (шарт көшірмесінің бір данасы - аумақтық қазынашылық органы үшін) өтінім береді. Мемлекеттік мекеме шарттың түпнұсқасын бермеген жағдайда аумақтық қазынашылық органы "түпкілікті" деген мәртебесі бар төлеуге берілген шотты қабылдамайды.

Ескерту. 87-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

88. Шот-фактура негізінде жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын сомаға азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу үшін берілген тауарға (орындалған жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге) шот-фактураның түпнұсқасы мен

к о ш і р м е с і

қ о с а

б е р і л е д і .

89. Мемлекеттік сатып алу жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) бір көзден мемлекеттік сатып алу тәсілі кезінде, егер осындай келісу мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес талап етілген жағдайда, мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық органына мемлекеттік сатып алу жөніндегі уәкілетті органның сатып алу тәсіліне келісу туралы тиісті жазбаша растауын ұсынады.

90. Объектілер мен кешендерді салуға шартты тіркеу кезінде мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық органына Қазақстан Республикасының аумағының шегіндегі объектілер мен кешендердің құрылысын қоспағанда, жобалау құжаттамасының (жобалау-сметалық) және құрылыстың сметалық құнына және жиынтық сметалық есеп айырысуға қатысты олардың бекітілгенін растайтын құжаттарды мемлекеттік сараптаудың оң қорытындысын беру қажет.

91. Мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық органына мынадай шығыстардың түрлері бойынша бюджет міндеттемелерін тіркеу үшін төлеуге ш о т б е р е д і :

мемлекеттік мекеме мен жеке тұлға - өтеусіз негізде бюджет қаражаттарын алушы арасындағы еңбек қатынасы негізінде жүзеге асырылатын мемлекеттік м е к е м е н і ң ш ы ғ ы с т а р ы ;

бюджеттерге берілетін трансферттер және төмен тұрған бюджеттерге берілетін бюджеттік кредиттер;

сыйақылар төлеу мен ішкі және сыртқы борыштың негізгі сомасын өтеу;

елдің ішіндегі күрделі трансферттер, шет елдерге күрделі трансферттер, қаржылық активтер сатып алу, ел шегінде қаржылық активтер сатып алу; ерекше және өзге де ағымдағы шығындарды төлеу;

аппараттарды және сыртқы саяси және халықаралық қызметті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардың өкілдерін ұстауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға Қазақстан Республикасы шегінде валюта қаражаттарын а у ы с т ы р у ж ә н е о н ы а у д а р у ;

жеке тұлғаларға тамақтану немесе заттай мүлік, нысанды және арнаулы киім-кешек, темекі өнімдерінің құны шегінде ақшалай жәрдемақылар төлеу.

92. Қазақстан Республикасы Үкіметінің (жергілікті атқарушы органдар) шешімдеріне сәйкес мемлекеттік мекеме шарт жасасқан немесе міндеттемелерді қабылдаған жағдайда, мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық органдарына Қазақстан Республикасы Үкіметінің (жергілікті атқарушы органдардың) тиісті шешімдерінің көшірмесін береді.

11-тарау. Мемлекеттік мекемелер жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу кезінде қойылатын талаптар

93. Жасалған шарттарды тіркеуді талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстардың тізбесін бюджетте атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

94. Міндеттемелерді тіркеу негізінде жүргізілетін төлеуге берілген шоттың сомасы шығыстардың экономикалық сыныптамасының тиісті кодтары бойынша жыл басынан бастап тіркелген бюджет міндеттемелерінің сомасын шегере отырып, мемлекеттік мекемеге берілген рұқсаттардың сомасынан асып кетпеуі қажет.

95. Аумақтық қазынашылық органына тіркеуге берілген азаматтық-құқықтық мәмілелердің сомасы шығыстардың бюджеттік сыныптамасының тиісті кодтары бойынша жыл басынан бастап тіркелген азаматтық-құқықтық мәмілелердің сомасын шегере отырып, мемлекеттік мекемеге берілген рұқсаттардың сомасынан асып кетпеуі қажет.

96. Мерзімі бір қаржы жылынан аспайтын азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу мемлекеттік мекемелерге берілген рұқсаттар шегінде жүзеге асырылады және мынадай жағдайларда болады:

Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен үкіметтік сыртқы қарыз бойынша шарттың шеңберінде мемлекеттік мекеменің шарт жасасуына; құрылыста ұзақ мерзімді мердігер жұмыстарға және оларға ілеспе тауарлар мен (немесе) қызметтерге мемлекеттік мекеменің шарт, сондай-ақ дайындалу технологиялық мерзімі бір жылдан аспайтын тауарларды сатып алу туралы шарт жасасуына;

мемлекеттік сатып алу мәні болып табылмайтын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу жөніндегі халықаралық қаржылық институттар мен халықаралық рейтингтік агенттіктермен құқықтық қатынастардың пайда болуы.

Қалған жағдайларда, азаматтық-құқықтық мәмілелерді мемлекеттік мекемелер ағымдағы қаржы жылының соңына дейінгі мерзімде жасасады.

97. Орындалу мерзімі бір қаржы жылынан асып кететін шартта тиісті қаржы жылы бойынша сома бөлінген шарттың жалпы сомасы көрсетіледі. Шарттың қолданылу мерзімі бюджеттік бағдарламаның бекітілген паспортына сәйкес бюджеттік бағдарламаның кіші бағдарламасының іс-шараларын іске асыру мерзіміне сәйкес келуі қажет. Кейінгі жылдарда азаматтық-құқықтық мәмілелерді қайта тіркеу шарт немесе тиісті қаржы жылына берілген рұқсаттар шегінде оған қосымша келісім негізінде жүргізіледі. Халықаралық қаржылық институттар, халықаралық рейтингтік агенттіктер белгілеген нысан бойынша растаушы құжат негізінде Халықаралық қаржылық институттар мен халықаралық рейтингтік агенттіктермен болатын шарттарды қайта тіркеуге болады.

98. Шарттың сомасы, есептердің тәртібі мен мерзімі немесе тараптардың

деректемелері өзгерген жасалған шартқа қосымша келісім тіркеуге жатады. Есептердің тәртібі мен мерзімінің өзгеруі бойынша қосымша келісімді тіркеу кезінде міндеттемелерді тіркеу туралы хабарламаны (тапсырысты) өзгерту жүргізілмейді. Шарт сомасының өзгеруі бойынша қосымша келісімдерді тіркеу м ы н а д а й :

сапасы, көлемдері өзгермеуі шарты және берушінің таңдауы үшін негізгі болып табылатын басқа да шарттар кезінде бағаның кемітілуі бөлінісінде ш а р т т ы ң с о м а с ы к е м і г е н ;

табиғи немесе мемлекеттік монополия субъектілерімен, үлесі осындай рынокта жүз пайызға тең анықталған тауар рыногінде басым (монополиялық) жағдаймен айналысатын немесе бір көзден балама болмаған кезде жасасқан берушілермен ш а р т т ы ң с о м а с ы өзгерген;

мемлекеттік сатып алу мәні болып табылмайтын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алуға ш а р т т ы ң с о м а с ы өзгерген;

шарттың жалпы сомасы өзгермеген бір жылдан артық мерзімге жасалған шарттың ағымдағы қаржы жылында сомасы өзгерген жағдайларда берілген рұқсаттардың қалдығы ш е г і н д е болады.

99. Бір жылдан артық мерзімге жасалған шарттың жалпы сомасының өзгеруі бойынша қосымша келісімді тіркеу осы Ереженің 98-тармағында санамаланған жағдайларда мүмкін болады. Шарт тараптарының өзгеруі тараптардың қайта ұйымдастырылуына және мемлекеттік мекеменің функцияларын басқа мемлекеттік мекемеге беруге байланысты жүзеге асырылады.

100. Шарттардың сомасы өзгерген кезде мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық органына тіркеуге негізгі шартқа қосымша келісім мен бұрын орындалған міндеттемелерді ескере отырып шарттың жаңа сомасына өтінім б е р е д і .

101. Шарттың бұзылған жағдайда, мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық комитетіне шартты бұзу туралы келісім немесе шарттың бұзылуы туралы хабарлама және есептемелерді салыстыру актісін ұсынады. Берушінің мемлекеттік мекеме алдында берешегі болған кезде шартты бұзуды тіркеуге б о л м а й д ы .

102. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушілермен немесе бюджет қаражаттарын алушылармен мемлекеттік мекеме жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) төлеу үшін мынадай шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері үшін ағымдағы қаржы жылына шарттың сомасының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде аванстық (а л д ы н а л а) т ө л е м ж а с а л а д ы :

131 "Тамақ өнімдерін сатып алу",

132 "Дәрі-дәрмектер және өзге де медициналық мақсаттағы құралдар",

134 "Зат түріндегі мүліктік заттарды және басқа нысандық және арнайы киім-кешектерді сатып алу, тігу және жөндеу",

135 "Ерекше жабдықтар мен материалдар сатып алу",

139 "Өзге де тауарлар сатып алу",

149 "Өзге де қызметтер мен тауарлар" - ауылдағы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарымен шарт жасасқан кезде,

411 "Активтер сатып алу",

412 "Ғимараттар мен құрылыстар сатып алу".

102-1. Аурулардың шетелде емделуін көздейтін шығыстарды төлеу үшін шығыстардың экономикалық сыныптамасының 149 "Өзге де қызметтер мен жұмыстар" ерекшелігі бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 70 пайызы мөлшерінде аванстық (алдын ала) төлемге рұқсат етіледі.

Ескерту. 102-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

103. 145 "Жылытқаны үшін ақы төлеу" шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша аванстық (алдын ала) төлемге ағымдағы қаржы жылына жасалған шарттың сомасының 30 пайызынан аспайтын мөлшерде отын сатып алу бөлігінде ғана рұқсат етіледі. Осы Ереженің 102 және 102-1-тармақтарында көрсетілген тізбеге енбейтін шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша, оның ішінде 149 "Өзге де қызметтер мен жұмыстар" ерекшелігі бойынша аванстық (алдын ала) төлемге ағымдағы қаржы жылына жасалған шарттың сомасының 30 пайызынан аспайтын мөлшерде рұқсат етіледі. 147 "Үй-жайды жалдауға ақы төлеу", 141 "Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу" және 144 "Электр энергиясына ақы төлеу" шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері үшін аванстық (алдын ала) төлемге рұқсат берілмейді.

Ескерту. 103-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

103-1. Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру үшін астықты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Мемлекеттік астық ресурстарын басқару агентіне ақша қаражатын аудару Қазақстан Республикасы Үкіметінің жыл сайынғы шешімімен анықталатын астықты көктемгі-жазғы қаржыландыруға және күзгі сатып алуға арналған сома мөлшеріндегі біржолғы төлемдермен жүзеге асырылады.

Ескерту. 103-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.28. N 639 қаулысымен.

104. Аванстық (алдын ала) төлем сомасын өтеу қаржы жылының ішінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) беру көлемімен және ағымдағы қаржы жылында мемлекеттік мекеме жасаған азаматтық-құқықтық мәміле шарттарында

көзделген оларды беру туралы құжаттармен расталады.

Тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) келесі ақы төлеу тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) беруге арналған шартта айқындалған және ағымдағы қаржы жылының аяғына дейін алдын ала төлем сомасын жеткізілімдердің (жұмыстардың, қызметтердің) алынған көлемімен растауды қамтамасыз ету үшін келесі төлемдердің мөлшерін белгілейтін тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

105. Бюджеттік кредит беру жөніндегі азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың тізілімдеріне енгізілген мемлекеттік талаптардың тізіліміне оларды енгізгеннен кейін жүргізіледі.

106. Республикалық бюджет қаражаты есебінен бюджеттік кредит беру шарттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен, жергілікті бюджеттер қаражаттарының есебінен - жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен анықталады.

107. Шетел берушілерімен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізуге шетел валютасында шарттар жасасуды тіркеуге Қазақстан Республикасында талап етілген көлемде және сапада осы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу мүмкіндігі болмаған кезде рұқсат етіледі. Шетел валютасында төлем жүргізу мемлекеттік мекеменің сыртқы экономикалық қызметіне байланысты және бюджеттік бағдарламаның паспортында сипатталған іс-шараларға сәйкес жүзеге асырылады.

108. Шетел валютасында азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу үшін мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық органына тиісті деректемелерді көрсете отырып, шарттың түпнұсқасын береді. Шетел валютасында тауарлардың импорты бойынша азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу үшін мемлекеттік мекеме бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның кедендік бақылау бойынша тиісті бөлімшесі ресімдеген мәміленің паспортын ұсынады. Курстық бағамға байланысты азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу сомасынан талап етілген төлеу сомасының асып түсуіне міндеттемелерді тіркеуге қосымша өтінімді мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық органға бергеннен кейін ҚР ББС шығыстардың экономикалық сыныптамасының тиісті кодтары бойынша берілген рұқсат қалдығының шегінде мүмкіндік беріледі.

12-тарау. Азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу кезінде мемлекеттік мекемелер ұсынатын құжаттарға қойылатын талаптар

109. Мемлекеттік мекеме жасасқан шартқа бірінші басшы немесе оған уәкілеттік берілген тұлға қол қоюы және тараптардың мөртабандарымен расталуы қажет. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) мемлекеттік сатып

алуды жүзеге асыру кезінде шарт мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарына сәйкес келуі қажет.

Шарт әрбір тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) беруші немесе бюджет қаражаттарын алушы бойынша жасалады. Егер тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) беруші немесе бюджет қаражаттарын алушыға ақы төлеу шығыстар сыныптамасының бір бюджеттік бағдарламасының, кіші бағдарламасының әртүрлі ерекшеліктері бойынша жүргізілген жағдайда, шығыстардың бюджеттік сыныптамасының әрбір коды бойынша міндеттемелерді тіркеуге өтінім бере отырып, бір шарт жасауға болады. Шартта шығыстардың бюджеттік сыныптамасының әрбір коды бойынша сома бөлінген жалпы сома болуы қажет.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен бюджеттік кредит беру туралы шарт (келісім) жасасуды Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

Жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен бюджеттік кредиттерді беру туралы шарттар (келісімдер) жасасуды жергілікті атқарушы органның - әкімнің атынан немесе уәкілеттік берілген тұлға жүзеге асырады.

110. Шартта мынадай ақпарат:

заңды тұлғалар үшін тараптардың толық атауы және шартқа қол қоюға уәкілеттік берілген тұлға туралы мәлімет; жеке тұлғалар үшін тегі, аты, әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжаттардың деректері;

тараптардың мекен-жайы, салық төлеушінің тіркелген нөмірі (Қазақстан Республикасының резиденттері үшін);

тараптардың банктік деректемелері: берушінің дербес сәйкестендіру кодын, ұлттық валютада есеп айырысу үшін қызмет көрсететін банктің атауы мен бірегейлеу коды. Шетел валютасында есеп айырысу үшін банк-корреспондентте қызмет көрсететін банктің деректемелері міндетті түрде көрсетіледі;

бюджеттік бағдарламаның, кіші бағдарлама мен ерекшеліктің атауы;

ш а р т т ы ң м ә н і ;

жұмыстарды, қызметтерді орындау және тауарларды жеткізу мерзімі;

тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) ақы төлеу мерзімі;

шарттың талаптарын орындамағаны және тиісінше орындамағаны үшін тараптардың жауапкершілігі болуы қажет.

Жоғарыда санамаланған талаптар ескерілмеген, сондай-ақ қолмен жазылған шартты аумақтық қазынашылық органына тіркеуге беруге болмайды.

Шарт аумақтық қазынашылық органдарында тіркелген сәттен бастап күшіне е н е д і .

111. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) беруге арналған шарттар осы Ереженің 110-тармағында көрсетілген мәліметтерге қосымша мыналарды:

берілетін тауарлардың (орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін

қызметтердің) көлемін, бірлік үшін бағаны, шарттың жалпы құнын; тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізушілердің немесе бюджет қаражатын алушылардың шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы туралы куәландыратын құжаттарды көрсете отырып берілген тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) қабылдау-тапсыру тәртібін;

тауарларды беру (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) мерзімі мен көлемін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) беруші немесе бюджет қаражатын алушы міндеттемелердің орындалу біркелкілігіне қойылатын талаптарды қамтамасыз етуі және айлар бойынша құндық тұрғыда тиісті бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша мемлекеттік мекемелердің төлемдерімен қаржыландырудың жеке жоспарында көрсетілген сомаға сәйкес болуы тиіс; тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) бергені үшін төлемдерді жасаудың тәртібін қамтуы тиіс.

112. Мемлекеттік мекемелер алушыларға қызмет көрсету жөніндегі әрбір Банк/Агентпен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Агенттік келісім жасайды және қол қоюға құқығы бар лауазымды тұлғалардың қолының үлгісі мен мөрдің бедері бар құжатты оған ұсынады.

Агенттік келісім мыналарды қамтуы тиіс:
тараптардың толық атауы және мекен-жайы;
бюджеттік бағдарламаның атауы;
агенттік келісім жасаудың мәні;
агенттік қызметінің, олар орындайтын жұмыстар мен қызметтердің құрамы және мазмұны;

агент орындайтын жұмыстар мен қызметтердің құны;
жұмыстар мен қызметтерді орындау мерзімі;
төлемдерді және жобаны қаржыландыру жөніндегі есептерді іске асырудың, бюджеттік кредитті берудің және қаражатты бюджетке қайтарудың (қайталама қаржыландыру жағдайында) тәртібі мен әдістері;
бюджет қаражаттарын агенттің шотына аударудың кестесі;
агенттің бюджет қаражаттарының пайдаланылуын растайтын құжаттардың тізбесі, беру тәртібі және мерзімі;
қаржылық агенттің қызметтерін төлеу көздері және тәртібі;
агенттік келісім тараптарының өзара міндеттемелері;
агенттік келісімінің шарттарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптардың жауапкершілігі;

13-тарау. Міндеттемелерді тіркеуге арналған өтінімдерді ресімдеу және ұсыну, міндеттемелерді тіркеу туралы хабарлама (тапсырыс) беру

113. Өтінім тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) әрбір берушіге немесе бюджет қаражаттарын алушыға және бір немесе одан артық тауарлар (жұмыстар, қызметтер) атаулары үшін ҚР ББС әрбір коды бойынша жеке-жеке ұсынылады.

114. Өтінімге мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы немесе уәкілеттік берілген тұлға, бас бухгалтер қол қояды және мөрмен куәландырылады. Басшы немесе уәкілеттік берілген тұлға, бас бухгалтер өтінімнің дұрыс ресімделуі үшін жауап береді. Өтінімге басшы немесе уәкілеттік берілген тұлға (және/немесе) бас бухгалтер болмаған жағдайда, бұйрыққа сәйкес олардың міндеттерін орындаушы тұлғалар қол қояды.

115. Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен қарыз шартының аясында тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алуға арналған азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеген кезде мемлекеттік мекеме бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісілген 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемелерді тіркеуге арналған өтінімді аумақтық қазынашылық органына ұсынады.

116. Мемлекеттік мекеме өтінімдерге рет нөмірін береді және "Күні" бағанын толтырады. "N мемлекеттік мекеме" тор көзінде мемлекеттік мекеменің коды көрсетіледі. "Мемлекеттік мекеменің атауы" бағанында мемлекеттік мекеменің толық атауы көрсетіледі.

"Бюджеттің түрі" бағанында мыналардың есебінен шығыстар жасалатын бюджет:

01 - республикалық бюджет,
02 - облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттері,

03 - аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет көрсетіледі.

"Қаржыландыру көзі" бағанында:

1 - бюджет есебінен шығыстар үшін,
2 - үкіметтік сыртқы қарыздар есебінен шығыстар үшін шығыстардың түрлері көрсетіледі.

"Шығыстарды сипаттау" бағанында ҚР ББС экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстардың ерекшелігіне сәйкес келетін шығыстардың түрлері, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу әдістері көрсетіледі. Осы тор көзде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) мемлекеттік сатып алу кезінде конкурсты өткізу қорытындылары хаттамасының немесе бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның тиісті бөлімшесінің бір көзден сатып алуға хаты-келісімінің (растама) нөмірі және күні көрсетіледі. Мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасы Үкіметінің (жергілікті атқарушы органдардың) шешімдеріне сәйкес шарт жасасқан жағдайда, осы тор көзде Қазақстан Республикасының Үкіметі (жергілікті атқарушы органдар) шешімінің нөмірі

және күні, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушінің немесе бюджет қаражатын алушының ДСК көрсетіледі.

"Бюджеттік сыныптама коды" бағанында дәйекті түрде бюджеттік бағдарламаның, бюджеттік бағдарламаның, кіші бағдарламаның әкімшісінің кодтары, шығыстардың ерекшеліктері көрсетіледі. "Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) атауы" бағанында жасасқан шартқа сәйкес берілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) атауы толтырылады. Бюджет сыныптамасының кодтары және тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) атауы жасасқан шарттардың мазмұнына сәйкес келуі тиіс.

"Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушінің (бюджет қаражатын алушының атауы және мекен-жайы, беруші (бюджет қаражатын алушы) банкінің атауы және БСК" бағанында беруші (бюджет қаражатын алушы) коды, атауы, заңды мекен-жайы, салық төлеушінің тіркеу нөмірі және оның банктік деректемесі (ағымдағы шотының жеке сәйкестендірілген коды, қызмет көрсететін банктің атауы және банктік сәйкестендірілген коды) көрсетіледі.

"Саны", "Баға" және "Сома" бағанында тауарлар (жұмыстар, қызметтер) тобының мөлшері бірлік үшін бағасы және ұлттық валютадағы жалпы құны көрсетіледі. Жұмыстардың және қызметтердің бірыңғай өлшеуіштері болмаған жағдайда "Саны" бағанында 1 (бірлік) көрсетуге рұқсат етіледі. "Сома" бағанының "Барлығы" жолында шарттың жалпы сомасы ұлттық валютада жазбаша көрсетіледі. Өтінімнің жалпы сомасы жасалған шартта көрсетілген ҚР ББС әрбір кодының сомасына сәйкес келуі тиіс.

Шетелдік валютадағы азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеу кезінде өтінімнің жалпы сомасы нарықтық бағамы бойынша тіркеу күніне есептелген ұлттық валютада келтіріледі.

Өтінімнің "Төлем кестесі" бөлімінің "Құжат - негіздеме" бағанында құжаттың атауы көрсетіледі, оның негізінде төлем жүргізіледі. Осындай құжаттар мемлекеттік мекеменің және тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) берушісі немесе бюджет қаражатын, мемлекеттік сатып хаттамасын алушының арасындағы шарт болуы мүмкін.

Өтінімнің "Төлем кестесі" бөлімінің "Төлем күні" және "Сома" бағандарында тиісінше жоспарланатын төлем күні мен сомасы көрсетіледі. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) беру туралы шарттың талаптарына сәйкес аванстық (алдын ала) төлемді өтеуді ескере отырып, аванстық (алдын ала) төлемнің мөлшері және жеткізілетін тауарлардың (орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) төлем сомасы көрсетіледі. "Сома" бағанындағы жолдардың жалпы сомасы өтінімнің жалпы сомасына сәйкес келуі тиіс.

Өтінімнің "Төлем кестесі" бөлімінің "% Өтінімдер" бағанында шартқа сәйкес айлар бойынша бөлінген аванстық (алдын ала) өтінімнің проценті және төлем

с о м а с ы

к ө р с е т і л е д і .

117. Міндеттемелерді тіркеу туралы Хабарлама (Тапсырыс) (бұдан әрі - Хабарлама (Тапсырыс)) мемлекеттік мекеме құжаттарды берген күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде қазынашылықтың аумақтық органы бекіткен өтінімнің негізінде қалыптастырылады.

118. Хабарлама (Тапсырыс) мемлекеттік мекеменің тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) берушісімен жасаған азаматтық-құқықтық мәмілесін тіркелуін растайтын құжат болып табылады.

119. Мемлекеттік мекеменің тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) берушісімен немесе үш миллион теңгеге дейін сомаға бюджет қаражатын алушымен жасаған азаматтық-құқықтық мәмілесін тіркеу кезінде 32, 33-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Хабарлама (Тапсырыс) қалыптастырылады, жауапты орындаушының қолымен және мөртаңбасымен расталады, қазынашылықтың аумақтық органының бірінші басшысы немесе оған уәкілетті тұлға қол қояды, мөрмен растайды. Жауапты орындаушының мөрімен расталған Шарттың түпнұсқасының екі данасын қоса бере отырып 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Хабарлама (Тапсырыс) мемлекеттік мекемеге беріледі, жауапты орындаушының мөрімен расталған шарттың көшірмесін қоса бере отырып 33-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Хабарлама (Тапсырыс) қазынашылықтың аумақтық органында қалады.

120. "Түпкілікті" мәртебесімен төлеуге берілген шотты өткізген кезде қазынашылықтың аумақтық органы 32, 33-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Хабарламаның (Тапсырыстың) қосымша даналарын қалыптастырады. Хабарлама (Тапсырыстар) 32, 33-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жауапты орындаушының қолымен және мөртаңбамен куәландырылады, қазынашылықтың аумақтық органының басшысы немесе оған уәкілетті тұлға қол қояды. Хабарлама (Тапсырыс) 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындалған және тіркелген міндеттемелерге есеп жүргізу үшін мемлекеттік мекемеге беріледі. Хабарлама (Тапсырыс) 33-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекеменің орындалған міндеттемелерін жабу үшін қазынашылықтың аумақтық о р г а н ы н д а қ а л а д ы .

121. Мемлекеттік мекеменің бюджет қаражатын алушымен үш миллион теңгеден жоғары сомаға жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеу кезінде 30, 31, 32, 33-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Хабарлама (Тапсырыс) қалыптастырылады. Барлық даналарына қазынашылықтың аумақтық органының жауапты орындаушысы бұрыштама қояды, оның бірінші басшысы немесе оған уәкілетті тұлға қол қояды және мөрмен куәландырылады.

"Сипаттау" алаңында Хабарлама (Тапсырыс) 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлемді тағайындауды сипаттаудан басқа берушінің ЖСК да

к ө р с е т і л е д і .

122. Хабарлама (Тапсырыс) 30, 31, 32-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша мемлекеттік мекемеге беріледі. Хабарламаның (Тапсырыстың) алынған даналарына мемлекеттік мекеменің басшысы немесе оларға уәкілетті тұлға, бас бухгалтер қол қояды және мөрмен куәландырылады.

123. Мемлекеттік мекеме 30, 31-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша бюджет қаражатын алушыға Хабарламаны (Тапсырысты) береді.

124. Хабарлама (Тапсырыс) 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджет қаражатын алушы екінші деңгейдегі банкке немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға беріледі, онда бюджет қаражатын алушының банктік шоты ашылған.

125. Жауапты орындаушының мөртаңбасымен куәландырылған шарт түпнұсқасының екі данасын қоса бере отырып 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Хабарлама (Тапсырыс) мемлекеттік мекемеге беріледі, жауапты орындаушының мөртаңбасымен куәландырылған шарттың көшірмесін қоса бере отырып 33-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Хабарлама (Тапсырыс) қазынашылықтың аумақтық органында қалады.

5-бөлім. Төлемдерді жүзеге асыру тәртібі

14-тарау. Ұлттық валютада қолма-қол емес нысанда төлемдерді жүргізу

126. Мемлекеттік мекемелердің төлемдері тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшасының бақылау шоттарындағы немесе мемлекеттік мекемелердің шоттарындағы бос қалдықтардың шегінде жүргізіледі. Тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшасының бақылау шоттарының ашылуы және жабылуын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктерді құру немесе жою кезінде бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган жүргізеді. Қолма-қол ақшаның бақылау шоттарының жеке сәйкестендірме кодтарын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдарға және мемлекеттік мекемелерге тапсырады және ж е т к і з е д і .

127. Қолма-қол ақшаның тиісті бақылау шоттарында ақшаның жетіспеушілігі болған жағдайда бірінші кезектегі тәртіппен қазынашылықтың аумақтық органы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың шешімдерінде белгіленген бюджет шығыстарының басым бағыттары бойынша төлемдерді жүргізеді, қалған төлемдер кезекті тәртіппен төлеуге берілетін шоттардың түсуімен жүргізіледі.

128. Ақша аудару мемлекеттік мекеменің қазынашылықтың аумақтық органына табыс етілген ақша төлеу туралы нұсқау болып табылатын төлеуге берілетін шоттың негізінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекеме - ақша

аударушы қазынашылықтың аумақтық органына басшының немесе оларға уәкілетті тұлғаның қолымен және төлемнің негізділігін растайтын мемлекеттік мекеменің мөрімен куәландырған тиісті құжаттардың көшірмелерін оған қоса бере отырып 34-қосымшаға сәйкес екі данада төлеуге берілетін шотты көрсетеді.

129. Төлеуге берілетін шотты онда көрсетілген күннен он күнтізбелік күннің ішінде қазынашылықтың аумақтық органы қабылдайды.

"Ағымдағы" мәртебесімен төлеуге берілетін шот - ол алдын ала төлеуді қоса алғанда мемлекеттік мекеменің тиісті міндеттемесінің аралық төлемін жүзеге асыру үшін қалыптастырылатын төлеуге берілетін шот.

"Түпкілікті" мәртебесімен төлеуге берілетін шот - ол мемлекеттік мекеменің тиісті міндеттемесінің түпкілікті төлемін жүзеге асыру үшін қалыптастырылатын төлеуге берілетін шот.

Мемлекеттік мекеме қазынашылықтың аумақтық органына берілген төлеуге берілетін шоттардың негізділігін және растайтын құжаттардың сенімділігін қамтамасыз етеді.

130. Қазынашылықтың аумақтық органы төлеуге берілетін шоттарды толтырудың дұрыстығын және негізділігін тексергеннен кейін ұсынылған төлеуге берілетін шоттарды енгізеді және бекітеді. Осы Ережеде келтірілген талаптарға сәйкес келмейтін мемлекеттік мекеме берген төлеуге берілетін шоттар енгізуге және бекітуге жатпайды.

131. Қазынашылықтың аумақтық органы жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер берген бекітілген төлеуге берілетін шоттардан пакеттерді қалыптастырады. Бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік мекеменің кассалық шығыстарды жүргізу күні 35-қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік мекемелер бойынша төлемдер тізілімі" 4-20-нысанына бекітілген төлеуге берілетін шотты енгізу күні болып табылады.

"Төлемді тағайындау" бағанында төлеуге берілетін шотта көзделген мәліметтердің негізінде үш миллион теңгеден жоғары сомаға төлем құжатын қалыптастыру кезінде құжаттың атауы, нөмірі және күні көрсетіледі, оның негізінде ақшаны аудару, Хабарламаның (Тапсырыстың) нөмірі және күні, сондай-ақ "ағымдағы" немесе "түпкілікті" төлемдерінің мәртебесі жүзеге асырылады.

132. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер берген бекітілген төлеуге берілетін шоттардан пакеттерді қалыптастырады.

"Төлемді тағайындау" бағанында міндетті түрде төлеуге берілетін шотта көзделген мәліметтердің негізінде үш миллион теңгеден жоғары сомаға төлем құжатын қалыптастыру кезінде құжаттың атауы, нөмірі және күні көрсетіледі, оның негізінде ақшаны аудару, хабарламаның (тапсырыстың) нөмірі және күні,

сондай-ақ "ағымдағы" немесе "түпкілікті" төлемдерінің мәртебесі жүзеге асырылады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қалыптастырылған пакеттерден төлем құжаттарын қалыптастырады. БҚШ ақшаны есептен шығару ҚР ҰБ белгілеген тәртіппен ҚХЕО арқылы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жіберген төлем құжаттарының негізінде жүргізіледі.

133. Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары және ҚХЕО арқылы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша төлемдер жүргізу кезінде есепті айдан кейінгі бесі күніне дейін төлем құжатымен бірге екі данада қағаз түрімен, сондай-ақ магниттік түрлермен мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің тізімдері беріледі. Мемлекеттік мекеме тізімдердің дұрыс жасалуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 133-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

134. Мемлекеттік мекемелер жалақыны төлеуге арналған төлеуге берілген шоттарды есептіден кейінгі айдың бесінші күніне дейін, ал ағымдағы қаржы жылының соңғы айында жиырмасыншы күніне дейін аумақтық қазынашылық органдарына береді.

Ескерту. 134-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

134-1. Жалақы мен өзге де төлемдерді қызметкерлерге екінші деңгейдегі банктерде ашылған олардың карт-шоттарына төлеуге берілген шотпен бірге аудару жөніндегі төлемдерді жүргізу үшін қызметкерлердің тізімін мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық органына ҚХЕО белгілеген форматта электрондық жеткізгіште береді. Төлеуге берілген шоттар және электрондық жеткізгіштегі қызметкерлердің тізімі осы Ережеге 37-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жалақыны, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды аудару бойынша төлеуге берілген шоттардың тізіліміне сәйкес беріледі, онда оларды есепке алу және бақылау үшін төлеуге берілген шоттар бойынша мәліметтер көрсетіледі.

Ескерту. 134-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

135. Төлем жүргізгеннен кейін төлеуге берілетін шоттың екінші данасы және бір күн бұрын жүргізілген төлемдер бойынша қалыптастырылған есептер төлем жүргізу күнін көрсете отырып қазынашылықтың аумақтық органының жауапты орындаушысының қолымен және мөртаңбасымен куәландырылады және мемлекеттік мекемеге беріледі.

Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне екінші деңгейдегі банктерде ашылған олардың карт-шоттарына жалақы мен өзге де төлемдерді, міндетті

зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды аудару жөніндегі төлемдерді жүргізу кезінде ақша алушылардың тиісті шоттарына жүргізілген төлемдер бойынша үзінді көшірмелер (бұдан әрі - үзінді көшірмелер) қалыптастырылады. Үзінді көшірмелерді операциялық күнді жапқаннан кейін есептерді қалыптастыруға жауапты аумақтық қазынашылық органының жауапты орындаушысы қалыптастырады. Үзінді көшірмелердің әрбір беті төлемді жүргізу күнін көрсете отырып, оның мөрімен және мөртабанымен расталады және төлеуге берілген шотпен бірге мемлекеттік мекемеге беріледі.

Үзінді көшірмелер мемлекеттік мекеме олардың негізінде қызметкерлердің тізімін және тиісінше карт-шоттарға, жинақтаушы зейнетақы қорларына, жалақы, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша бастапқы құжаттардың деректері бар Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударылған соманы әрбір жол бойынша салыстырып тексеруге жүзеге асыратын құжаттар болып табылады. Үзінді көшірмелерді алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде үзінді көшірмелер деректерінің бастапқы құжаттардың деректерімен сәйкес келмеуі болған кезде мемлекеттік мекеме есептелген және аударылған сома бойынша алшақтық туралы ақпаратты бере отырып аумақтық қазынашылық органына түсінік алу үшін жазбаша өтініш жасайды. Үзінді көшірмелерді мемлекеттік мекеме жалақы, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар бойынша бастапқы құжаттармен бірге тігеді және олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде сақталады.

Ескерту. 135-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

136. Субсидиялар төлеу бойынша төлемдер жүргізу кезінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қазынашылықтың аумақтық органына Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімінде көзделген төлемнің негізділігін растайтын құжаттарды төлеуге берілетін шотпен береді.

137. Қазынашылықтың аумақтық органы мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган 36-қосымшаға сәйкес "Шоттардағы қалдықтар туралы есеп" 5-34-нысаны бойынша тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшасының айналымдары мен қалдықтарына бақылау шоттары бойынша ай сайын
с а л ы с т ы р у ж ү р г і з е д і .

138. Қазынашылықтың аумақтық органы мен қызмет көрсететін мемлекеттік мекеме арасындағы кассалық шығыстарды салыстыру 35-қосымшаға сәйкес "Шығыстар жөніндегі жиынтық есеп" 4-20-нысаны бойынша тоқсанның соңғы айынан кейінгі айдың бірінші күні жүргізіледі. Нысан қазынашылықтың аумақтық органы мен мемлекеттік мекемелер басшыларының қолдарымен және олардың мөрлерімен куәландырылады.

139. Қазынашылықтың аумақтық органы қазынашылықтың аумақтық

органының басшысы бекіткен мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету кестесіне сәйкес жалақы төлеу жөніндегі операцияларды жүзеге асырады.

**15-тарау. Ұлттық валютада қолма-қол ақшасыз
нысандағы төлемдер жүргізудің негізділігін
тексеру кезінде қойылатын талаптар**

140. Мемлекеттік мекеме қазынашылықтың аумақтық органына Төлеуге берілетін шоттың тізілімін қоса бере отырып төлеуге берілетін шотты береді. 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Төлеуге берілетін шоттың тізілімі - құжат, онда қазынашылықтың аумақтық органына шығыс операцияларын жүргізу үшін мемлекеттік мекеме берген олардың орындалуын бақылау және жүргізу үшін төлеуге берілетін шоттар көрсетіледі.

141. Мемлекеттік мекеме жасаған азаматтық құқықтық мәмілелер жөніндегі төлемдер қазынашылықтың аумақтық органында мәмілелер тіркелгеннен кейін ғана жүзеге асырылады. Аванстық (алдын ала) төлем жүргізу үшін мемлекеттік мекеме төлеуге берілетін шотты береді. Берілген тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) төлеу үшін төлеуге берілетін шотқа берушінің тауарларының (жұмыстарының, қызметтерінің) немесе бюджет қаражатын алушының шот-фактуралары, тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттары (кесімдер), жасалған шартқа сәйкес орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актілері қоса беріледі. 147 "Үй-жайды жалдауға ақы төлеу", 141 "Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу", 144 "Электрэнергиясына ақы төлеу", сондай-ақ отын сатып алудан басқа 145 "Жылуға ақы төлеу" ерекшеліктері бойынша төлемдер жүргізу кезінде ақы төлеу жүргізілетін есепті тоқсаннан кейінгі айдың бірі күні берушімен дебиторлық берешектің болмауын растайтын салыстыру актісінің осы тармағында көрсетілген растайтын құжаттарға қосымша төлеуге берілетін шотқа бер у қ а ж е т .

142. Қазынашылықтың аумақтық органы:

Төлеуге берілетін шоттардың тізіліміне сәйкес мемлекеттік мекеменің төлеуге берілетін шотын және растайтын құжаттарын қабылдайды;
төлеуге берілетін шоттарды ресімдеудің және растайтын құжаттардың д ұ р ы с т ы ғ ы н т е к с е р е д і ;

мемлекеттік мекеменің қолдары мен мөрлерінің үлгілері бар құжатқа төлеуге берілетін шоттың қолдары мен мөрлерінің сәйкестігін т е к с е р е д і ;

мемлекеттік мекеменің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушімен немесе бюджет қаражатын алушымен жасаған тіркелген азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша Хабарламаның (Тапсырыстың) тиісті деректерімен төлеуге берілетін шоттың деректерін салыстырады;

тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушінің немесе бюджет қаражатын

алушының деректерін салыстырады;
төлеуге берілетін шотта көрсетілген мәліметтердің растайтын құжаттардың деректерімен сәйкестігін тексереді;
мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің тізімдері қорытынды сомасының жалақы, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша төлемдерді жүргізу кезінде төлеуге берілген шоттарда көрсетілген сомамен сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Ескерту. 142-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

143. Талаптар деректері сәйкес келген кезде төлеуге берілетін шотты үш жұмыс күнінің ішінде Төлеуге берілетін шоттардың тізіліміне сәйкес мемлекеттік мекемеден оларды қабылдау күнінен бастап қазынашылықтың аумақтық органы орындайды. Талаптардың деректері сәйкес келмеген кезде төлеуге берілетін шот үш жұмыс күнінің ішінде қателерін көрсете отырып оларды жою үшін қазынашылықтың аумақтық органы басшысының қолы бар ресми хатпен қайтарылады.

16-тарау. Төлеуге берілетін шотты ресімдеу

144. Төлеуге берілетін шот мемлекеттік мекеме басшысының немесе оларға уәкілетті тұлғалардың қолдарын және қолдар мен мөр бедерінің үлгілері бар құжаттарға сәйкес мемлекеттік мекеме мөрінің бедерін қамтуы тиіс.

145. Төлеуге берілетін шотта "ағымдағы" немесе "түпкілікті" мәртебесі көрсетілуі тиіс. "Ағымдағы" төлеуге берілетін шот аванстық (алдын ала) төлемді қоса алғанда Міндеттемелерді тіркеу туралы тиісті хабарламаны (тапсырысты) алдын ала төлеу кезінде беріледі. "Түпкілікті" мәртебесі бар төлеуге берілетін шот мемлекеттік мекеменің тиісті міндеттемесінің түпкілікті төлемін жүзеге асыру үшін беріледі.

Төлеуге берілетін шоттарда нөмірі мен күні көрсетіледі.

146. Төлеуге берілетін шот қазынашылықтың аумақтық органына мемлекеттік мекеме берген күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде орындалады.

147. "Мемлекеттік мекеме" бөлімінде "Атауы", "Коды", "СТН" бағандарында мемлекеттік мекеменің атауы, тиісінше мемлекеттік мекеме салық төлеушісінің коды және тіркеу нөмірі толтырылады.

148. "Аумақтық қазынашылық" бағанында: облыстар, Астана, Алматы қалаларының, аудандардың қазынашылық департаменттері, БСК 195301070, бюджеттің қолма-қол ақшасы бақылау шотының жеке сәйкестірме коды (ЖСК) немесе мемлекеттік мекеменің шоттары көрсетіледі, ол бойынша төлем жүргізіледі.

149. "Қаржыландыру көзі" бағанында өзінің есебінен төлем жүргізілетін

қаржыландыру көзі мынадай нышанмен көрсетіледі:

- 1 - үкіметтік сыртқы қарыз қаражатынан басқа бюджет есебінен,
- 2 - үкіметтік сыртқы қарыз есебінен,
- 3 - мемлекеттік мекеменің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақша есебінен,
- 4 - мемлекеттік мекеменің демеушілік және қайырымдылық көмектен алатын а қ ш а е с е б і н е н ,
- 5 - мемлекеттік мекемелердің депозит шоттарына есептеген ақша есебінен,
- 8 - айырықша шығыстар есебінен,

I - бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның қазынашылық жүйесінде ашылған аккредитив есебінен.

150. "Бюджеттің түрі" бағанында өзінің есебінен төлем жүргізілетін мынадай белгі қоя отырып, бюджет көрсетіледі:

- 01 - республикалық бюджет,
- 02 - облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың б ю д ж е т т е р і ,

03 - аудандық (облыстық бюджеттің қалалары) бюджет.

"Шығыстардың БСК" бағаны бюджеттен немесе мемлекеттік мекеменің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақша есебінен шығыс операцияларын жүзеге асыру кезінде толтырылады, онда дәйекті түрде мыналар көрсетіледі:

бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды (үш белгі),
бюджеттік бағдарламаның коды (үш белгі),
бюджеттік кіші бағдарламаның коды (үш белгі),
шығыстардың экономикалық сыныптама ерекшелігінің коды (үш белгі) - бюджет қаражаты есебінен төлемдерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеменің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақша есебінен төлемдерді жүзеге асыру кезінде ақылы қызметтер түрінің коды (екі белгі) көрсетіледі.

151. "Кірістердің БСК" бағаны бюджетке төлемдерді жүзеге асыру кезінде толтырылады.

"КОД", "БЕК", "ТТК" бағандарын толтыру банктік заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

152. Хабарламаға (Тапсырысқа) сәйкес төлем жүргізу кезінде тиісті өтінімнің, Хабарламаның (Тапсырыстың) және тиісті Хабарлама (Тапсырыс) бойынша соңынан төленген төлемге берілетін шоттың нөмірі мен күні көрсетіледі.

"Беруші" бөлімінде "Атауы", "Коды", "СТН" бағандарында тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушінің немесе бюджет қаражатын алушының атауы, салық төлеушінің немесе бюджет қаражатын алушының коды және тіркеу

н ө м і р і

т о л т ы р ы л а д ы .

153. "ЖСК", "БСК", "Банк" бағандарында тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) беруші немесе бюджет қаражатын алушы жеке сәйкестірме коды және тиісінше қызмет көрсететін банктің атауы көрсетіледі. Қажет болған жағдайда "Делдалдың ЖСК, БСК" бағанында қызмет көрсететін банк нөмірі, банктік сәйкестірме код, делдал банк шотының жеке сәйкестірме коды к ө р с е т і л е д і .

154. "Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) атауы" бағанында төлемді тағайындау, төлем жүргізу үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы, нөмірі және күні, Хабарлама (Тапсырыстың) нөмірі және күні, төлемнің (ағымдағы, түпкілікті) мәртебесі көрсетіледі. Азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша берілген тауарлар (орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер) үшін төлемдер бойынша шартты және оның негізінде мемлекеттік мекеме қабылдаған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) - жүкқұжаттарды, жасалған шартқа сәйкес орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) кесімдер құжатын көрсету қажет. Төлемнің аккредитивті нысаны кезінде аккредитивтің ашылуы туралы өтінімнің нөмірі мен күні және "ағымдағы" немесе "түпкілікті" төлеуге берілетін шоттың мәртебесі көрсетіледі.

155. "Өлшем бірлігі", "Саны", "Бағасы", "Сомасы" бағандарында тиісінше өлшем бірлігі, бірліктегі саны, теңгемен тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны көрсетіледі. Жұмыстар мен қызметтердің бірыңғай өлшеуіші болмаған кезде "Өлшем бірлігі" бағаны толтырылмайды, "Саны" бағанына бірлік қ о й ы л а д ы .

"Өлшем бірлігі", "Саны", "Бағасы" бағандары:

қайтарымсыз негізде мемлекеттік мекеме және жеке тұлғалар-бюджет қаражатын алушылар арасындағы еңбек қатынастарының негізінде жүзеге а с ы р ы л а т ы н ;

заңды және жеке тұлғалардың трансферттер бойынша; трансферттер және к р е д и т т е р ;

сыйақы төлеу бойынша және ішкі мен сыртқы борыштың негізгі сомасын ө т е у ;

инкассалық өкімдерді орындауға арналған шығыстар бойынша төлемдер бойынша төлеуге берілетін шоттарда толтырылмайды.

156. Тіркелген азаматтық-құқықтық мәмілелерді төлеу бойынша төлеуге берілетін шотта көрсетілген шығыстардың бюджеттік сыныптамасының коды өтінімде көрсетілген шығыстардың бюджеттік сыныптамасының кодына ұқсас б о л у ы т и і с .

157. Бюджетке түсетін түсімдерді және жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын аудару жөніндегі төлеуге берілетін шотта

теңгемен тұтас сома көрсетіледі, тиындарымен түпкілікті есеп айырысу жылына бір рет желтоқсан айында жүргізіледі.

17-тарау. Шетелдік валютада төлемдер жүргізу

158. Шетелдік валютада төлемдерді жүргізу бюджеттік бағдарламаның паспортында сипатталған мемлекеттік мекеменің халықаралық қызметімен және ынтымақтастығымен байланысты іс-шараларға сәйкес жүзеге асырылады.

159. Шетелдік валютада төлемдерді жүзеге асыру үшін қазынашылықтың аумақтық органы мемлекеттік мекеме берген төлеуге берілетін шоттың және осы Ережеге 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік валютаны сатып алуға арналған өтініштің негізінде ұлттық валютаны шетелдікіне айырбастауды жүргізеді. Шетелдік валютаны айырбастауға төлеуге берілетін шотта тауардың (жұмыстың, қызметтің) әрбір түрінің бірлігінің бағасы, құны және жалпы сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен белгілі төлеу күніне валютаны айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада қ а й т а е с е п т е л е д і .

Мемлекеттік мекеме отыз күнтізбелік күннің ішінде ішкі валюталық рынокта айырбасталатын валюталық қаражатты пайдаланбаған кезде қазынашылықтың аумақтық органы кейіннен бюджетке қалпына келтіре отырып тиісті бюджеттің қолма-қол ақшасының бақылау шоттарына қаражатты қалпына келтіру және аудару жөнінде шаралар қабылдайды.

160. Шетелдік валютаны аудару мемлекеттік мекеме өтінімінің негізінде осы Ереженің 39-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шетелдік валютаны аударуға ж ү р г і з і л е д і .

Шетелдік валютаны сату кезінде мемлекеттік мекеме қазынашылықтың аумақтық органына 40-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік валютаны сатуға өтінім береді.

18-тарау. Инкассалық өкімдерді орындау

161. Инкассалық өкімдерді орындау мемлекеттік мекеме тиісті төлеуге берілетін шотты бергеннен кейін жүргізіледі.

Мемлекеттік мекеменің шотынан ақшаны алу инкассалық өкімдерді көрсеткеннен кейін жүргізіледі. Инкассалық өкім орындаушы парақтардың немесе соттардың шешімдері, үкімдері, анықтаулары және қаулылары бойынша берілген бұйрықтардың немесе ақшаны өндіріп алу туралы сот бұйрықтарының негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да негіздер бойынша орындауын көрсете отырып талап етіледі.

Салық (кеден) органдары берешегінің сомаларын өндіріп алуға арналған орындаушы құжаттар бойынша инкассалық өкімді мемлекеттік мекеменің орналасқан жері бойынша қазынашылықтың аумақтық органдарына орындауын көрсете отырып талап етіледі.

162. Инкассалық өкім салық қызметі органдарының және кеден органдарының инкассалық өкімдерінің беру жағдайларын қоспағанда Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген нормалардың негізінде орындаушы құжаттардың түпнұскаларын немесе осы өндіріп алудың негізділігін растайтын көшірмелерін қоса бере отырып қазынашылықтың аумақтық органына беріледі. Инкассалық өкімде төлемді тағайындау көрсетіледі және ақшаны жіберушінің келісімінсіз ақшаны алу құқығын көздейтін заңнамалық кесімге

м ә м і л е ж а с а л а д ы .

Мемлекеттік мекемелер көрсеткен атқарушы құжаттар бойынша талаптарды қанағаттандыру ағымдағы жылға бөлінген бюджет қаражаттары, сондай-ақ шығыстардың функционалдық сыныптамасының бағдарламасы, кіші бағдарламасы және бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшелігі бойынша мемлекеттік мекеменің иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынған ақша есебінен соңында жүргізіледі.

163. Қазынашылықтың аумақтық органы орындаушы құжаттар бойынша инкассалық өкімдерді алған күні инкассалық өкімнің көшірмелерін қоса бере отырып хат-хабарламаны қалыптастырады және оның атына өкім (бұдан әрі - Бөрышқор) шығарылған мемлекеттік мекемеге береді. Мемлекеттік мекеме өзінің жоғары тұрған мекемесін-бюджеттік бағдарламаның (егер Бөрышқор бюджеттік бағдарламаның әкімшісі болып табылмаса) әкімшісін хабардар етеді.

Мемлекеттік мекеме хат-хабарламаны алғаннан кейін екі жұмыс күнінің ішінде қазынашылықтың аумақтық органына инкассалық өкім түскеннен кейін тиісті төлемді жүргізу үшін төлеуге берілетін шотты қалыптастырады. Тиісті ерекшелік бойынша жоспарлы соманың қалдығы жетпеген немесе болмаған кезде міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізіледі және осы Ережеде белгіленген тәртіппен шығыстардың экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшеліктері бойынша рұқсат беру жүргізіледі.

Мемлекеттік мекеме тиісті ерекшелік бойынша сомалар болмаған жағдайда хат-хабарламаны алған сәттен бастап үш жұмыс күнінің ішінде шығыстардың бюджеттік сыныптамасының кодын көрсете отырып хатты қазынашылықтың аумақтық органына береді, ол бойынша қазынашылықтың аумақтық органы шығыс операцияларының жүргізілуін тоқтатады. Көрсетілген хатты мемлекеттік мекеме бермеген кезде қазынашылықтың аумақтық органы 110 "Жалақы", 120 "" Жұмыс берушілердің жарналары" кіші сыныптарын қоспағанда "Әкімшілік шығыстары" бағдарламасы бойынша шығыс операцияларын жүргізуді сап тияды.

Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес атқарушы құжаттар бойынша инкассалық өкімдерді уақытылы орындауды

қамтамасыз етеді. Қазынашылықтың аумақтық органы мемлекеттік мекеменің қаржыландырудың жеке жоспарын тиісті өзгерткеннен және төлеуге берілетін шотты соңынан бергеннен кейін инкассалық өкімді орындайды.

164. Берешек сомасын өндіріп алуға арналған салық қызметі органдарының және кеден органдарының инкассалық өкімі шығыстардың бюджеттік сыныптамасының тиісті коды бойынша берілген рұқсаттар қалдығының шегінде орындалады. Соманы өндіріп алуға арналған салық қызметі органдарының және кеден органдарының инкассалық өкімін аумақтық салық органдары мемлекеттік мекеменің орналасқан жері бойынша қазынашылықтың аумақтық органдарына орындауын көрсете отырып талап етеді.

Мемлекеттік мекемеге талап етілетін салық қызметі органдарының және кеден органдарының инкассалық өкімдерін қанағаттандыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шығыстардың бюджеттік сыныптамасының тиісті кодтары бойынша жүргізіледі.

Салық қызметі органдарының және кеден органдарының инкассалық өкімін ала отырып қазынашылықтың аумақтық органы бір жұмыс күнінің ішінде инкассалық өкімнің көшірмелерін қоса бере отырып хат-хабарламаны қалыптастырады және мемлекеттік мекемеге жібереді.

Мемлекеттік мекеме хат-хабарламаны алған күні шығыстардың бюджеттік сыныптамасының тиісті коды бойынша төлеуге берілетін шотты қазынашылық аумақтық органына қалыптастырады және береді.

Осы тармақта белгіленген нормалар орындалмаған жағдайда қазынашылықтың аумақтық органы салық (кеден) органдарының инкассалық өкімдерінің орындалу кезеңіне мемлекеттік мекеменің әкімшілік шығыстарын ж ұ м с а у д ы т о қ т а т а д ы .

Тиісті ерекшеліктер бойынша жоспарлы сомалардың қалдығы жетіспеген немесе болмаған кезде салық қызметі органдарының және кеден органдарының инкассалық өкімдерін орындау үшін осы Ережеде белгіленген тәртіппен шығыстардың экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшеліктері бойынша міндеттемелер мен төлемдер жөніндегі қаржыландыру жоспарларына өзгерістер е н г і з і л е д і .

Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес салық қызметі органдарының және кеден органдарының инкассалық өкімдерді уақытылы орындауды қамтамасыз етеді. Қазынашылықтың аумақтық органы мемлекеттік мекеменің қаржыландырудың жеке жоспарын тиісті өзгерткеннен және төлеуге берілетін шотты соңынан бергеннен кейін салық қызметі органдарының және кеден органдарының инкассалық өкімін орындайды.

Салық қызметі органдарының және кеден органдарының орындаушы

құжаттары бойынша инкассалық өкім қазынашылықтың аумақтық органындағы инкассалық өкімдерді тіркеу журналында тіркеледі.

19-тарау. Есеп айырысулардың аккредитивтік нысанын пайдалану

165. Аккредитив республикалық бюджет қаражаты есебінен мынадай есеп айырысулар кезінде:

ағымдағы қаржы жылы аяқталу мерзімі аяқталатын инвестициялық жобалар (бағдарламалар) бойынша;

Қазақстан Республикасының Үкіметі ағымдағы қаржы жылының соңғы айында төтенше резервтен қаражат бөлу туралы шешім қабылдаған жағдайда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою кезінде;

Қазақстан Республикасы бей резиденттерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізуге құжаттамалы есеп айырысулар үшін шетелдік валютада шарттар жасасу кезінде пайдаланылады.

166. Шетелдік валютада аккредитивті ашу ағымдағы қаржы жылы үшін мемлекеттік мекеме және тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушілер немесе бюджет қаражатын алушы арасында тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізу жөніндегі шарттың орындалуын ұзартқан жағдайда жол беріледі. Жасалған шарттар бойынша бір қаржы жылынан жоғары мерзімге аккредитивті ашу шарттың қолданылу мерзімінің соңғы жылы жүргізіледі.

167. Ағымдағы қаржы жылы үшін 165-тармақта көрсетілген шығыстар бойынша шарттардың орындалуын ұзарту Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімдерінің негізінде жүргізіледі.

168. Ұлттық валютадағы аккредитив тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) берушілерімен республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік мекеме жасаған азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркегеннен кейін тегін негізде ашылады. Шартта тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) есеп айырысуларының аккредитив нысаны мен шарттың қолданылу мерзімінен аспайтын аккредитивтің орындалу шарты мен қолданылу мерзімі көзделуі тиіс.

169. Аккредитивті ашу үшін мемлекеттік мекеме ұлттық валютада мыналарды:

қазынашылықтың аумақтық органына 41-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төрт данада өтінімді;

бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мемлекеттік мекеме мен берушінің арасындағы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізу жөніндегі шарттың көшірмесін қоса бере отырып есеп айырысудың аккредитивтік нысанын қолдану көрсетілген аккредитивтің ашылуы туралы хатты ұсынады.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі берілген құжаттарды ресімдеудің

дұрыстығын тексере отырып, бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға аккредитивтің ашылуы туралы қолдаухатты жібереді.

Ұлттық валютада аккредитивті ашуға арналған құжаттар Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен қаражат бөлу жағдайларын қоспағанда ағымдағы қаржы жылының 15 желтоқсанынан кешіктірмей қазынашылықтың аумақтық органына беріледі.

170. Мемлекеттік мекеме аккредитивті орындауға берілген құжаттардағы деректердің растығын, құжаттарды ресімдеудің толықтығы мен дұрыстығын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

171. Шетелдік валютадағы аккредитив ҚР ҰБ белгілеген тәртіппен аккредитивті ашуға азаматтық-құқықтық мәмілені тіркегеннен және мемлекеттік мекеме өтінім бергеннен кейін ашылады.

172. Шетелдік валютада аккредитивті ашу аккредитивтің түрі, бенефициар, орындаушы банк, құжаттардың тізбесі туралы ақпаратты ұстайтын шарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі, оның негізінде аккредитив және аккредитивтің қолданылу мерзімі орындалады. Аккредитивті ашуға арналған өтінім шарттың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

173. Шетелдік валютада ашылған аккредитивтің пайдаланылмаған сомаларын қайтару аккредитивтің қолданысы аяқталған күннен бастап бір жұмыс күнінің ішінде мемлекеттік мекеме беретін төлеуге берілетін шоттың негізінде жүргізіледі. Ағымдағы жылдың пайдаланылмаған сомалары бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшелігі бойынша кассалық шығыстарды қалпына келтіруге, өткен жылдардың - тиісті бюджетінің кірісіне ж і б е р і л е д і .

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша карточкаларда берушінің пайдасына ашылған әрбір аккредитив жөнінде мемлекеттік мекемелердің аккредитивтеріне талдамалы есеп жүргізеді.

20-тарау. Демеушілік және қайырымдылық көмектің шоттары бойынша төлемдер жүргізу

174. Мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде заңды және жеке тұлғалардан алатын ақшаны пайдалана алады. Демеушілік және қайырымдылық көмек түріндегі қаражат ұлттық та және шетелдік те валюта түрінде де түсе алады. Демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақша жөніндегі ж о с п а р л а р ж а с а л м а й д ы .

175. Демеушілік және қайырымдылық көмектер үшін шоттарды ашу, енгізу және жабу бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

176. Мемлекеттік мекеме демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен

ақшаны нысаналы пайдалануды қамтамасыз етеді.

177. Демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен ақшаның жұмсалуды мемлекеттік мекеменің тиісті шотында олардың қалдығы шегінде жүзеге асырылады.

178. Кассаға мемлекеттік мекеменің қолма-қол ақшаны қабылдауы оларды қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей демеушілік және қайырымдылық көмектің шотына есептелуі тиіс. Осы ақшаны уәкілетті банктің бөлімшесіне алдын ала тапсырмай жұмсауға жол берілмейді.

179. Мемлекеттік мекеме демеушілік және қайырымдылық көмектің шотына түскен қолма-қол ақшаның мемлекеттік мекемеге уақытылы мен толықтық түсуін қамтамасыз етеді.

180. Демеушілік және қайырымдылық көмектен қолма-қол ақшамен операциялар жөніндегі банктік қызметтерді төлеуді банкпен олардың шарт арасындағы негізінде демеушілік және қайырымдылық көмек есебінен мемлекеттік мекеме жүргізеді.

181. Ағымдағы жылы демеушілік және қайырымдылық көмекті пайдаланбаған мемлекеттік мекеме нысаналы түрде келесі жылы оны нысаналы түрде пайдалана алады.

182. Демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен ақшаны жете пайдаланбаған жағдайда осы ақшаны салушы оларды қайтаруға құқығы бар.

183. Мемлекеттік мекеме, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, нысанда және мерзімдерде демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен ақшаның түсуі және жұмсалуды туралы есепті жасайды.

21-тарау. Мемлекеттік мекемелердің депозит шоттары бойынша төлемдер жүргізуі

184. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының Заң актілеріне және осы Ережеге сәйкес уақытша иелік ету үшін мемлекеттік мекемеге берілетін депозит шоттарынан түсетін ақшаны иелік етеді. Депозит ақша жөнінде жоспар жасалмайды.

185. Депозит шоттарын ашу, енгізу және жабу бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

186. Мемлекеттік мекеменің уақытша пайдалану үшін ұлттық және шетелдік валютада түсетін ақша оларды аударған тұлғаларға қайтару белгілі бір шарттар пайда болған кезде өзге мақсаттарға жұмсау құқығынсыз Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аударуға жатады.

187. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес тиісті алушыларға депозит шоттарынан ақшаны белгілі бір талаптар пайда

22-тарау. Мемлекеттік мекемелерді қолма-қол ақшамен қамтамасыз ету

193. Қызметкерлерге жалақы, шетелдік валютада іссапар шығыстары мен басқа да ақшалай төлемдерді, сондай-ақ жеке мұқтаждарын төлеу үшін мемлекеттік мекемелерді қолма-қол ақшамен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

23-тарау. Мемлекеттік мекемелердің жүргізілген төлемдерін қайтару

194. Мемлекеттік мекемеге берушінің республикалық және жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшасының бақылау шоттарына дұрыс жүргізілмеген төлемдерді, оған сатушы көрсеткен талаптарға сәйкес келмеген кезде саудаға (конкурстарға, аукциондарға) қатысу үшін мемлекеттік мекеме енгізген кепілдік жарнасының сомасын қайтару және ағымдағы жылдың дебиторлық берешегін өтеуі (бұдан әрі - қалпына келтіру) бір қаржы жылының шетелде ҚР ББС шығыстарының бюджеттік сыныптамасының тиісті кодтары бойынша орындалмаған міндеттемелердің сомаларын ұлғайту және кассалық шығыстарын азайту арқылы жүзеге асырылады.

Қазынашылықтың аумақтық органы төлемдерді қалпына келтіру бойынша төлем құжаты тиісті мемлекеттік мекемеге беріледі.

Мемлекеттік мекеме қалпына келтіруді жүзеге асыру үшін қазынашылықтың аумақтық органына төлемді қайтару бойынша төлем құжатын алған күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде хат-негіздемені береді.

Өткен жылдардың дебиторлық берешегін қайтару сомасы ақша қаражатын қайтаруға төлем құжатын алған күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде мемлекеттік мекеме берген төлеуге берілетін шоттың негізінде кірістердің бюджеттік сыныптамасының тиісті кодына арналған бюджетке есептеуге жатады.

6-бөлім. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) олардың иелігінде қалған ақшаны пайдалану тәртібі

24-тарау. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін олардың иелігінде қалған ақша

195. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақша тиісті бюджетке есептеуге жатады.

196. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде оның негізгі қызметіне жатпайтын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) мемлекеттік мекемелердің сату құқығы көзделсе, оған ақы төлеу міндетті сипатқа ие болмаса және жеке немесе заңды тұлғалардың келісімі бойынша анықталады, онда тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақша мемлекеттік мекеменің иелігінде

қ а л а д ы .

197. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін олардың иелігінде қалған ақша осы Ережеде белгіленген тәртіппен жоспарланады және пайдаланылады. Осы ақшаға билік етушілер мемлекеттік мекеменің басшылары болып табылады, олар олардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуі тиіс.

198. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін олардың иелігінде қалған ақша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақшаны есепке алу үшін ашылған мемлекеттік мекеменің шотына есептеледі.

199. Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер тауарлары (жұмыстары, қызметтері) тізбесінің сыныптаушысы, оларды сатудан түскен ақша Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес шығыстардың функционалдық сыныптамасының кодтарын, тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) түрлерін, түсімдердің пайда болу көздерін және пайда болу бағыттарын көрсете отырып олардың иелігінде қалады.

200. Функционалдық топтардың, Функционалдық кіші топтардың, мемлекеттік мекемелердің - бағдарламалар әкімшілерінің, бағдарламалардың, кіші бағдарламалардың кодтары Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ҚР ББС құрамында шығыстардың бюджеттік сыныптамасына сәйкес анықталады .

25-тарау. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін олардың иелігінде қалған түсімдер мен ақша шығыстары жоспарын қалыптастыру және бекіту

201. Мемлекеттік мекеме тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін өздерінің иелігінде қалған ақша есебінен операциялар жүргізу үшін жыл сайын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әрбір түрі бойынша мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін олардың иелігінде қалған түсімдер мен ақша шығыстары жоспарын (бұдан әрі - жоспар) ж а с а й д ы .

202. Жоспар мынадай тәртіппен 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ж а с а л а д ы :

кіріс бөлігіне олардың бекітілген тізбесіне сәйкес сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) тиісті түрлері бойынша қаражаттың және қаржы жылының басындағы сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) осы түрі бойынша да қаражат қалдығының түсімдері енеді. Сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) түрлерін сақтаған жағдайда есепті жылдың 31 желтоқсанында пайда болған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан

алынатын ақшаның қалдықтары жаңа қаржы жылының сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) тиісті түрі жоспарының кіріс бөлігіне, сақталмаған жағдайда тиісті бюджеттердің кіріс бөлігіне ауыстырылады;

жоспардың шығыс бөлігіне шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) түрлері бойынша шығыстар енгізіледі.

203. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік мекеменің тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қойған бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша кірістер мен шығыстар жөніндегі түсіндірме жазбаны және негізделген есеп айырысуларды қоса бере отырып 3 данада жоспарлар бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне бекітуге беріледі.

204. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі:

жоспарлардың негізінде 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 2 данада тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әрбір түрі бойынша мемлекеттік мекемелердің (бұдан әрі - мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспар) тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен олардың иелігінде қалған түсімдер мен ақша шығындары жоспарын қалыптастырады және бекітеді;

келесі қаржы жылының 15 қаңтарына дейінгі мерзімде бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органға тауарлар (жұмыстар, қызметтер) түрлерінің бөлінісінде әрбір мемлекеттік мекеме бойынша жоспарлармен бірге мемлекеттік мекемелер бойынша жоспарды келісуге береді. Мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспарға бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қойған бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша түсімдер мен шығыстардың әрбір түрі бойынша түсіндірме жазба мен негізделген есептемелер қоса беріледі.

205. Жоспардың жалпы сомасы сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әрбір түрі бойынша және жоспардың әрбір көрсеткіші бойынша мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспардың сомасына тең болуы тиіс.

206. Мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспардың оған тіркелген есептемелердің жасалуының дұрыстығына бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жауап береді.

207. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган келісуге берген мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспар тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынатын қаражаттың түсу көздерінің негізділігіне, кірістерді есептеудің толықтығы мен дұрыстығына және қаражатты жұмсаудың нысаналы бағыттылығына тексеріледі, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысымен келісіледі және мөрмен куәландырылады.

208. Мемлекеттік мекемелер жөніндегі келісілген жоспардың бір данасы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органда қалады, екіншісі бюджеттік

бағдарламалардың әкімшісіне беріледі.

209. Әрбір мемлекеттік мекеменің жоспарын 3 данада бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы бекітеді.

210. Бекітілген жоспардың бір данасы бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінде қалады.

211. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бекітілген жоспардың екі данасын мемлекеттік мекемеге береді.

212. Әрбір мемлекеттік мекеме бойынша бекітілген жоспар болмайынша мемлекеттік мекеменің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақшаның түсімдері мен шығыстарының жоспарын бекітуге әкімші жол бермейді.

213. Мемлекеттік мекеме бекітілген жоспардың бір данасын өзіне қалдырады, екіншісін қазынашылықтың аумақтық органына береді.

214. Қазынашылықтың аумақтық органы бекітілген жоспарға сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақшаны есепке алу үшін шоттың қолданылу мерзімін ашуды немесе ұзартуды жүзеге асырады.

215. Қаржы жылының 15 қаңтарына дейін жоспар бекітілмеген жағдайда мемлекеттік мекеме өткен қаржы жылының 31 желтоқсанына тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақша қалдығының шегінде 1 ақпанға дейінгі мерзімде ағымдағы қаржы жылының жоспарына жүргізілген шығыстардың сомаларын міндетті түрде қоса отырып, шығыстар жүргізе алады.

216. Егер мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспар бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органға 15 ақпанға дейін келісу үшін берілмесе және 1 наурызға дейін келісілмесе, онда қаржы жылының 1 қаңтарынан бастап 1 наурызына дейін түскен ақша және өткен қаржы жылының 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қалыптасқан және келесі қаржы жылының 1 ақпанына арналған жағдай бойынша пайдаланылмаған қаражат қалдығы үш жұмыс күнінің ішінде тиісті бюджеттің кірісіне 1 наурыздан кейін аударуға жатады.

217. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақшаны есепке алу үшін шоттар бойынша қолма-қол ақшамен операциялар жөнінде банктік қызметтерге ақы төлеу олар мен банк немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында жасалған шарттың негізінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынатын қаражат есебінен мемлекеттік мекемелер жүргізеді. Банктік қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар жоспардың шығыс бөлігінде көрсетіледі.

218. Бекітілген және келісілген жоспарлардың қолданылуы қаржы жылының 31 желтоқсанында тоқтатылады.

26-тарау. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін олардың

иелігінде қалған түсімдер мен ақша шығыстарының жоспарларына өзгерістер енгізу

219. Бір жылдың ішінде жоспарда көзделген сомадан тыс түскен кірістер ағымдағы жылы оларға өзгерістер енгізу арқылы жоспарды және мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспарды нақтылау шартымен жұмсалуды мүмкін.

220. Жоспарда көзделген сомадан тыс кірістер түскен кезде жоспарға және мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспарға өзгерістер, ақылы қызметтердің әрбір түрі бойынша жылдық соманың шегінде ерекшеліктер мен тоқсандар арасындағы өзгерістерді енгізу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

мемлекеттік мекеме енгізілетін өзгерістер бойынша негіздемелер мен есептемелерді бере отырып 46-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жоспарға өзгерістер енгізу туралы анықтаманы бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне б е р е д і ;

бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі енгізілген өзгерістер бойынша негіздеме мен есептемелерді тексереді, 47-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспарға өзгерістер енгізу туралы анықтаманы жасайды және бекітеді, және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органға к е л і с у г е б е р е д і .

221. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспарға өзгерістер енгізу туралы берілген анықтаманы қарайды, енгізілген өзгерістер бойынша негіздеме мен есептемелерді тексереді.

222. Мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспарға өзгерістер енгізу туралы анықтама екі данада бекітіледі және келісіледі.

223. Бір данасы бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органда қалады, екінші данасы бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне беріледі.

224. Мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспарға өзгерістер енгізу туралы бекітілген және келісілген анықтаманың негізінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі үш данада жоспарға өзгерістер енгізу туралы анықтаманы бекітеді.

225. Әрбір мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспарға өзгерістер енгізу туралы бекітілген және келісілген анықтама болмайынша мемлекеттік мекеменің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақшаның түсімдері мен шығыстарының жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы бекітуге әкімші жол бермейді.

226. Бекітілген анықтаманың бір данасы бюджеттік бағдарламаның әкімшісінде қалады, екі данасы мемлекеттік мекемеге беріледі.

227. Мемлекеттік мекеме жоспарға өзгерістер енгізу туралы бекітілген анықтаманың бір данасын өзіне қалдырады, екіншісін қазынашылықтың а у м а қ т ы қ о р г а н ы н а б е р е д і .

228. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бекіткен және бюджетті атқару

жөніндегі уәкілетті органмен келісілген мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспарды және мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспарға өзгерістер енгізу туралы анықтаманы тіркеуді бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады, ал бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бекіткен жоспарға өзгерістер енгізу туралы жоспар мен анықтаманы тіркеуді бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жүзеге асырады. Тіркеу жоспарларға және мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспарға, жоспарға және мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспарға өзгерістер енгізу туралы анықтамаларға хронологиялық тәртіппен нөмірлер бере отырып, журналда еркін нысанда жүргізіледі.

229. Сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) түрін және кірістер мен шығыстардың жылдық сомасын сақтау кезінде ҚР ББС бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасының кодтары өзгерген жағдайда жоспарлар мен мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспарлар ҚР ББС белгіленген тәртіппен өзгерістер енгізгеннен кейін бір айдың ішінде осы Ережеде белгіленген тәртіппен бекітіледі және келісіледі.

230. Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жаңа түрінің тізіліміне өзгерістер енген және жоспардың кіріс және шығысының жылдық сомасын ұлғайту қажет болған жағдайда осы Ережеде белгіленген тәртіппен жаңа жоспар және мемлекеттік мекемелер жөніндегі жоспар жасалады, келісіледі және бекітіледі.

27-тарау. Мемлекеттік мекемелердің иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақшаны есепке алу және бақылау

231. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан олардың иелігінде қалған ақшаның есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

232. Мемлекеттік мекемелердің иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақшаны есепке алу және есептілік бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

233. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан мемлекеттік мекемелер алатын ақша сақталатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақшаны есепке алу үшін шоттардың ашылу, жүргізілу және жабылу тәртібі бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның тиісті нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

234. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақша төлеушілерден, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынатын ақша сақталатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақшаны

есепке алу үшін шотқа немесе мемлекеттік мекеменің кассасына тікелей қолма-қол ақшамен аудару арқылы түсуі мүмкін. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынатын қаражат бойынша қолма-қол ақшаны белгіленген үлгіде түбіртектер немесе кіру кассалық ордерлерінің түбіртектерін бере отырып мемлекеттік мекеменің уәкілетті лауазымдық тұлғасы қабылдайды.

235. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан олардың иелігінде қалған ақша есебінен төлемдер тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақшаны есепке алу үшін ашылған мемлекеттік мекеменің шотында іс-жүзінде қолма-қол ақшаның болу шегінде жүзеге асырылады.

236. Түскен және бекітілген жоспарда көзделмеген ақша он жұмыс күнінің ішінде тиісті бюджеттің кірісіне мемлекеттік мекеменің аударуына жатады.

237. Жоспарда көзделген сомадан тыс бюджетке түскен ақшаның және түскен және бекітілген жоспарда көзделмеген ақшаның уақытылы есептелуін бақылауды қазынашылықтың аумақтық органы жүзеге асырады.

238. Кассаға мемлекеттік мекеме қабылдаған қолма-қол ақша оларды қабылдаған үш жұмыс күнінен кешіктірмей тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақшаны есепке алу үшін шотқа есептеледі. Осы ақшаны уәкілетті органның бөлімшесіне алдын ала өткізбей тұрып жұмсауға жол берілмейді.

239. Мемлекеттік мекеме басқа мемлекеттік мекемелерге тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатуды жүзеге асырады.

240. Мемлекеттік мекемеге бюджет қаражатын немесе заңнамаға сәйкес оған ашылатын шоттардан қаражат аударуға тиым салынады, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерін қоспағанда тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақшаны есепке алу үшін өз шотына депозит шотынан қаражатты тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақшаны есепке алу үшін шотқа аударуға рұқсат етіледі.

241. Депозит шотынан Қылмыстық-түзету жүйесі мекемесінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақшаны есепке алуға шотқа қаражат аудару үшін депозит шотынан ақша аударуға сотталғандардың өтініштерінің негізінде төлем тізімдемесі жасалады және оларды қазынашылықтың аумақтық органдарына береді.

242. Мемлекеттік мекемелер және бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, нысанда және мерзімдерде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін түсімдер мен ақша шығыстары жоспарының орындалуы туралы есепті жасайды.

7-бөлім. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері мен есептілігі

28-тарау. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу тәртібі

Ескерту. 28-тарау жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

243. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген түсімдердің есебінен қалыптастырылады.

244. ҚР ҰБ Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын есепке алу және оны жұмсау үшін теңгелік шот және шетелдік валютада түсетін қаражаттың теңгелік баламасын есепке алу үшін теңгемен тиісті шот ашады.

245. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айдың басына дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚР ҰБ-дағы шоттарына аударылатын мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін тікелей салықтардың түсімдер сомасының алдағы айға арналған болжамын ұсынады.

246. Ұлттық валютадағы түсімдер сомасы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотына (бұдан әрі - ҚР ҰҚ ҚБШ) жіберіледі. ҚР ҰҚ ҚБШ-да ескерілетін ағымдағы жұмыс күні ішіндегі түсімдер сомасы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның келесі жұмыс күнінен кешіктірмей ҚР ҰБ-дағы Үкіметтің теңгелік шотына аударуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсімдер сомасын аударуды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган күн сайын осы Ережеге 63-қосымшаға сәйкес 2-38-нысан бойынша қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесінде қалыптастырылатын төлем тапсырмасының негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін бюджетке түсетін түсімдердің артық төленген сомасын қайтарған немесе ол есепке алынған жағдайда ҚР ҰҚ ҚБШ-ға дебеттік сальдоға рұқсат етіледі.

Артық төленген соманы қайтару немесе есепке алу осы Ереженің 61-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

247. Шетелдік валютадағы түсімдердің сомасы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның шетелдік валютадағы корреспонденттік шоттарына есептеледі. Қайта айырбасталғаннан кейін теңгемен алынған сома Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ҚР ҰҚ ҚБШ-ға жіберіледі. ҚР ҰҚ ҚБШ-да ескерілетін ағымдағы жұмыс күні ішіндегі түсімдердің сомасын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның дәл сол жұмыс күні шетелдік валютада түсетін қаражаттың теңгелік баламасын

есепке алу үшін Үкіметтің тиісті шотына теңгемен аударуға тиіс.

Орталық уәкілетті орган ҚР ҰБ белгілеген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шоттарына есептелетін шетелдік валютаны дәйекті түрде қайта айырбастау және айырбастау операциясы үшін хабарламалар, өтініштер беру соманы теңгемен және есептеу кестесін сақтайды.

248. ҚР ҰБ кастодиандардан алынған ақпараттың негізінде есепке алу әдісімен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан алынған инвестициялық кірістерді есепке алуды жүргізеді. Инвестициялық кірістердің сомасы Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры кастодианының шоттарында Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры активтерінің құрамында көрсетіледі.

249. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ай сайын есептіден кейінгі айдың бірінші күніне Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы Ережеге 50-1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдер мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚР ҰБ-дағы шоттарына аударымдар туралы есепті береді.

250. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін өзге түсімдер мен кірістерді заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасы Үкіметінің шоттарына аударады.

28-1-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын пайдалану тәртібі

Ескерту. 28-1-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

251. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын пайдалану Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген мақсаттарға ғана жүзеге асырылады.

252. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдік берілген трансферт бөлуге арналған өтінімді (бұдан әрі - өтінім) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы немесе бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы уәкілеттік берген тұлға қол қойған осы Ережеге 48-қосымшаға сәйкес 2-37 нысан бойынша әрбір айдың 25-күніне бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жасайды және келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей ҚР ҰБ-ға жібереді.

Өтінімде республикалық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы бюджет қаражатының қалдығын және республикалық бюджетке түсетін түсімдер бойынша болжамдарды ескере отырып, бюджеттік даму бағдарламаларын қаржыландыру үшін қажет кепілдік берілген трансферт көлемі көрсетіледі.

Келесі айларда тиісті түзетумен белгілі бір айда кепілдік берілген трансферттің көлемін түзетуді (азайтуды не арттыруды) талап ететін факторлар

туындаған кезде республикалық бюджет түсімдерінің және оны қаржыландырудың жиынтық жоспарына толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Өткен қаржы жылында аударылмаған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке кепілдік берілген трансферттің сомасын Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджет комиссиясының шешімі бойынша ағымдағы қаржы жылының басына олардың пайдаланылмаған сомасынан аспайтын көлемде алдыңғы жылдың республикалық бюджеттік даму бағдарламаларын қаржыландыру үшін ағымдағы қаржы жылында пайдалануға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Өткен қаржы жылында аударылмаған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке кепілдік берілген трансферт сомасының есебінен алдыңғы жылдың республикалық бюджеттік даму бағдарламаларын қаржыландыру үшін республикалық бюджет түсімдерінің және оны қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер кепілдік берілген трансферттің аударылмаған қалдығының сомасына республикалық бюджетті түзегеннен кейін енгізіледі.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджет түсімдерінің және оны қаржыландырудың жиынтық жоспарының өзгерген сомасын оған өзгерістер енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ҚР Ұ Б - ға ж е т к і з е д і .

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджет түсімдерінің және оны қаржыландырудың жиынтық жоспарын бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке кепілдік берілген трансферттің бекітілген көлемін айлар бойынша бөле отырып, ҚР ҰБ-ға жеткізеді және ҚР ҰБ аударуды жүзеге асыратын деректемелер туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке кепілдік берілген трансфертті аудару ай сайын өтінімнің негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке кепілдік берілген трансферт түрінде берілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын жұмсау қаржы жылы ішінде тиісті кезеңге арналған түсімдердің және қаржыландырудың жиынтық жоспарында бекітілген көлемнен аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады.

253. ҚР ҰБ бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган өтінімінің негізінде кепілдік берілген трансферттің мәлімделген сомасын оны алған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде республикалық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотына аударады.

Өтінімді орындау үшін қажет Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының теңгелей қаражатын есепке алу үшін Үкіметтің шотында ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда ҚР ҰБ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін есепке алу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотынан шетелдік валютадағы ақшаның немесе активтердің бір бөлігін ҚР ҰБ Басқармасы белгілеген тәртіппен қайта айырбастауды жүргізеді.

254. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқаруға байланысты шығыстарды жүзеге асыру үшін ҚР ҰБ бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ақы төлеу үшін шот-фактура жібереді.

255. Жыл сайынғы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жүзеге асыру үшін Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ҚР ҰБ-ға сыртқы аудитор ұсынған шот-фактураның көшірмесін және шығыстарды растау туралы х а б а р л а м а ж і б е р е д і .

255-1. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ҚР ҰБ мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалған сенімгерлік басқару туралы шартта (бұдан әрі - Сенімгерлік басқару туралы шарт) белгіленген мерзімде ҚР ҰБ-ға бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы немесе бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы уәкілеттік берген тұлға қол қойған осы Ережеге 49-қосымшаға сәйкес 2-36-нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шығыстарын растау туралы хабарлама жібереді.

ҚР ҰБ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шығыстарын растау туралы хабарламаның негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабуға арналған соманы Үкіметтің теңгелік шотынан есептен шығарады.

Хабарламаны орындау үшін қажет Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының теңгелей қаражатын есепке алу үшін Үкіметтің шотында ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда ҚР ҰБ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін есепке алу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотынан шетелдік валютадағы ақшаның немесе активтердің бір бөлігін ҚР ҰБ Басқармасы белгілеген тәртіппен қайта айырбастауды жүргізеді.

255-2. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган және ҚР ҰБ осы Ережеге 64-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ай сайын шетелдік валютада түсетін қаражаттың теңгелік баламасын есепке алу үшін Үкіметтің теңгелік шоты және Үкіметтің тиісті шоты бойынша ақша қозғалысын салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

29-тарау. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есепті жасаудың тәртібі мен нысандары

256. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы есептілік Бюджет кодексіне сәйкес жүргізіледі.

257. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы есеп есептен кейін тоқсанның бірі күні және бір жыл үшін тоқсан сайын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жасайды.

258. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есепті бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры аудитінің нәтижелерін енгізе отырып есептіден кейінгі жылдың 1 мамырына дейін жыл сайын ҚР ҰБ бірлесіп жасайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есеп мыналарды қамтиды:

1) 50-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті;

2) ҚР ҰБ Басқармасының қаулысымен бекітілген нысандар бойынша теңгерім мен есептерді:

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының активтерін сенімді басқару жөніндегі ҚР ҰБ теңгерімі;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының активтерін сенімді басқару жөніндегі ҚР ҰБ кірістері мен шығыстары туралы есеп;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының активтерін сенімді басқару жөніндегі ҚР ҰБ ақша қозғалысы туралы есептер;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының активтерін сенімді басқару жөніндегі ҚР ҰБ таза активтеріндегі өзгерістер туралы есептер.

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі өзге деректерді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ағымдағы жылдың 1 мамырынан кешіктірмей сыртқы аудитті жүргізудің нәтижелерімен бірге жылдық есепті Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге енгізеді.

Ескерту. 258-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.22. N 795 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

259. ҚР ҰБ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімді басқару туралы шартта көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жауап береді.

8-бөлім. Бюджеттік кредит беру тәртібі

30-тарау. Бюджеттік кредит беру бойынша қаржылық рәсімдер

260. Осы бөлімде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

банк-қарыз алушы - банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын банктер мен

ұйымдар болып табылады;

бюджеттік кредит - қайтарымдылық шұғыл және төлем негіздерінде тиісті бюджеттерден бөлінетін ақша;

қарыз алушы-банктер - қарыз алушы, жеке тұлғалар - Қазақстан Республикасының азаматтары, жергілікті атқарушы органдар, шет мемлекеттер;

түпкілікті қарыз алушы - Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, кредит беруші немесе қаржы агенті анықтаған шарттармен оған банк-қарыз алушы беретін бюджеттік кредитті түпкілікті алушы заңды және жеке тұлғалар;

кредит беруші - Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органдар;

сенім білдірілген өкіл (агент) - банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, кредит берушінің (сенім білдірушінің) атынан және есебінен, бюджеттік кредит беруге байланысты оның нұсқауларымен анықталған тапсырмаларға сәйкес тапсырма шарты негізінде жүзеге асыратын банктер немесе ұйымдар болып табылады.

Бюджеттік кредит беру Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың тиісінше республикалық және жергілікті бюджеттерді атқарудың құрамдас бөлігі болып табылады және түпкілікті қарыз алушыларға одан әрі кредит беру үшін қарыз алушыларға тиісті бюджеттерден бюджеттік кредит беру арқылы жүзеге асырылады.

261. Бюджеттік кредит беру шарттары мыналардың:

1) республикалық бюджет қаражаты есебінен - Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен - жергілікті атқарушы органдар анықтайды.

262. Бюджеттік кредит берудің міндетті шарты кредит берушінің мүддесін қамтамасыз ету, кредиттік тәуекелдің туындауын барынша азайту болып табылады.

263. Бюджеттік кредит беру:

республикалық бюджетте тиісті қаржы жылына арналып Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген;

жергілікті бюджеттерде тиісті қаржы жылына арналып мәслихаттардың шешімдерімен бекітілген тиісті бюджеттік бағдарламаларда анықталған мақсаттар мен сома шегінде беріледі.

264. Кредиттік шарт (келісім) заңмен ұсынылған шарттарды міндетті түрде қамтуы тиіс. Сондай-ақ, кредиттік шарт (келісім) бюджеттік кредитті беруге, пайдалануға, қызмет көрсетуге және өтеуге байланысты өзге де ережелерді

қ а м т у ы

м ү м к і н .

Кредиттік шартқа (келісімге) қол қойылған күннен бастап үш ай ішінде қарыз алушының бюджеттік кредит жөніндегі міндеттемелерді атқаруын қамтамасыз ететін тиісті шартқа (келісімге) қарыз алушы қол қоюы тиіс.

265. Кредиттік шарт ұлттық валютада да және шетелдік валютада да жасалады. Бюджеттік кредиттер сыйақының өзгермелі және тіркелген ставкасы түрінде де берілуі мүмкін.

266. Бюджеттік кредиттің мерзімі қарыз алушының есебіне бюджеттік кредит аударылған күннен бастап есептеледі.

267. Бюджеттік кредиттің негізгі борышын төлеу бойынша жеңілдік кезеңінің ұзақтығы қарыз алушы мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тиісті есептемелерімен расталады. Бұл ретте, жеңілдік кезеңінің ұзақтығы кредит мерзімі ұзақтығының үштен бірінен аспауы тиіс.

Қаржы агенттіктері үшін бюджеттік кредиттің негізгі борышын төлеу жөніндегі жеңілдік кезеңінің ұзақтығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен белгіленеді.

Ескерту: 267-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 3 тамыздағы N 245 *қаулысымен* .

268. Облыстардың (республикалық маңызды қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының бюджеттік кредиттері, қаржы агенттері, мемлекеттік білім беру және студенттік кредиттер бойынша сыйақы ставкаларын қоспағанда бюджеттік кредит бойынша сыйақылар ставкасы бюджеттік кредит мерзімі өтеуге дейінгі мерзіммен тең бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган эмитенттеген, бағалы қағаздардың ұйымдасқан қайталама рыногындағы операциялардың нәтижелері бойынша өткен тоқсанда қалыптасқан тиісті мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірістің орташа өлшемдік ставкасымен тең болып белгіленеді. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірістің орташа өлшемдік ставкасын анықтау тәртібі осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

269. Бюджеттік кредитті пайдаланғаны үшін сыйақы есептеу бюджеттік кредит қаражатын кредит берушінің шотынан қарыз алушының шотына аударылған күннен бастап, бюджеттік кредит қайта құрылымдау кезінде тиісті шартқа (келісімге) қол қойылған күнінен бастап жүзеге асырылады. Бюджеттік кредит бойынша сыйақы төлеу бірінші күнтізбелік жылдан кешіктірілмей б а с т а л а д ы .

270. Сыйақыны есептеу үшін жылдың 360 күні және айдың 30 күні есепке а л ы н а д ы .

271. Түпкілікті қарыз алушыға арналған ставканың мөлшері осы Ереженің 268-тармағына сәйкес анықталған, банк-қарыз алушы белгіленген банк-қарыз

алушы үшін тағайындалған екі еселенген сыйақы ставкасынан аспайды.

272. Егер, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган эмитенттеген, бағалы қағаздардың ұйымдасқан қайталама рыногындағы операциялар ағымдағы кезеңде жүргізілмесе, сыйақы ставкасы өткен кезеңнің тиісті валютасымен сыйақы ставкасына тең болып белгіленеді.

273. Жасасқан кредиттік шарттар қол қойылған күннен бастап үш күн ішінде:

республикалық бюджеттің қаражаты есебінен бюджеттік кредит бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда;

жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен бюджеттік кредит бойынша жергілікті атқарушы органдарда тіркеуге жатады.

274. Жергілікті атқарушы органдарға бюджеттік кредит беру тиісті мәслихаттардың шешімдері бар болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Кредиттік шарт (келісім) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдар арасында жасалады.

275. Жеке тұлғаларға бюджеттік кредит беру кезінде кредиттік шарт (келісім) кредит берушінің және жеке тұлғаның тапсыруы бойынша сенім білдірілген өкіл (агент) арасында жасалады.

276. Шет мемлекеттерге бюджеттік кредит беру Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес және бюджеттік кредит беру туралы халықаралық шартқа міндетті түрде күшіне енгізуге қажетті шет мемлекеттермен мемлекетішілік ресімдер жүргізілгеннен кейін республикалық бюджет қаражаты есебінен беріледі.

277. Негізгі борышты, сыйақыны және тиесілі өзге де төлемдерді өтеу кредиттік шартқа (келісімге) сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте, төлемдердің мынадай:

1) тұрақсыздық (айыппұлдар мен өсімдер) есептеу;

2) сыйақы есептеу;

3) негізгі борышты өтеу белгіленеді.

278. Республикалық және жергілікті бюджеттердің ақшасы есебінен берілген бюджеттік кредит қарыз алушы негізгі борыш сомасын қайтару және сыйақылар мен бюджеттік кредитке байланысты басқа да ілеспе төлемдерді толық көлемде төлеген кезінде өтелген болып саналады.

279. Қарыз алушы бюджеттік кредитті пайдалану мен өтеу шарттарын бұзған жағдайда кредит беруші кредиттік шартты (келісімді) мерзімінен бұрын бұза алады және бюджеттік кредиттің іс жүзінде ұсынылған сомасын, есептелген сыйақыны және өзге де тиесілі соманы қайтара алады.

280. Бюджеттік кредиттің мақсатқа сай жұмсалмаған фактісі ашылған кезде кредит беруші қарыз алушыдан мақсатқа сай жұмсалмаған қаражаттың сомасын

және мақсатқа сай жұмсалмаған сомадан жиырма бес пайыз мөлшерде айыппұл
ө н д і р і п а л а д ы .

Мақсатқа сай жұмсалмаған кредит сомасына сондай-ақ қарыз алушының кредиттік шартта (келісімде) анықталған бюджеттік кредитті игеру кезеңінен кейін пайдаланған сомасы да жатады.

281. Қарыз алушының бюджеттік кредит және кредиттік шарттың талаптарымен анықталған мерзім ішінде оның өтелмеуі бойынша берешектері пайда болған кезде кредит беруші мерзімі өткен әр күн үшін қайтаруға жататын сомадан нөл бүтін оннан бір пайыз мөлшерінде айыппұл пайыздарын есептейді.

282. Бюджеттік кредиттерді қайта құрылымдау тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе әкімдіктің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

283. Республикалық бюджет есебінен берілген бюджеттік кредитті қайта құрылымдау туралы шешімді "Республикалық бюджеттен берілген несиелерді, сондай-ақ мемлекеттік кепілдік берген қарыздардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 маусымдағы N 813 қаулысына сәйкес құрылған Ведомствоаралық комиссияның оң қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

284. Жергілікті бюджет есебінен берілген бюджеттік кредитті қайта құрылымдау туралы шешімді жергілікті атқарушы органның жанындағы консультативтік-кеңес органының оң қорытындысы негізінде жергілікті атқарушы орган қабылдайды.

285. Кредит берушілер арасындағы бюджеттік кредитті қайта құрылымдау кезінде кредит беруші, бағдарламалар әкімшісі және қарыз алушы арасында қайта құрылымдау туралы кредиттік шартқа қосымша келісім жасалады.

286. Бюджеттік кредитті қайта құрылымдау кезінде сыйақы ставкасын есептеу жүргізіледі. Бұл ретте бюджеттік кредитті өтеу немесе кезекті төлем мерзімін, кредит валютасын, сондай-ақ сыйақы ставкасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен немесе жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімімен бекітілген бюджеттің кіріс бөлігінің мөлшеріне әсер етпеуі тиіс.

31-тарау. Қарыз алушының кредитті төлеу қабілетінің өлшемдері

287. Банк-қарыз алушының кредитті төлеу қабілетіне қойылатын негізгі ө л ш е м д е р і м ы н а л а р :

1) республикалық және/немесе жергілікті бюджеттердің ақшасы есебінен бұрын алынған кредиттер бойынша мерзімі өткен берешектердің болмауы;

2) қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган пруденциялық нормативтерін конкурс өткізілген күннің

алдындағы соңғы үш ай ішінде сақтауы;

3) меншікті капиталы бюджеттік кредиттің сомасынан кемі екі есе артуы тиіс;

4) бюджеттік кредиттерді уақытылы қайтару бойынша қамтамасыз етілуінің б а р ы - ж о ғ ы ;

5) қажет болған кезде филиалдық желілер және/немесе хат-хабар желілерінің б а р ы - ж о ғ ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

288. Жергілікті атқарушы органдардың кредитті төлеу қабілетіне қойылатын негізгі өлшемдер бұрын алынған кредиттер бойынша мерзімі өткен берешектердің болмауы болып табылады.

289. Жеке тұлғаларға бюджеттік кредит беру кезінде кредитті төлеу қабілетін сенім білдірілген өкіл (агент) анықтайды.

290. Бюджеттік кредит алуға үміткер шет мемлекеттерінің кредитті төлеу қабілеті жетекші халықаралық рейтингтік агенттіктердің берген рейтингіне с ә й к е с а н ы қ т а л а д ы .

291. Сондай-ақ, кредит беруші қарыз алушының кредитті төлеу қабілетін анықтау үшін қосымша өлшемдерді белгілеуі мүмкін.

32-тарау. Банк-қарыз алушыларды іріктеу тәртібі

292. Бағдарламалар әкімшілерінің тиісті бюджеттерді қабылдағанынан кейін бір айдан аспайтын мерзім ішінде банк-қарыз алушыларды анықтау үшін үміткерлерге (бұдан әрі - үміткерлер) қойылатын талаптар анықталады.

293. Осы Ереженің 292-тармағын орындағаннан кейін бағдарламалар әкімшілері үш жұмыс күні ішінде кредит берушілермен келісу үшін конкурстық қ ұ ж а т т а м а л а р д ы ж і б е р е д і .

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде конкурстық құжаттамалармен келіседі және бұл жөнінде бағдарламалар әкімшілеріне х а б а р л а й д ы .

294. Бағдарламалар әкімшілері өтінім беру мерзімін көрсете отырып бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде кредит алу үшін конкурс ж а р и я л а й д ы .

295. Үміткерлер бағдарламалар әкімшілері анықтаған конкурс өткізу мерзімінде олардың конкурс талаптарына сәйкестігін растайтын және бюджеттік кредиттерді алу шарттары бойынша ұсыныстар мен олардың нақтылы бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде түпкілікті қарыз алушыға кредит беруді жүзеге асыруды қамтыған құжаттарды қоса бере отырып конкурсқа қатысуға ө т і н і м б е р е д і .

296. Бағдарламалар әкімшілері:

1) үміткерлердің бюджеттік кредиттерді алудың негізгі талаптарын қоса бере отырып тиісті талаптарды сақтауы туралы ақпараттарды алу мақсатында қаржы

рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті
о р г а н ғ а ;

2) үміткерлердің республикалық және/немесе жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен бұрын алған бюджеттік кредиттері бойынша мерзімі өткен берешектерінің бары-жоғы туралы ақпаратты алу мақсатында бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға және/немесе жергілікті атқарушы органдарға сұрау жолдайды.

297. Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган сұрауға сәйкес бес күн ішінде үміткерлердің конкурсқа қатысу үшін талаптарды сақтауы туралы ақпаратты бағдарламалар әкімшілеріне жолдайды.

298. Үміткерлердің республикалық және/немесе жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен бұрын алған бюджеттік кредиттері бойынша мерзімі өткен берешектерінің бары-жоғы туралы ақпаратты бағдарламалар әкімшілерінің сұрауына сәйкес бес күн ішінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға және/немесе жергілікті атқарушы органдарға жолдайды.

299. Қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның және/немесе жергілікті атқарушы органдардың оң қорытындысы бар үміткерлер конкурсқа жіберіледі.

300. Конкурсқа қатысуға рұқсат етілген үміткерлердің арасынан қарыз алушылардың құжаттарын қарау және іріктеу үшін бағдарламалар әкімшілері конкурстық комиссия құрады. Конкурстық комиссия Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өкілдерінен құралуы тиіс.

Конкурстық комиссия бюджеттік бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ететін тиісті кредит беру мақсатында үміткерлердің өтінімдерін қарайды және мыналарға:

түпкілікті қарыз алушы бюджеттік кредит беруге байланысты шығыстардың ең аз деңгейіне;

қамтамасыз ету сапасына (көлеміне, нысанына, өтімділігіне);

қарыз ақша портфелінің сапасына;

өзіндік капиталдың көлеміне;

кредит беру саласындағы жұмыс тәжірибесіне негіздей отырып оларды іріктеуді жүзеге асырады.

301. Конкурс нәтижелері бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қарыз алушыны анықтайды және Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе жергілікті атқарушы органға тиісті шешімдердің жобаларын белгіленген тәртіппен енгізеді.

302. Кредит беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың қабылданған шешімдері негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен және қарыз алушылармен бірлесе отырып кредиттік шарт (келісім) ж а с а с а д ы .

303. Тараптардың бюджеттік кредит беру кезінде туындаған барлық даулары мен пікір қайшылықтары кредиттік шартта (келісімде) жасасқан талаптары негізінде және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

33-тарау. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясы бойынша табыстылықтың орта мөлшерлі ставкасын анықтау тәртібі

304. Табыстылықтың орташа өлшемдік ставкасын бағалы қағаздардың қайталама рыногында тиісті тоқсанда бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган эмитенттеген тиісті мемлекеттік орта мерзімді индекстелмеген бағалы қағаздармен жүргізілген операциялардың нәтижелері бойынша а н ы қ т а л а д ы .

305. Операциялардың нәтижелері бойынша, тиісті мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша "Қазақ қор биржасы" акционерлік қоғамы (келісім бойынша) есепті тоқсаннан кейінгі айдың бесі күнінен кешіктірмей бағалы қағаздардың қайталама рыногындағы операциялардың нәтижесінде қалыптасқан табыстылықтың орташа өлшемдік ставкасының мөлшері туралы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ақпарат жолдайды.

34-тарау. Бюджеттік кредиттің мақсатты пайдаланылуына және ол бойынша міндеттемелердің атқарылуын қамтамасыз етудің бары-жоғына бақылауды жүзеге асыру тәртібі

306. Бюджеттік кредиттің мақсатты пайдаланылуына және ол бойынша міндеттемелердің атқарылуын қамтамасыз етудің бары-жоғына бақылауды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, бюджеттік бағдарламалар әкімшілер және/немесе сенім білдірілген өкіл (агент) жүзеге асырады.

307. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік кредиттің мақсатты пайдаланылуына және жыл сайын бюджеттік кредитті игеру кезеңінде ол бойынша міндеттемелердің атқарылуының қамтамасыз етілуінің бары-жоғына т е к с е р у жү р г і з е д і .

308. Қарыз алушы кредит бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, сондай-ақ бюджеттік кредиттің мақсатты пайдаланылуына және ол бойынша міндеттемелердің атқарылуының қамтамасыз етілуінің бары-жоғына тексеру жүргізеді.

35-тарау. Жергілікті бюджеттен берешектердің сомасын немесе мақсатқа сай пайдаланылмаған соманы алу тәртібі

309. Жергілікті бюджеттердің шотынан есептен шығару кредиттік шартқа байланысты тиісті атқарушы органдардың келісімінсіз, мынадай:

- 1) кредиттік шартпен белгіленген мерзімде бюджеттік кредиттер өтелмеген;
- 2) ішкі бақылау жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік кредиттің мақсатқа сай пайдаланылмаған фактілерін ашқан жағдайларда жергілікті бюджеттердің шоттарынан республикалық бюджеттің кіріс шотына ақша аударуды білдіреді.

310. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік кредиттің мақсатқа сай пайдаланылмаған фактілерін ашқан жағдайда жергілікті бюджеттердің шоттарынан тиісті соманы есептен шығаруды жүргізеді.

311. Бюджет атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісті аумақтық қазынашылық органына айыппұлды өндіріп ала отырып уақытылы өтелмеген және/немесе мақсатқа сай пайдаланылмаған соманы жергілікті бюджеттердің шоттарынан есептен шығару туралы жазбаша нұсқау жолдайды.

312. Республикалық бюджеттен облыстық бюджетке, республикалық маңызды қалалар мен астананың бюджетіне берілген өтелмеген борыш сомасын, ҚР БҚБ тиісті кодына жергілікті бюджеттердің шотынан есептен шығару аумақтық қазынашылық органдарына төлеу шотының негізінде жүзеге асырылады.

313. Жергілікті бюджеттердің шоттарынан қаражатты есептен шығару бюджеттік алулардың бірінші кезектілігі ескеріле отырып жүзеге асырылады.

314. Жергілікті уәкілетті орган төлем шотының көшірмесі негізінде бюджеттік кредит бойынша өтелген борыш сомасын тиісті бюджет атқару туралы есеп пен есептемеде көрсетеді.

Ағымдағы қаржы жылының бюджетінде өтелмеген борыштың сомасы немесе оның жетімсіздігі болмаған жағдайда жергілікті уәкілетті орган бюджетті нақтылау туралы ұсыныс енгізеді.

9-бөлім. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздар

36-тарау. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алу тәртібі

315. Осы тәртіпте мынадай ұғымдар пайдаланылады:

агент - шарт негізінде өз атынан және кредит берушінің (сенім білдірушінің) атынан және оның нұсқауларына сәйкес қарыз қаражатын пайдалануға байланысты белгілі бір тапсырмаларды орындайтын тұлға;

Банк/Агент - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсетуге өкілетті, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйым;

қарыз алушы - негізгі борышты өтеу мен сыйақыны, сондай-ақ кредиттік шартқа сәйкес басқа да төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді көтеретін, қарыз қаражатын алатын қарыз шартының тарабы. Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қарыз алушы

ретінде әрекет етеді;

түпкілікті қарыз алушы - Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, қарыз алушы анықтаған шарттармен қарыз қаражатын түпкілікті алушы;

контрагент - үкіметтік қарыздарды хеджирлеу мақсатында бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен жасалатын үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәміле тарабы;

үкіметтік қарыздарды хеджирлеу - үкіметтік қарыз алу тәуекелдерін (валюталық, пайыздық және өзге де) басқару мақсатында бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган мен контрагент арасында қаржы құралдарымен мәміле жасасу.

Ескерту. 315-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1283 қаулысымен.

316. Қарыз алу нысаны бойынша үкіметтік қарыздар мыналарға:

- 1) мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясын шығару;
- 2) қарыз шарттарын шығару болып бөлінеді.

317. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің белгілеген мынадай:

- 1) қарыз алудың қаржылық шекарасын белгілеу;
- 2) қарыз алудың инвестициялық басымдықтарын анықтау;
- 3) ықтимал үкіметтік қарыз алу тізбесін қалыптастыру тәртібі негізінде жүзеге асырылады.

318. Бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың алдағы үш жылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімдік жоспары, көлемі және құрылымдары (бұдан әрі - Орта мерзімді жоспар) негізінде қабылданған макроэкономикалық көрсеткіштерге негіздей отырып үкіметтік қарыздар мен борыштардың алдағы орта мерзімді кезеңіне арналған жағдайын және болжамын бағалауды жыл сайын жүргізеді.

319. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алуының көлемін, нысанын және шарттарын, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте бекітілген үкіметтік борышты өтеудің және қызмет көрсетудің көлемін анықтайды.

320. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін тартылатын ықтимал үкіметтік қарыздардың тізбесін қалыптастыру бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесе отырып бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның мынадай:

- 1) қолданыстағы сыртқы қарыздар қаражаты түсімдерінің тізбесі мен жылдық

к ө л е м і н ;

2) қаражаттың түсуінің ықтимал тізбесі мен жылдық көлемін және олардың даярлық дәрежесіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы борышының жинақталған қалдық деңгейіне және халықаралық қаржы ұйымдары мен дамуға ресми көмек көрсететін донор-мемлекеттердің үкіметтерімен, басқа да сыртқы кредит берушілермен өзара іс-қимылдың перспективасына негіздей отырып қол қоюға даярланып жатқан бағдарламалық және инвестициялық сыртқы қ а р ы з д а р д ы ;

3) ішкі және халықаралық капитал рыноктарында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды қоса алғанда бюджет тапшылығының бөлігін жоғарыда санамалап көрсетілген көздермен қаржыландыру үшін қарыз алудың өзге де ықтимал көздері мен құралдарын анықтауын қамтиды.

37-тарау. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алуы

321. Қазақстан Республикасының Үкіметі капиталдың ішкі және сыртқы рыноктарында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

322. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын шығаруды жүзеге асырады, осындай әрбір мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығарудың көлемін, мерзімін және ш а р т т а р ы н а н ы қ т а й д ы .

323. Капиталдық халықаралық рыноктарында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару үшін мыналар:

1) елдің кредиттік рейтингін көтеру, инвесторларды тарту мақсатымен мемлекеттік бағалы қағаздарды шығарудың рыногы мен әріптестерді анықтауды;

2) осындай мәмілелер үшін белгіленген талаптарға сәйкес қажетті құжаттамаларды даярлауды жүзеге асырылады.

38-тарау. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз шарттарын жасасу арқылы қарыз алуы

324. Бюджеттік қатынастарды реттеу саласындағы экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган орталық мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, жыл сайын басым инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесін қалыптастырады және оны бекіту үшін республикалық бюджеттік к о м и с с и я ғ а ұ с ы н а д ы .

325. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган анықтаған қарыздың тиісті кезеңіне арналған басым инвестициялық жобалардың тізбесі шегінде тарту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімін даярлау үшін мүдделі

министрліктер мен ұйымдарды тарта отырып:

1) қарыз капиталының конъюнктурасын зерделеу және қарыз алу мүмкіндігін бағалау;

2) тиісті жылға арналған жаңа үкіметтік қарыздар есебінен қаржыландыруға көзделген жобаның қаржылық сипаттамасын талдау;

3) орын алып отырған мүмкіндіктер шеңберінде жобаны қаржыландыру бойынша баламалы ұсыныстарды даярлау;

4) қарыз шарттарын (нысаны, қарыз алушылар, кредит алушылар, шектеулер) жасасу арқылы сыртқы қарызды тарта отырып жобаны қаржыландыру сызбасы бойынша ұсыныстар даярлау;

5) жобаны қаржыландыру бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар даярлау жүзеге асырылады.

326. Қазақстан Республикасы Үкіметінің бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен қарыз шарттарын жасасу нысанында қарыз алуы кезінде өзіне мыналарды:

1) ұсынылған жобаны қаржыландыру, күтілетін қарыз шарттары бойынша кредит берушілермен келіссөздер ұйымдастыруды және өткізуді;

2) шарттардың қолайлылығын және олардың қаржылық (бюджеттік) шектеулерге сәйкестігін бағалауды;

3) қарыз шарттары мен ілеспе құжаттардың жобаларын даярлауды;

4) қарыз қаражатын пайдалану қатынастарын, оны өтеу мен қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, қарыз алушылармен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, қарыз алушылардың агенттермен қарыз бойынша міндеттемелерінің есебін жүргізетін және қызмет көрсететін ұйымдармен қатынастарды реттейтін құжаттарды даярлауды және ресімдеуді қамтитын даярлықтар жүзеге асырылады.

327. Үкіметтік қарыздар бойынша құжаттамаларды келісуді мүдделі мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Даярланған құжаттамалар негізінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қарыз бойынша құжаттамаға құқықтық сараптама жүргізеді, нәтижесі тиісті қорытындылармен ресімделеді.

328. Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның ұсынысы негізінде қарыз шарттарын жасасу арқылы сыртқы үкіметтік қарызды тарту туралы шешім қабылдайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінде қарыз алуды жүзеге асыру нысаны мен оның көлемі, қарыз шарттары мен ілеспе құжаттарға қол қою үшін Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының және ресми тұлғаларының өкілдіктері белгіленеді.

329. Ресімделген қарыз шартына қол қою Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

330. Қарыз шарты Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес

Қазақстан Республикасы Парламентінің бекітуіне жатады.

331. Қарыз шарты жасалғаннан және ол бекітілгеннен кейін қарыз шартының талаптарында көзделген жағдайларда Әділет министрлігі қарыздың Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкестігі туралы заңды қорытындыны р е с і м д е й д і .

332. Қол қойылған қарыз шарттары бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда тіркеуге жатады.

333. Қазақстан Республикасының сыртқы үкіметтік қарыздары бойынша алынған қаражат республикалық бюджетте көрсетіледі және тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес оның атқарылу ретіне қарай пайдаланылады.

334. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы қарыздары қаражатының есебін жүргізеді, қарыздар жөніндегі атқарушы агенттердің (түпкілікті қарыз алушының, Банктермен/Агенттердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің) міндетті түрде тапсырған, сондай-ақ кредит берушілерден алынған ақпараттар негізінде жобалардың іске асырылуын бақылайды. Атқарушы агенттердің ақпараттарды ұсыну нысаны мен мерзімін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

39-тарау. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз қаражаты есебінен инвестициялық жобаларды іске асыру

335. Халықаралық қаржы-экономикалық ұйымдардың немесе басқа донорлардың (бұдан әрі - донорлар) Қазақстан Республикасының Үкіметіне берген қарыз шарттары шеңберіндегі қарыз қаражатын ойдағыдай пайдалану мақсатында бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жанынан белгіленген штат саны шегінде жобаны жүзеге асыруға жауапты құрылымдық бөлімше құрылады.

336. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері:

1) жоба құрауыштары, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты бойынша қарыз шарттарының барлық қолданылу кезеңінде әр жыл бойынша қаржыландыру жұмыстарының тізбесін, мерзімін және көлемін қамтитын инвестициялық жобаны іске асыру кестесін әзірлейді;

2) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасын қалыптастыру кезінде инвестициялық жобаларды қаржыландыру көлемін белгіленген тәртіппен жоспарлайды;

3) қарыз шартында көзделген рәсімдерге сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу арқылы инвестициялық жобаларды іске асыруды жүзеге асырады;

4) донормен келісілген тендерлік комиссияның шешімі негізінде тауарларды жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға келісім-шарт жасасады;

5) жасасқан келісім-шарт, сондай-ақ сыртқы қарыз қаражатын және қазақстандық тараптың бірлесіп қаржыландырған қаражатын мақсатты пайдалану мониторингін қамтамасыз етеді;

6) жыл сайын ағымдағы жылдың жиырмамыншы желтоқсанында алдағы қаржы жылына арналған сатып алудың егжей-тегжейлі жоспарын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

337. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қарыз алушы ретінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган:

1) конкурстық комиссияның отырыстарына қатысу арқылы тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүргізу кезінде донорлардың рәсімдер мен ережелердің сақталуына бақылауды, сондай-ақ үкіметтік сыртқы қарыздар қаражатының және қазақстандық тараптың бірлесіп қаржыландыру қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

2) егер, қарыз шартында немесе банк-қарыз алушы жекелеген тәртіппен реттелетін инвестициялық жобаларды қаржыландыру схемасында көзделген осындай жағдайда жобаны іске асыруға қатысу үшін қазақстандық екінші деңгейдегі банктерді немесе басқа ұйымдарды іріктеуді жүзеге асырады;

3) Банктердің/Агенттердің келісімі бойынша үкіметтік сыртқы қарыздардың қаражатын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірлесіп қаржыландыру қаражатын республикалық бюджетке қайтару туралы түпкілікті қарыз алушымен кредиттік шарт әзірлейді және қол қояды;

4) Жобаны іске асыру мониторингін жүзеге асырады;

5) Үкіметтік сыртқы қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландырылатын, гранттарға және республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру қаражатына байланысты инвестициялық жобаларды басқару мәселелері бойынша жергілікті консультанттар лауазымдарының тізілімін және лауазымдық коэффициенттер кестесін бекітеді.

40-тарау. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу бойынша конкурстар өткізу

338. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу бойынша конкурстар өткізу кезінде:

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері:

1) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен және донормен сатып алынатын тауарлардың, консультанттар үшін техникалық тапсырмалардың, сондай-ақ мердігерлер үшін техникалық құжаттамалардың техникалық ерекшеліктерін әзірлейді және келіседі;

2) конкурсқа қатысушылардың конкурстық ұсыныстарын бағалау үшін конкурстық комиссия құрады. Төрағаны және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бір өкілін қоса алғанда конкурстық комиссияның

жалпы саны тақ санды құрауы және кемі үш адам болуы тиіс;

3) донордың рәсімдерін және тәртібін басшылыққа алады;

4) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу бойынша конкурстардың нәтижелерін, келісім-шарттардың жобаларын, сондай-ақ оларға енгізілген кез келген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды келіседі;

5) инвестициялық жоба шеңберінде жасалған келісім-шарттардың атқарылуын бақылайды.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган:

1) сатып алынатын тауарлардың, консультанттар үшін техникалық тапсырмалардың, сондай-ақ мердігерлер үшін техникалық құжаттамалардың техникалық ерекшеліктерін келіседі;

2) конкурстық комиссияның құрамына енгізу үшін өзінің өкілін жібереді;

3) тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу бойынша конкурстардың нәтижелерін, келісім-шарттардың жобаларын, сондай-ақ оларға енгізілген кез келген өзгерістерді және/немесе толықтырулармен келіседі.

339. Конкурсқа қатысушылардың біліктіліктеріне, сатып алынатын тауарлардың, мердігерлер үшін конкурстық құжаттамалардың, сондай-ақ атқарушы агенттердің консультанттары үшін техникалық тапсырмалардың техникалық ерекшеліктеріне қойылатын талаптарды әзірлеу кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен донордың алдын ала келісімі бойынша отандық компаниялардың қатысу мүмкіндіктері ескерілуі тиіс.

340. Белгіленетін біліктілік талаптарының дәрежесі келісім-шарттардың уақытылы және сапалы атқарылуына ешқандай қауіп тудырмауы тиіс, өз кезегінде қазақстандық компаниялардың конкурсқа қатыспай қалуына себеп болуы мүмкін негізсіз жоғары талаптардың орын алуын жою қажет.

341. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу бойынша донордың ретіне қарай отандық мердігерлерге, тауарларды өндірушілерге (берушілерге) және консультанттарға көзделген жеңілдіктер орын алған жағдайда атқарушы агент конкурстық құжаттарда көзделген жеңілдіктерді ескере отырып түскен конкурстық ұсыныстарды бағалау және салыстыру рәсімдері сипатталған тиісті бапты міндетті түрде көздеуі тиіс.

342. Егер, халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, үкіметтік сыртқы қарыз шеңберінде қаржыландырылатын инвестициялық жобаны іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының бірлесіп қаржыландыру қаражатынан тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

41-тарау. Мемлекет кепілдік берген қарыздарды алу және пайдалану тәртібі

343. Мемлекет кепілдік берген қарыздарды алудың және пайдаланудың осы тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздардың есебінен қаржыландырылуға ұсынылатын инвестициялық жобаларды іріктеу рәсімін (бұдан әрі - инвестициялық жобалар) және мемлекеттік емес қарыздар бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдіктер беру рәсімдерін (бұдан әрі - мемлекеттік кепілдіктер) анықтайды.

344. Осы Тәртіпте пайдаланылатын ұғымдар:
банк-кепілші - Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері немесе шетел банктері.

Кепілдік берген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкін екінші деңгейдегі банктердің атаулары жазылған, банктік кепілдіктерді беруге қолданыстағы лицензиясы бар, ақшалай нысанда атқаруды көздейтін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекет орган ұсынған тізбемен бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган анықтайды.

бизнес-жоспар - қарыз бойынша алдағы төлемдер туралы кестені және кіріс көздерінің түрлерін қамтитын, алдағы қаржы жылында қарыз алушы әзірлейтін құжат;

банк кепілдігі - қарыз шарты бойынша тиесілі соманы қарыз алушының белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша берешектерді өтеуде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның алдындағы банктің міндеттемесі;

қарыз алушы - мемлекет кепілдік берген қарыз алған заңды тұлға мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша алдағы төлемдерді қамтамасыз ету жүйесі - бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша қарыз алушының шартты салымының арнайы шотын ашуы, сондай-ақ қарыз алушы тиесілі соманы белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша берешектерді өтеу туралы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның алдында қарыз алушыға кепілдік беруі;

шартты салымның арнайы шоты (қызмет көрсету шоты) - Қазақстан Даму Банкінде ашылған және мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша тек алдағы төлемдерді өтеуді қамтамасыз етуге ғана арналған шартты салымның арнайы шотындағы ақшаның бөлігін кезең-кезеңде төлеу арқылы қарыз алушының міндетті түрде жинақтаған қоры.

Шартты салымның шотындағы (қызмет көрсету шоты) қаражат негізгі борыштың алдағы төлемдердің, есептелген пайыздардың (сыйақының), сондай-ақ қарыз туралы шартқа (келісімге) сәйкес өзге де төлемдердің жүз пайызы мөлшерінде алдағы төлемдер күніне дейін жиырма күн қалғанда

б е л г і л е н е д і ;

мемлекеттік кепілдіктерді беру туралы келісім - бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның Қазақстан Даму Банкімен және мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді атқармаған жағдайда республикалық бюджеттен алынған қаражатты қайтару жөнінде мемлекеттік кепілдік берілген қарыз шартына сай міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ететін, мемлекеттік кепілдіктерді беру туралы тараптардың құқықтық қатынастарын белгілейтін мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша қарыз алушымен арасындағы келісім.

345. Мемлекеттік кепілдіктер беру процесі мынадай негізгі кезеңдерді білдіретін :

- 1) инвестициялық жобаларды іріктеудің;
- 2) басым бюджеттік инвестициялық жобалар тізбесін ресімдеудің, қараудың және бекітудің ;

- 3) мемлекеттік кепілдіктерді берудің іс-шаралар кешенін қамтиды.

346. Мемлекеттік (үкіметтік, тәуелсіз) (бұдан әрі - мемлекеттік кепілдіктер) кепілдіктер беру процесінің негізгі қатысушылары қарыз алушылар, салалық уәкілетті органдар, экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының әділет, қоршаған ортаны қорғау, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері, республикалық бюджеттік комиссия, "Қазақстан Даму Банкі" (бұдан әрі - Қазақстан Даму Банкі) болып табылады.

347. Қарыз алушылар :

- 1) техникалық-экономикалық негіздемені (бұдан әрі - ТЭН) және инвестициялық жобалардың бизнес-жоспарын даярлауды жүзеге асырады;
- 2) осы Тәртіпке және мемлекеттік кепілдіктер беру процесінің қатысушыларының талаптарына сәйкес инвестициялық жобаларды қарау үшін талап етілетін құжаттамаларды ұсынуды қамтамасыз етеді.

348. Салалық уәкілетті органдар :

- 1) инвестициялық жобаларға салалық сараптама жүргізеді;
- 2) салалық сараптаманың нәтижелері бойынша тиісті қорытындыларды ұсынады .

349. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган:

- 1) инвестициялық жобалардың қаржылық сараптамасын жүзеге асырады;
- 2) мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздарды беру шарттары бойынша ықтимал инвесторлармен келіссөздер жүргізеді;
- 3) мемлекеттік кепілдіктер беру туралы келісім жасасады;
- 4) мемлекеттік кепілдіктер береді.

350. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жоспарланған қызметті іске асыруға, оларды іске асыру туралы шешім қабылдау

алдындағы кезеңдегі жоспарланған қызметтің экологиялық талаптарына сәйкестігін бағалауға байланысты ықтимал теріс салдарларын алдын алу мақсатында және өндірістік күштерді орналастыру және дамыту салдарынан экологиялық жағдайдың болжамданған өзгеруін сараптамалық қамтамасыз ету инвестициялық жобаның мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүзеге асырады.

351. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ішкі еңбек рыногын қорғау мақсатында инвестициялық жобалар келісім-шарттарының сараптамаларын жүзеге асырады.

352. Экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган:

1) инвестициялық жобаларды қарау процесіне ұйымдық жетекшілік жасауды қамтамасыз етеді;

2) инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасын жүзеге асырады;

3) мемлекет кепілдік берген қарызды тарту үшін қарыз капиталының рыногын (ішкі және сыртқы) анықтайды;

4) жоспарланып отырған кезеңге мемлекеттік кепілдіктер беру лимиті бойынша ұсыныстарды, инвестициялық жобалар тізбесінің жобасын қалыптастырады және республикалық бюджеттік комиссиясының қарауына енгізеді.

353. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мемлекеттік кепілдіктермен жасасатын қарыз шартының заңдық сараптамасын жүргізеді.

354. Қазақстан Даму Банкі:

1) банктік сараптаманы жүзеге асырады;

2) инвестициялық жобалардың тізбесіне енгізілген инвестициялық жобаларға қызмет көрсету жөніндегі агенттің функциясын орындайды.

355. Республикалық бюджеттік комиссия:

1) жоспарланып отырған кезеңге мемлекеттік кепілдіктер беру лимитін анықтайды;

2) инвестициялық жобалардың тізбесін анықтайды;

3) жоспарланып отырған кезеңге мемлекеттік кепілдіктер беру лимиті шегінде әрбір инвестициялық жоба үшін мемлекеттік кепілдіктердің мөлшерін анықтайды.

356. Мемлекеттік кепілдіктер беру үстінде өз құзыретінің бөлігінде инвестициялық жобаларды бағалауды (сараптаманы) жүргізу үшін заңға сәйкес уәкілетті басқа мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар қатысады.

42-тарау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен мемлекеттік емес қарыз қаражаттарының есебінен қаржыландыру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу

357. Мемлекеттік кепілдіктер алуға үміткер заңды тұлғалар мынадай қ ұ ж а т т а р д ы :

Т Э Н - н і ;

салалық сараптаманың, Қазақстан Даму Банкінің банктік сараптамасын және заңға сәйкес қажетті басқа да оң қорытындыларды қоса беріп, тиісті жылдың 1-наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға өтінімді ұсынады.

358. Толық емес құрамдағы құжаттармен ұсынылған өтінімдерді жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті о р г а н қ а р а м а й д ы .

Жоғарыда көрсетілген мерзімнен кейін ұсынылған өтінімдер тиісті жылға мемлекеттік кепілдіктер беру тұрғысынан қаралмайды.

359. Өтінім ұсынылғаннан кейін осы Ереженің 357-тармағына сәйкес экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасын ұйымдастырады және 2 ай ішінде экономикалық сараптаманың қорытындысын әзірлейді.

360. Инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасы - жоба ТЭН әзірлеу шеңберінде, осы Ережеде көзделген сараптамалар бойынша жасалған негізде жүргізілген инвестициялық жобаға экономикалық талдаудың кешенді бағалау , о л м ы н а л а р д ы :

басым мемлекеттік инвестициялардың жоба мақсаттарына сәйкестігін бағалауды ;

экономикалық талдауды бағалауды ;

инвестициялық жобалар іске асырылған жағдайда республикалық және жергілікті бюджеттерге салықтық түсімдер тасқынын талдауды қамтиды.

361. Осы тарауда көрсетілген сараптаманы жүргізу үшін қажетті құжаттардың тізбесін тиісті мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар а н ы қ т а й д ы .

362. Осы тараудың 357-тармағында көрсетілген сараптамаға оң қорытындының бары-жоғы мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылған инвестициялық жобалардың тізбесіне инвестициялық жобаларды енгізу үшін міндетті шарт болып табылады.

43-тарау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға арналған инвестициялық жобаларды қалыптастыру, қарау және тізбесін бекіту

363. Республикалық бюджеттік комиссия жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылдың 1-мамырына дейінгі мерзімде үш жылдық кезеңге

жоспарланатын мемлекеттік кепілдіктерді беру лимитін анықтайды.

364. Экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тиісті жылдың 20-шілдесінен кешіктірілмейтін мерзімде инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасының қорытындысы негізінде жобалар бойынша экономикалық сараптаманың қорытындысын қоса беріп мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалар тізбесінің жобасын қалыптастырады және республикалық бюджеттік комиссияның қарауына енгізеді .

365. Республикалық бюджеттік комиссия экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның ұсынған инвестициялық жобалар тізбесінің жобасын қарау кезінде тиісті жылға арналған мемлекеттік кепілдіктерді беру лимитіне енетін, бір жылға арналған инвестициялық жобалардың тізбесін анықтайды.

366. Республикалық бюджет жобасын қалыптастыру барысында экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен бірлесе отырып, республикалық бюджеттік комиссияның шешімі бойынша инвестициялық жобалардың тізбесін пысықтайды және әрбір инвестициялық жоба бойынша мемлекеттік кепілдіктердің сомасын қайта қ а р а й д ы .

367. Республикалық бюджеттік комиссияның қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік кепілдіктермен мемлекеттік емес қарыздардың қаражат есебінен қаржыландыруға ұсынылған инвестициялық жобалардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі жеке шешіммен бекітеді және жариялауға жатады.

44-тарау. Мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру рәсімі

368. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялық жобалардың тізбесін бекіткеннен кейін және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен келісілген қарыз шартының жобасы бар болған кезде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган қарыз алушымен және Қазақстан Даму Банкімен мемлекеттік кепілдіктер беру т у р а л ы к е л і с і м ж а с а с а д ы .

369. Қарыз алушы ТЭН жобасын, салалық сараптаманың, экономикалық сараптаманың, Қазақстан Даму Банкінің банктік сараптамасының және заңға сәйкес қажетті басқа да сараптамалардың оң қорытындыларын ұсынғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган инвестициялық жобаның сараптамасын жүргізуді ұйымдастырады және екі ай ішінде тиісті қорытындыны ә з і р л е й д і .

370. Инвестициялық жобаның сараптамасы бойынша бюджетті атқару

жөніндегі уәкілетті органның қорытындысы мыналарды:

мемлекеттік кепілдіктермен берілген мемлекеттік емес қарыздардың қаржылық шарттарын;

мемлекеттік кепілдіктерді алғаны туралы өтінім білдіргенге дейін үш жылдан кем емес кезең ішіндегі қарыз алушының қаржылық жай-күйін және заңды мәртебесін;

қарыз алушы берген мемлекеттік кепілдіктер бойынша қамтамасыз етілуін; қаржылық және техникалық тәуекелді;

мемлекеттік кепілдіктерді алуға үміткер тұлғаларға қойылатын Бюджеттік кодекс талаптарына қарыз алушының сәйкестігін бағалауды қамтиды.

371. Мемлекеттік кепілдік кредит берушіге қарыз шарттарын, мемлекеттік кепілдіктер беру туралы келісімдер жасасқаннан, сондай-ақ бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысы бар болып, қарыз алушының мемлекеттік кепілдіктерді бергені үшін біржолғы төлемді (алымды) алдын ала төлегенінен кейін беріледі.

372. Мемлекеттік кепілдіктерді ұсыну туралы келісім мыналарды:

1) қарыз алушыға қойылатын талаптарды:

а) қарыз бойынша ағымдағы міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін қажетті алдағы төлемдер мөлшерінде шартты салымның (қызмет көрсету шотының) арнайы шотында ақша сомасын жинауды жүргізуді;

ә) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган мен Қазақстан Даму Банкіне банктік шоттардағы, оның ішінде ҚР ҰБ және екінші деңгейдегі банктердегі мәліметтерді заңда белгіленген тәртіппен ұсынуды;

б) қарыз толық өтелгенге дейінгі сенім білдірілген өкілге жыл сайынғы бизнес-жоспарды ұсынуды;

в) қаржылық есептіліктің үлгілік нысанын (бухгалтерлік балансты, қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепте) және қаржылық жай-күйін анықтайтын басқа да қажетті құжаттарды Қазақстан Даму Банкіне аяқ сайын ұсынуды;

2) шартты салымның арнайы шотындағы қаражаттың есебін жүзеге асыруды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органнан талап етуге, сондай-ақ акт жасай отырып ұсынылатын құжаттамаларға кезең-кезеңде салыстыру жүргізуді;

3) жүзеге асыру бойынша Қазақстан Даму Банкіне қойылатын талаптарды:

а) қарыз алушының қаржы-экономикалық жай-күйін талдауды және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға тиісті талдау нәтижелері туралы ақпаратты ұсынуды;

ә) шартты салымның арнайы шотында ақшаның кезең-кезеңде жиналуын;

4) қарыз алушымен және сенім білдірілгенмен бірлесе отырып бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган анықтаған шартты салымның арнайы шотына

ақша аударудың нормасы мен кезеңділігін (кестесін) қамтиды.

Ақшаны қарыз алушы шартты салымның арнайы шотына салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін келісімге сай тиісті соманы тұрақты аудару арқылы аударады.

Жинау мерзімі мен шартты салымның арнайы шотының (қызмет көрсету шотының) қаражатын қалпына келтіру мерзімін бұзған жағдайда қарыз алушы әрбір жолсыздық жағдайы үшін алдағы төлемдер сомасынан мерзімі өткен әрбір күн үшін нөл бүтін оннан бір пайыз мөлшерінде айыппұл төлейді.

373. Мемлекеттік кепілдіктер алуға үміткер тұлға Қазақстан Республикасының заңдарында анықталған талаптарға сәйкес болуы тиіс.

374. Мемлекеттік кепілдіктер әрбір инвестициялық жоба бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде беріледі.

375. Кепілдік міндеттемелер нысанында берілген мемлекеттік кепілдіктер бір данада мемлекеттік кепілдіктердің арнайы бланкасында ресімделеді.

Мемлекеттік кепілдіктердің бланкасы қатаң есептілік бланкасы болып т а б ы л а д ы .

376. Кепілдіктер туралы шарттар нысанындағы мемлекеттік кепілдіктер екі данада р е с і м д е л е д і .

377. Банктік кепілдіктерді ұсыну мерзімі мен шарттарын мемлекеттік кепілдіктермен берілген мемлекеттік емес қарыздардың шарттарына байланысты бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

378. Банктік кепілдің нысаны мен мазмұнын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша банк-кепіл анықтайды.

379. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган кредит берушінің келісімі бойынша мемлекеттік кепілдіктердің мазмұны мен нысанын анықтайды.

380. Мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша жарғылық қорына мемлекеттің қатысуы бар қарыз алушының міндеттемелерін қамтамасыз ету мәселелер Қазақстан Республикасының бюджет заңдарымен реттеледі.

381. Кредит берушінің талабы бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының кепілдіктермен жасасқан қарыз шартының заңды қорытындысын (Legal opinion) ұсынады.

45-тарау. Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен қарыз алу тәртібі

382. Осы тарауда пайдаланылатын ұғымдар:

жергілікті атқарушы орган - облыстардың, республикалық маңызды қалалардың, астананың, облыстық маңызды қалалардың, аудандық маңызды қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтардың жергілікті атқарушы органдары;

кредит беруші - Қазақстан Республикасының бюджет және азаматтық

заңдарына сәйкес бюджеттік кредит беруші кредиттік шарттың тарабы.

383. Облыстардың, республикалық маңызды қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыз алу түрінде жүзеге асырылады, аудандардың (облыстық маңызды қалалардың) жергілікті атқарушы органдары қарыз алуды бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыру мақсатында, сондай-ақ кассалық шығыстарды жабу үшін облыстардың жергілікті атқарушы органдарынан қарыз алу түрінде жүзеге асырылады.

384. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мынадай:

1) тиісті қаржы жылына арналған борыш лимитінің шегінде қарыз алуды шектеуді белгілеу;

2) қарыз алудың басым инвестициялық бағыттарын анықтау;

3) басым (республикалық немесе жергілікті) бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесін қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады.

385. Тиісті қаржы жылына арналып бекітілген борыш лимиті шегінде жергілікті атқарушы органдар мыналарды:

бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыру мақсатында бюджет тапшылығын;

тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы резервінің шотынан кассалық алшақтықты жабуға қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыз қаражатын тартуды жүзеге асырады.

386. Жергілікті атқарушы органдардан қарыз алу тек қарыз шарты нысанында ғана жүзеге асырылады.

387. Бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жергілікті атқарушы органдардың борыш лимитін және басым (республикалық немесе жергілікті) бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесін ескере отырып жергілікті атқарушы органдардың жоспарланған бюджеттік тапшылығын, жоспарланып отырған жылға арналған жергілікті атқарушы органдардың борыш лимитін қаржыландырудың болжамдық есептемелерін жүзеге асырады және бұл ұсыныстарды Жергілікті атқарушы органдардың бюджет жобаларын қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссияға жібереді.

388. Орта мерзімді жоспар негізінде бюджеттік комиссия үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік бюджеттік негізгі болжамдық көрсеткіштерін анықтайды, сондай-ақ тиісті қаржы жылының соңына арналған жергілікті атқарушы органдардың борыш лимитін анықтайды.

389. Бюджетті жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жергілікті атқарушы

органдардың борыш лимитін ескере отырып басым (республикалық немесе жергілікті) бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесін ескере отырып жергілікті атқарушы органдардың жоспарланған бюджеттік тапшылығын қаржыландырудың болжамдық есептемелерін жүзеге асырады және оларды қарау үшін тиісті Бюджеттік комиссияға жібереді.

390. Бюджеттік комиссияның шешімі және бекітілген жергілікті бюджеттер тапшылығының параметрлерінің негізінде бюджетті жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган қарыз алудың көлемі мен шарттарын, сондай-ақ тиісті қаржы жылына арналып жергілікті бюджеттерде бекітілген борышты жабу мен қызмет көрсетудің мөлшерін анықтайды.

391. Ресімделген қарыз шартына қол қою Бюджет Кодексінің 180-бабына сай қабылданған кредиттік шешімге сәйкес жүзеге асырылады.

392. Қол қойылған қарыз шарты жабу кестесімен, сыйақыларды (мүдделерді) төлеумен және басқа да ұсыныстармен бірге бюджетті жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның тіркеуіне жатады. Бұл ретте, қарыз шарты тек ол тіркелгеннен кейін ғана күшіне енеді.

46-тарау. Мемлекеттік кепілдіктермен қарыз алған қарыз алушының қаржылық жай-күйі мониторингінің тәртібі

393. Осы тарау мемлекеттік кепілдіктермен қарыз алған заңды тұлғаның қаржылық жай-күйі мониторингінің рәсімдерін анықтайды, мемлекеттік кепілдіктермен қарыз алған заңды тұлғаның ақпараттық қамтамасыз ету мониторингін және қаржылық жай-күйінің мониторингін жүзеге асыру тәртібін анықтайды.

394. Қаржылық коэффициенттерді агент мемлекет кепілдігімен қарыз алған қарыз алушының қаржылық есебінің негізінде екі жылда бір рет есептейді. Мемлекет кепілдігімен қарыз алған қарыз алушы Банкке/Агентке қаржылық есептілікті, ал қажет болған кезде тиісті қосымшалар мен оның таратылып жазылуын ұсынады.

395. Мониторингке мемлекет кепілдігімен қарыз алған және кредит берушінің не республикалық бюджеттің алдында борышы бар заңды тұлғалар жатады.

396. Мониторинг базалық талдаудан (заңды тұлғаның басшылығы, қызметінің, саласының түрлері, бәсекелестері мен рыноктары, нормативтік құқықтық ортасы туралы ақпарат) және қаржылық ақпараттан (қаржылық есептіліктің, бизнес-жоспардың талдамасы) тұратын талдауды қамтиды.

397. Мониторингті жүзеге асыру кезінде мынадай қаржылық коэффициенттер :

өтімділік коэффициенті - ақша қаражаты мен қысқа мерзімді дебиторлық берешектердің қысқа мерзімді міндеттемелердің мөлшеріне қатысы;

жабу коэффициенті - активтердің ағымдағы қысқа мерзімді міндеттемелерге қ а т ы с ы ;

қарыз және меншік қаражатының ара қатынасы - ағымдағы міндеттемелердің меншік капиталының мөлшеріне қатысы;

тарту коэффициенті - ағымдағы және ұзақ мерзімді активтерге қатысты м і н д е т т е м е л е р ;

пайда нормасы салық салғанға дейінгі кірістің - іске асыру мөлшеріне қатысы ;

меншік капиталының пайдалылық коэффициенті - салық салғанға дейінгі жиынтық кірістің меншік капиталының мөлшеріне қатысы;

кредиттік берешектің айналымдылық коэффициенті - іске асыру көлемінің кредиттік берешекке қатысы қолданылады.

Мониторингті жүргізу үшін Банк/Агент сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздың және инвестициялық жобалар тәуекелінің шарттарына байланысты басқа да қаржылық коэффициенттер пайдаланылуы мүмкін.

398. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган мониторингке жататын қарыз алушылардың тізімін жыл сайын Банкке/Агентке жібереді.

399. Қажет болған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган мемлекет кепілдік берген қарызды алған қарыз алушыдан оның қаржылық көрсеткіштері туралы қосымша ақпаратты белгіленген тәртіппен сұрауы мүмкін.

400. Банк/Агент осы ұсынылған көрсеткіштер негізінде анықталған қаржылық коэффициенттерді, заңды тұлғалардың өткен кезеңдегі ұқсас коэффициентімен мемлекет кепілдік берген қарыз алған басқа қарыз алушылардың, ұқсас профилін қызметімен және осы коэффициенттің жалпы қабылданған нормаларымен салыстыру арқылы заңды тұлғаның қаржылық жай-күйіне мониторинг жүргізеді.

401. Ықтимал төлем қабілеті дәрменсіз қарыз алушы анықталған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган осы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарлайды және мемлекет кепілдік берген қарызды өтеу үшін көзделген республикалық бюджет қаражатын бөлуді алдын алу үшін шаралар қабылдау туралы ұсыныс енгізеді.

402. Мемлекет кепілдік берген қарызға қызмет көрсету жөніндегі Банк/Агент болмаған жағдайда қарыз алушының қаржылық жай-күйі туралы есепті қарыз алушының өзі жүзеге асырады.

46-1-тарау. Үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілені жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. 46-1-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1283 қ а у л ы с ы м е н .

402-1. Үкіметтік қарыздарды хеджирлеуді жүзеге асыру үшін контрагентті

тарту туралы шешімді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қ а б ы л д а й д ы .

Контрагенттерді іріктеу контрагент ұсынатын үкіметтік қарыздарды хеджирлеу шарттарының қолайлылығын және олардың қаржылық (бюджеттік) шектеулерге сәйкестігін бағалау жолымен Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тендер негізінде жүзеге асырылады. Тендердің қорытындылары бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қолайлылық талаптарына жауап беретін контрагентпен үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөнінде мәміле жасасады.

402-2. Үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда олар белгілеген тәртіппен тіркеуге және есепке алуға жатады.

47-тарау. Үкіметтік қарыздарды, жергілікті атқарушы органдардың қарыздары мен мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздарды , сондай-ақ үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерді өтеу және қызмет көрсету, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шығарған бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу тәртібі

Ескерту. 47-тарау тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1283 қаулысымен.

403. Осы тарау Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі - үкіметтік қарыздар), Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының қарыздарын (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органдардың қарыздары) мен республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздарды (бұдан әрі - мемлекет кепілдік берген қарыздар), сондай-ақ үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерді өтеу және қызмет көрсету бойынша жоспарлау, төлемдерді жүзеге асыру рәсімдерін белгілейді.

Ескерту. 403-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1283 қаулысымен .

404. Үкіметтік қарыздарды өтеу және қызмет көрсету бойынша жоспарлау, төлемдерді жүзеге асыру рәсімдері қарыз шарттарын жасасу нысанында қарыз капиталының сыртқы және ішкі рыноктарындағы қарыз алу не мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру арқылы тартылған қарыздар үшін о р т а қ .

405. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында шығарған бағалы қағаздарын сатып

алуды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісті қаржы жылына арналып республикалық бюджет туралы заңда көзделген бюджеттік қаражат есебінен ҚР ҰБ-мен жасасқан шарт негізінде ҚР ҰБ арқылы жүзеге асырылады.

406. Үкіметтік қарыздардың алдағы өтеу және қызмет көрсету көлемін жоспарлауды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган үкіметтік қарыздың үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдердің алдағы өтеу және қызмет көрсету көлемінің болжамдық есептері негізінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасын әзірлеу шеңберінде жыл сайын жүргізеді.

Ескерту. 406-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1283 қ а у л ы с ы м е н .

407. Жүргізілген есептемелер тоқсанның алдағы есептемелердің соңындағы жағдай бойынша үкіметтік борыш мониторингінің деректеріне, үкіметтік қарыздардың қолданыстағы және ағымдағы жыл мен жоспарланған жылы тартуға көзделіп отырған қаражаттың игеру болжамына, макроэкономикалық көрсеткіштер болжамына негізделеді.

408. Үкіметтік қарыздардың қолданыстағы және ағымдағы жыл мен жоспарланған жылы тартуға көзделіп отырған қаражаттың игеру болжамын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган инвестициялық жобаларды іске асыру кестесіне негіздей отырып, үкіметтік сыртқы қарыздардың түсу болжамы жоспарланған жылы республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру көлемін болжауға бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган негіздей отырып анықталады.

409. Республикалық бюджет тапшылығының көлемі, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер, ұлттық валюта бағамы ағымдағы жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарының параметрлерімен анықталады.

410. Жоспарланып отырған жылы үкіметтік қарыздарды өтеу мен қызмет көрсету көлемінің есептемелерін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мынадай түрде жүргізеді:

1) әрбір қолданыстағы үкіметтік қарыздар бойынша қарыз қаражатының игерілмеген көлемінің әр жылға болжамдық бөлінуін жүргізеді;

2) қарыз шартының талаптары, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру негізінде үкіметтік қарыздар бойынша борышты өтеу мерзімі мен көлемі анықталады;

3) үкіметтік қарыз бойынша борыш сомасының өзгеру динамикасының есептемесі жүргізіледі;

4) қарыз шартының талаптары, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды

орналастыру негізінде сыйақыларды (мүдде), комиссиялық төлемдер мен өзге да төлемдерді төлеу бойынша төлемдердің мерзімдері мен көлемінің есептемелері жүргізіледі. Егер, қарыз шартында өзгеше белгіленбесе, осы тармақтың 1)-4)-тармақшаларында көрсетілген есептіліктер қарыз берілген валютада жүзеге асырылады.

5) шетелдік валютада тартылған үкіметтік қарыздарды өтеу мен қызмет көрсету теңгелік баламада есептеледі. Бұл ретте, жоспарланған жылға арналған теңгеге тоқсанның алдындағы есептемелердің соңында және болжамды жылдық орта АҚШ долларының бағамында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен анықталған валюта айырбастаудың рыноктық бағамы пайдаланылады;

6) үкіметтік қарыздарды тартуды көздейтін қаражатты игеру көлемінің болжамы негізінде қарыз беру мен сыйақы (мүдде) ставкасының орта шарттарын пайдалана отырып үкіметтік қарыздарды тартуды көздейтін өтеу мен қызмет көрсету мерзімінің және көлемінің есептемесі жүргізіледі.

410-1. Жоспарланған жылы үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдердің мерзімі мен көлемін есептеуді үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер шарттарының негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүргізеді.

Ескерту. 410-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1283

қ а у л ы с ы м е н .

411. Үкіметтік қарыздарды, сондай-ақ үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерді өтеу мен қызмет көрсету мерзімінің және көлемінің есептемесі негізінде жоспарланып отырған жылғы үкіметтік қарыздарды өтеу мен қызмет көрсетудің жалпы көлемін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган анықтайды.

Ескерту. 411-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1283

қ а у л ы с ы м е н .

412. Жоспарланып отырған жылғы үкіметтік қарыздарға және үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерге қызмет көрсетудің жалпы көлемі жеке бюджеттік бағдарлама бойынша тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңында көрсетіледі. Үкіметтік қарыздарды өтеудің жалпы көлемі "Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)" бөлімі бойынша республикалық бюджетте көрсетіледі.

Ескерту. 412-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1283

қ а у л ы с ы м е н .

413. Жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын алдағы өтеу мен қызмет көрсету көлемін жоспарлауды жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын

алдағы өтеу мен қызмет көрсету көлемінің болжамдық есептемелер негізінде тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттердің жобасын әзірлеу шеңберінде жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

414. Жүргізілетін есептемелер тоқсанның алдындағы есептемелердің соңындағы жағдай бойынша жергілікті атқарушы органдар борышы мониторингінің, жергілікті атқарушы органдардың ағымдағы және жоспарланатын жылы қолданылатын және тартуға көзделетін қаражатты игеру болжамының, жергілікті бюджеттердің болжамдық көрсеткіштерінің деректеріне негізделеді.

415. Алдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттердің болжамдық көрсеткіштері жергілікті уәкілетті органдар бекіткен аумақтардың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының параметрлерімен анықталады. Жоспарланып отырған жылғы ұлттық валюта бағамы Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған тиісті жылға арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарының параметрлері ескеріле отырып анықталады.

416. Жоспарланып отырған жылы жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын өтеу мен қызмет көрсету көлемдерінің есептемелері мынадай түрде жүргізіледі:

1) жергілікті атқарушы органның әрбір қолданыстағы қарызы бойынша игерілмеген қарыз қаражатын игеру көлемін әр жыл сайын болжамдық бөлу жүргізіледі;

2) қарыз шартының талаптары негізінде жергілікті атқарушы органның қарызы бойынша борышты өтеу мерзімі мен көлемі анықталады;

3) жергілікті атқарушы органның қарызы бойынша борыш сомасының динамикасын есептеу жүргізіледі;

4) қарыз шартының талаптары негізінде сыйақыларды (мүдделерді), комиссиялық төлемдер мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша төлемдердің мерзімдері мен көлемінің есептемелер жүргізіледі. Егер, қарыз шартында өзгеше белгіленбесе, осы тармақтың 1)-4)-тармақшаларында көрсетілген есептемелер қарыз берілген валютада жүзеге асырылады;

5) шетелдік валютада тартылған жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын өтеу мен қызмет көрсету теңгелік баламада есептеледі. Бұл ретте, жоспарланған жылға арналған теңгеге тоқсанның алдындағы есептемелердің соңында және болжамды жылдық орта АҚШ долларының бағамында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен анықталған валюталардың нарықтық айырбас бағамы пайдаланылады;

6) жергілікті атқарушы органның қарыздарды тартуды көздейтін қаражатты игеру көлемінің болжамы негізінде қарыз беру мен сыйақы (мүдде) ставкасының

орта шарттарын пайдалана отырып жергілікті атқарушы органның қарыздарды тартуды көздейтін өтеу мен қызмет көрсету мерзімінің және көлемінің есептемесі жүргізіледі.

417. Жергілікті атқарушы органның қарыздарды өтеу мен қызмет көрсету мерзімінің және көлемінің есептемесі негізінде жоспарланып отырған жылғы жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын өтеу мен қызмет көрсетудің жалпы көлемі анықталады.

418. Жоспарланып отырған жылғы жергілікті атқарушы органдардың қарыздарына қызмет көрсетудің жалпы көлемі жеке бюджеттік бағдарлама бойынша тиісті жылға арналған жергілікті бюджеттерде көрсетіледі. Жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын өтеудің жалпы көлемі "Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)" бөлімі бойынша жергілікті бюджеттерде көрсетіледі.

419. Республикалық бюджеттен мемлекет кепілдік берген қарызды алдағы өтеу мен қызмет көрсету көлемін жоспарлауды мемлекет кепілдік берген қарыздарды республикалық бюджеттен алдағы өтеу мен қызмет көрсету көлемінің болжамдық есептемелер негізінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасын әзірлеу шеңберінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүргізеді.

420. Жүргізілетін есептемелер тоқсанның алдындағы есептемелердің соңындағы жағдай бойынша мемлекет кепілдік берген борыш мониторингінің, қолданыстағы мемлекет кепілдік берген қарыз қаражатын игеру болжамының, мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелердің орындалу мүмкіндігін бағалау деректеріне негізделеді.

421. Жоспарланып отырған жылы республикалық бюджеттен мемлекет кепілдік берген қарызды өтеу мен қызмет көрсету көлемдерінің есептемелері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мынадай түрде жүргізеді:

1) агенттің әрбір қолданыстағы мемлекет кепілдік берген қарыз жөніндегі ақпараты негізінде қарыз қаражатын игеру көлемін әр жыл бойынша болжамдық бөлу жүргізеді;

2) қарыз шартының талаптары негізінде мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша борышты өтеу мерзімі мен көлемі анықталады;

3) мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша борыш сомасының динамикасын есептеу жүргізіледі;

4) қарыз шартының талаптары негізінде сыйақыларды (мүдде), комиссиялық төлемдер мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша төлемдердің мерзімдері мен көлемінің есептемелері жүргізіледі. Егер, қарыз шартында өзгеше белгіленбесе, осы тармақтың 1)-4)-тармақшаларында көрсетілген есептемелер қарыз берілген валютада жүзеге асырылады;

5) шетелдік валютада тартылған мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу мен қызмет көрсету теңгелік баламада есептеледі. Бұл ретте, жоспарланған жылға арналған теңгеге тоқсанның алдындағы есептемелердің соңында және болжамды жылдық орта АҚШ долларының бағамында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен анықталған валюталардың нарықтық айырбас бағамы пайдаланылады.

422. Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзімі мен көлемінің, мүмкіндігін бағалаудың негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекет кепілдік берген қарыздарды жоспарланып отырған жыл өтеу мен қызмет көрсетуге арналып республикалық бюджеттен бөлінетін шығыстардың жылдық көлемін анықтайды.

423. Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындауға арналып республикалық бюджеттен бөлінетін шығыстардың жылдық көлемі жеке бюджеттік бағдарламамен тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңында көрсетіледі.

48-тарау. Үкіметтік қарыздарды, жергілікті атқарушы органдардың қарыздары мен мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес қарыздарды өтеу және қызмет көрсету бойынша, сондай-ақ үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерді жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. 48-тарау тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1283 қаулысымен.

424. Үкіметтік қарыздарды өтеу мен қызмет көрсетуді, сондай-ақ үкіметтік қарыздарды хеджирлеуді тиісті жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңында көзделген қаражат есебінен ҚР ҰБ арқылы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 424-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1283 қаулысымен.

425. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган 51-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша алдағы айға республикалық бюджет қаражатынан Қазақстан Республикасының үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борышына қызмет көрсетуге, оны өтеуге, сондай-ақ үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерді жүзеге асыруға арналған өтінімді (бұдан әрі - өтінім) ай сайын ағымдағы айдың жиырма бесінші күніне дейін жасайды, осыған сәйкес республикалық бюджет ақшасын осыларға жұмсауға белгіленген тәртіппен рұқсат ашылады. Өтінім үкіметтік қарыздарды, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдерді өтеу және оларға қызмет көрсетудің нақтыланған мерзіміне және көлеміне негізделе отырып жасалады және төлем түрін, валютасын және төлемді алушыларды

көрсете отырып, әр қарыз және үкіметтік қарыздарды хеджирлеу мәмілесі бойынша төлем болжамдарын қамтиды.

Ескерту. 424-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1283 қ а у л ы с ы м е н .

426. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджет түсімдері мен қаржыландыру жиынтық жоспарының тиісті айында үкіметтік қарыздарды өтеу мен қызмет көрсету бойынша, сондай-ақ үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша алдағы төлемдер көлемінің сәйкестігін жүргізеді және көлем бекітілген жоспарға сәйкес болмаған жағдайда республикалық бюджет түсімдері мен қаржыландыруының жиынтық жоспарына тиісті өзгерістер енгізіледі.

Ескерту. 426-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1283 қ а у л ы с ы м е н .

427. Белгіленген мерзімде және қажетті көлемде үкіметтік қарыздарды өтеу мен қызмет көрсету бойынша, сондай-ақ үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша даярлықты қамтамасыз ету және төлемді жүзеге асыру мақсатында бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган кредит берушілерден, контрагенттерден төлемге шоттардың, төлем тізімдерінің және төлем жасау үшін басқа да қажетті құжаттардың уақытылы түсуін ұйымдастыру бойынша жұмыстарды жүргізеді.

Ескерту. 427-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1283 қ а у л ы с ы м е н .

428. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган кредит беруші, контрагенттер ұсынған шоттар мен төлем тізімдеріндегі көрсетілген күннің, соманың, түрдің, төлем валютасының, қарыз шартының, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелердің талаптарымен төлемдерді алушылардың, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру нәтижелерінің сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Ескерту. 428-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1283 қ а у л ы с ы м е н .

429. Төлемге ұсынылған шоттар мен төлем тізімдеріндегі көрсетілген күннің, соманың, түрдің, төлем валютасының, қарыз шартының, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелердің талаптарымен төлемдерді алушылардың, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру нәтижелерінің сәйкессіздігі анықталған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органы кредит берушілермен, контрагенттермен бірлесе әрекет ете отырып, кредит берушілердің төлемге ұсынылған шоттары мен төлем тізімдерін нақтылау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады.

Ескерту. 429-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1283

қ а у л ы с ы м е н .

430. Қарыз шартында және үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелерде, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру шарттарында анықталған үкіметтік қарыздарды өтеу мен қызмет көрсету бойынша, сондай-ақ үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша төлемдер мерзімінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ресімдейді және үкіметтік қарыздың үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәміленің бірегейлеу нөмірі, бенефициары, төлем деректемелері, түрі, сомасы, валютасы, қарыз шартының, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелердің талаптарына сәйкес төлем күні, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру нәтижелері көрсетілген төлем құжаттарын ҚР ҰБ береді .

Ескерту. 430-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1283

қ а у л ы с ы м е н .

431. Ұсынылған төлем құжаттарының негізінде ҚР ҰБ бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның банктік шотынан кредит берушінің, сондай-ақ контрагенттердің банктік шотына қажет етілетін көлемде және валютада ақша аударады және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органына төлем жасалған фактісі туралы жазбаша хабарламаны ұсынады.

Ескерту. 431-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1283

қ а у л ы с ы м е н .

432. Үкіметтік қарыздарды өтеу мен қызмет көрсету, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша операцияларды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте теңгемен көрсетеді. Бұл ретте, үкіметтік қарыздар өтеу мен қызмет көрсетуді шетелдік валютада жүзеге асырылған жағдайда осы операцияны жүзеге асыру үшін қажетті валютаны сатып алу күні Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен анықталған валюталардың нарықтық айырбас бағамы бойынша теңгемен жүргізіледі.

Ескерту. 432-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1283

қ а у л ы с ы м е н .

433. Жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын өтеу мен қызмет көрсету тиісті жылға арналып жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

434. Белгіленген мерзімде және қажетті көлемде жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын өтеу мен қызмет көрсету бойынша даярлықты камтамасыз ету және төлемдерді жүзеге асыру мақсатында жергілікті атқарушы органдар кредит берушілерден төлемге шоттардың, төлем тізімдерінің және төлемдерді жүргізу үшін қажетті басқа да құжаттардың уақытылы түсуін

ұйымдастыру бойынша жұмыстарды жүргізеді.

435. Жергілікті атқарушы органдар ұсынылған шоттар мен төлем тізімдеріндегі көрсетілген күннің, соманың, түрдің, төлем валютасының, қарыз шартының талаптарымен төлемдерді алушылардың сәйкестігіне бақылауды жүзеге асырады.

436. Ұсынылған шоттар мен төлем тізімдеріндегі көрсетілген күннің, соманың, түрдің, төлем валютасының, қарыз шартының талаптарымен төлемдерді алушылардың сәйкессіздігі ашылған жағдайда жергілікті атқарушы орган кредит берушімен өзара іс-қимыл жасай отырып ұсынылған шоттар мен төлем тізімдерін нақтылау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

437. Қарыз шартында анықталған төлем мерзімінде жергілікті атқарушы органдар кредит берушінің шотына қажет етілетін көлемде ақша аударуды қамтамасыз етеді.

438. Бұл операцияны жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджеттердің кассалық атқарылуында теңгемен көрсетеді. Бұл ретте, үкіметтік қарыздарды өтеу мен қызмет көрсетуді шетелдік валютада жүзеге асырылған жағдайда осы операцияны жүзеге асыру үшін қажетті валютаны сатып алу күні Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен анықталған валюталардың нарықтық айырбас бағамы бойынша теңгемен жүргізіледі.

439. Жергілікті атқарушы органдар жергілікті атқарушы органдар борышының мониторингін жүзеге асыру шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың қарыздарын өтеу мен қызмет көрсету бойынша жасалған есебін жүргізеді.

440. Республикалық бюджеттен, оның ішінде мерзімнен тыс мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу мен қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы бар болған жағдайда жүзеге асырылады.

